



№1
2024

Вестник БОБЕК

МЕЖДУНАРОДНЫЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



OJS
OPEN
JOURNAL
SYSTEMS

[bobek_organization](https://www.instagram.com/bobek_organization)
t.me/bobek_science

+7 776 181 86 88
+7 701 475 16 38

Астана, Казахстан
conferences2019.kz@gmail.com



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ
ИНСТИТУТ «БОБЕК»

ISSN 2664-2271



НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА

eLIBRARY.RU

РИНЦ



«ВЕСТНИК БОБЕК»

№1(1). 2024

СЕРИЯ «ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Е. Абиев, PhD (Казахстан)

Ж.Малибек, профессор (Казахстан)

Ж.Н.Калиев к.п.н. (Казахстан)

Лю Дэмин (Китай),

Е.Л. Стычева, Т.Г. Борисов (Россия)

Чембарисов Э.И. д.г.н., профессор (Узбекистан)

Салимова Б.Д. к.т.н., доцент (Узбекистан)

Худайкулов Р.М. PhD, доцент (Узбекистан)

Заместители главного редактора: Е. Ешим (Казахстан)

Международный научный журнал «ВЕСТНИК БОБЕК» ЛИЦЕНЗИРОВАН И ЗАРЕГИСТРИРОВАН В КОМИТЕТЕ ИНФОРМАЦИИ И, МИНИСТЕРСТВА ИНФОРМАЦИИ И ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, регистрационный номер СВИДЕТЕЛЬСТВА: KZ94VPY00075161 от.15.08.2023 г.



INTERNATIONAL RESEARCH INSTITUTE «BOBEK»

ISSN 2664-2271



BOBEK



НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА

eLIBRARY.RU

РИНЦ



«BULLETIN OF BOBEK»

No.1(1). 2024

SERIES "PHILOLOGICAL SCIENCES"

CHIEF EDITOR:

E. Abiev, PhD (Kazakhstan)

J. Malibek, professor (Kazakhstan)

Zh.N. Kaliev, candidate of pedagogical sciences (Kazakhstan)

Liu Deming (China),

E.L. Stycheva, T.G. Borisov (Russia)

Chembarisov E.I. Doctor of Geographical Sciences, Professor (Uzbekistan)

Salimova B.D. Ph.D., associate professor (Uzbekistan)

Khudaykulov R.M. PhD, associate professor (Uzbekistan)

Deputy chief editors: Y. Yeshim (Kazakhstan)

The international scientific journal "BOBEK NEWSLETTER" is LICENSED AND REGISTERED WITH THE INFORMATION COMMITTEE, MINISTRY OF INFORMATION AND SOCIAL DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, CERTIFICATE registration number: KZ94VPY00075161 dated 08/15/2023.

ASTANA – 2024

Consolidation of legal entities in the form of an
association «National Movement «Bobek», 2024



ӘОЖ 821.512.122.09

МАҒЖАН ЖҰМАБАЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЛАШ ҮНІ

Жолжаксынова А.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің
«Оралхан Бөкей атындағы қазақ орта мектебі» КММ
Өскемен, Қазақстан

***Аннотация:** Мақалада Мағжан Жұмабайұлы поэзиясындағы Алаш тақырыбы арнайы сөз болады. Ақынның Алаш тақырыбына арналған өлеңдеріне талдау жасалып, қазақ поэзиясына әкелген жаңалығы өзіндік өрнегі айтылады. Мағжанның қазақ халқының тағдырын жырлаған өлеңдері арқылы, азаматтық әуен, ұлттық идея мәселесіне баса назар аударылады.*

***Тірек сөздер:** ақын, поэзия, өлең, Алаш үні, ұлттық идея, азаматтық үн.*

XX ғасырдың басында жарық етіп әлемге танылған бір топ шоқ жұлдыздың ішінде бағыт сілтеуші темірқазық жұлдызындай жарқырап көзге түскен аяулы алаш азаматтарының бірі – Мағжан Жұмабайұлы.

Ақынның арманы қазақ халқы ғана емес күллі түркі елі бір шаңырақ астында төрт қабырғасы тең азат ел болу еді. Елін сүйген кемеңгер ақын халқына арнап сансыз отты жырлар жазды. Ақынның поэзиясы бүгінгі таңда баға жетпес асыл мұраға айналды. Мағжанның алғашқа қадамдарынан-ақ ақтық демі біткенге дейін ұлт азаттағын үзбей толғап алаш үнін поэзия жырларына арқау етті. Ол:

Қалың елім, қалың қара ағашым,

Қайраты мол айбынды ер алашым,-

деп асқақтата жырлады.

Жүсіпбек Аймауытовтың берген бағасы бойынша «Мағжан сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен, күшті, маржандай тізілген торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен шерлі мұң- зарымен күшті. Ақын азат өмірге өзі жете алмаса да, артындағы жас ұрпаққа «Бұл жарық дүниеден мен көшсем де артымда сендер барсыңдар, алдағы жарқын болашақтан үміт үзбедер, жігерлерінді мұқалтпаңдар, жауыздар әлі-ақ бас иеді, тек сыр берме сабыр қыл», - деп жастарды сабырлыққа шақырып, бүкіл алаш азаматының бойына тас шапса да мұқалмайтын алмас семсердің жүзіндей өткір, оттай жалынды жігер берді және ақын еркіндікке өзі жетпесе де болашақ ұрпағының жететініне сенді. Ол жастарға арнап жыр жазды.

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,

Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін.

Мен сенемін жастарға

Алаш атын аспанға,

Шығарар олар бір күні,

Мен жастарға сенемін,- [1].

деп ұран көтеріп рухын жебеді.

Шерлі ақын сонау кері кеткен кер заманда тоз-тозы шыққан алаш елін, қорсылдаған доңыздардың мекеніне айналған қасиетті Сарыарқасын шерге толы мұңды, зарлы жырына қосты.

Содан бері бірталай заман өтті,

Алаш улай- улай жаман өтті,

Тұлпар – тулақ, ер – аруақ боп,

Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.

Жолбарыстар жортатын сар далада ,



Қорсылдаған доңыздар мекен етті, - [1].

дейді. Бүгінгі күнді болжап кеткен ақынның сұңғылалығына тәнті бола отырып, нағыз сын сағатта елімізді тәуелсіздікке бастаған жол басшының да болғаны, жол сілтер кітабынан да кенде қалмағанымызға мың да бір шүкіршілік етеміз.

Шынайы поэзия туындысының қадір-қасиеті уақыт өткен сайын бедерлене түсті. Тарихи тұлға Мағжан туған халқы мен адамзат өркениеті алдында сіңірген еңбегі де солай ғасырдан ғасырға озған сайын бедерлене түсті.

Ал тағдырдың ең бір қиын бұралаңдарында халқының бойына қуат берген, жігерін жанымен болған Мағжан поэзиясы келер ғасырлардағы толқын-толқын талай ұрпаққа ата-бабаларының мұң мен шерін, арман мен рухын ұмыттырмай құлағына құюмен болары анық. Қазақ поэзиясы аспанында Мағжан жұлдызы қайта жарқырады. Елжіреген ел-жұрты сағындырған сұлу жырды қайта кеудесіне басты. Ақынның алаш үні асқақтаған киелі поэзиясын жас ұрпақ мәңгі көк аспанда қалықтатпақ.

Мағжан ұлтын шын жүрегімен сүйе білген ұлтжанды ұлы ақын.

Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін,
Сол елімді сүйемін...

Мағжан тек қазақ халқының ғана емес бүкіл түркі халқын жырлаған. Қазір қырықтан аса халық болып қалыптасқан барлық түркі жұртының әр баласы үшін жер берінде ыстық да қасиетті екі мекен бар оның бірі – Алтай, екіншісі – Түркістан дейді.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түткістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің тәңірі берген несібі ғой, - дейді.

Бұл тек тұжырым емес барша түркі баласының санасына орныққан түсінік. Ұлт тағдыры мен ұлыс бірлігін он ойланып жүз толғанған қазақ ақыны бірте-бірте әлемдік ойшылдар қатарына көтеріліп, жалпы адамзаттық проблемаға өзінше үн қатты. Кешегі кеңестік құқықтық саясат ұзақ уақыт бойы сонау кеменгер ақынның есімін де айтқызбай, халық жадынан ұмыттыруға тырысып бақса да, Мағжанның отты жырлары қара түнекті жарып шықты.

Мағжан Жұмабайұлының азаматтық лирикасының күшті қуаты,

Қазақ даласын тәуелсіздікке, бостандыққа шақырған Алаш рухы желдей есіп тұр. Шын ақын өз дәуірінің, өз замандасының сырына үңілмей тұра алмайды. Содан тапқаны мен көргенін айтады, сол негізде халық өмірі, оны толғантқан мәселелер жайлы ойланады, соның бәрін оқушысымен бөліседі. «Поэзиядағы азаматтық әуен ақынның азаматтық кейпінен туады. Өз заманының алдыңғы қатарлы идеясымен қаруланған, әрқашан жаңалық пен жақсылықтың жаршысы, мұраты бар ақын - өз елінің азаматы да. Ендеше, оның бойындағы ақындық пафос пен рух та, оның адамзатпен, уақытпен сырласуы да, өзімен-өзі кеңесетін шақтары да қоғам, ел мүддесімен, адамзаттың көкейкесті арманымен ұштасып жатады. Жақсылыққа жаны құмар, күрескер ақын жүрек түбінде өзін толғантқан сырын өзіне айтады, өзгеге айтады» [2, 40 б.].

«Адамның денесі қандай өсіп, жетілетін болса, сезім де, пікір де сондай бірте-бірте жетіліп өркендемек; адам туа ұлтшыл, туа адамшыл бола бермейді, ұлттық сезім де сол сияқты әуелі үй ішінде, одан қала берсе туған ауыл, туған жерден бастап, жоғары өрлейді. Туған ауылын, жерін сүймеген адам ұлтшыл да бола алмайды. Мағжанның ұлт сезімі де жақыннан алысқа қарай тереңдейді. Мағжанның алғашқы кезде ұлтшылдығы нағыз жүректен қайнап шықпай кездегі ұлтшыл азаматтарға еліктеп, соларға ұқсаған», - дейді Ж.Аймауытов [3, 271 б.].

Мағжан Жұмабайұлы – қазақтың ұлттық ақыны. Мағжанды көп жылдар бойы сары уайымның ақыны деп кінәлап келді. Бірақ алғашқы баспа жүзін көрген өлеңінің өзінен-ақ ұлтым деп аһ ұрып, соңғы тынысына дейін ұлтым деп көз жұмғанын елеп ескермеді. Оның жан айқайын ешкім жете түсінуге тырыспады. Мағжанды байшыл, буржуазияшыл ұлтшыл деді.



Бірақ бай мен кедейдің, бүкіл ұлттың жоғын жоқтап, мұңын мұңдағандығын бүгіп калды, жасырды.

Мағжан қазақтың көне тарихын еске алғанда оның артта қалушылығы емес, елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолындағы өшпес ерліктерін, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған кездегі береке-бірлігін, айбынын жырлады. Әйтпесе, ол әр ұлт таптардан, таптар ұлттардан тұратындығын білмеді емес, білді. Білмесе, Қазақстанның сол кездегі әлеуметтік қабаттарын түгендеп, оларды саусақпен санағандай етіп жіктеп «Тоқсаннан сонау он аулақ, Сонау оннан мен аулақ, Мен тоқсанмен біргемін» деп, жемеземге келгенде еңбекшілер бұқарасы жағында екендігін жырға қосып, «Тоқсанның тобы» (1927) поэмасын жазар ма еді? Мағжанның тілегі - ұлт қамы бірінші кезекке қойылуы керек.

Мағжанның «ұлттым» деп күніренуінің саяси-экономикалық астары болды. Қоғамға қарап ширықты. Мысалы, төңкеріске дейін алты миллион саналатын қазақ 1927 жылы 4 миллионға азайды. Сырттан қоныс аударушыларды тоғытып, қазақтарды жер, суынан айырушылық саясаты тыйылмақ тұрсын, жәдігөйлікпен өршітіле түсті. «Қазағым», «алашым» деген сөздерді өлеңдеріне барлық қазақ ақындарынан әлдеқайда мол қолданған Мағжан болды. Халқының басына түскен зобалаңды көреген ақын әу бастан-ақ сезінгендей. Сол себепті де ұлттық ақынымыз «Қызыл жалау» өлеңінде (1924) бұл жалауды езілген еңбекші бұқараныкі демейді:

- «Өртенген жалау кімдікі?»
- «Кім өртенген, гүлдемей,
Кім таланған, кім кедей,
Өртенген жалау соныкі, -
Ендеше, қазақ, сенікі!» - дейді.

Яғни Мағжан ұғымында бұл жолғы кедей-халықтың бір бөлігі емес, тепкі, көруші тұтас ел - бүкіл қазақ.

Алаш еліне деген сүйіспеншілігін танытуда ақын санасындағы түрлі сезім арпалысқа түскені байқалады, жүрегін ыстық ықыласқа да, ащы айқайға да толтырады. «Ұйқы басқан қабағын» деген жолда немесе «жалқаулықты жар көрген» деген жолдарда ақын суреттеп отырған елді сынап алса, «жүрген ескі заңымен» деп берген жолда өзіндік философиясы бар ұлы халықтың салт-дәстүрінен, шаруашылығынан хабардар етеді. Алаш елі «алдындағы малымен өз тіршілігін бірлікте көріп, «бірге жусап, бірге өреді». Сонда да ақын үшін басқа өркениеттен де өз елі сүйкімді. Ақынның адал жарын сипаттауы да ұлттық суретпен берілген. Ондағы әйел - қарапайым жан. Оны ақын «жабайы ғана жарым» бар деп нәзік сыр төгеді. «Жабайы» сөзін жеке алсақ, тәрбиесіз деген ұғыммен, орыс тілінде «дикий», «варвар» деген ұғымдарымен эквивалент болуы керек. Мағжан өлеңіндегі «жабайы» эпитеті табиғатпен етене, өркениетті елдердің әйелдеріне тән алдау-арбау, сиқырлық жат көрінетін қазақ әйеліне таңылады. Сонда да болса, «жар» сөзінен-ақ оның сұлулығын, адалдығын, сән-салтанатын көз алдыңызға елестете аласыз, себебі «жар» сөзі көбіне-көп осындай асқақ эпитеттермен ертеден-ақ қатар қолданылып келеді. Қазақ әйелінің осы қасиеттерінің бәрі басқа өркениет үшін жабайылық болса да Мағжан үшін сүйікті. Халқын мейлінше сүйген Мағжан, елінің осындай қасиеттерін ұлттық реңк, бояуымен сүйкімді етіп жырлап берді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. - Алматы: Жазушы, 1989. - 448 бет.
2. Байысова Л. Жұмабаев - поэзияның хас шебері //Қазақ тілі мен әдебиеті, 2001. - №4 - 40 бет.
3. Аймауытов. Ж. Мағжанның ақындығы туралы / Ж.Аймауытов // М.Жұмабаев. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. - 448 бет.



THE USE OF THEATRICAL TECHNOLOGY IN THE PROCESS OF LEARNING A FOREIGN LANGUAGE

**Baimagambetova Manat Sashievna,
Nurzhanova Zhadyra Zhanabergenovna**

English teachers

School after Abay with specialized classes for gifted children with training in three languages
Kyzylorda, Kazakhstan

Abstract: *In the article, the authors try to reveal the positive aspects of the introduction of theatrical technologies into educational activities in English lessons.*

Keywords: *theatre technologies, foreign language lessons, the learning process.*

Each teacher has an idea of how important the path of the spiritual ascent of the child is, how difficult his sense of beauty develops, and creative potential is liberated. The modern world has put forward urgent requirements for education: the education of people with a new type of thinking, initiative, creative, intellectually developed, competent. The focus of all modern schools, and, therefore, all teachers, is personality and respect for it. The teachers are tasked with helping its development. It follows from the above that the teacher should make each lesson interesting, since without interest in the subject, even a methodically correctly constructed lesson outlining the material at the highest scientific level, using the necessary examples from practical life, unfortunately, will not give the desired result: "All our plans, all the search for construction turn into dust if the student has no desire to learn," wrote V. A. Sukhomlinsky, an outstanding teacher of the 20th century. But many scientists and outstanding teachers see one way to solve this problem in the use of theatrics - such a learning technology, the use of which significantly reorganizes the structure of the lesson, the form of cognitive activity of students, reveals their creative abilities and realizes the effectiveness of the educational process. Hence the topic of our research: "The use of theatrical technology in the process of learning a foreign language."

Theatrical technology in foreign language lessons contributes to the integration of various types and forms of creative activity of students, increasing the level of assimilation of educational material, improving the ability to express reading, holistic characterization of the image, object, phenomenon - in the totality of verbal and non-verbal components there of, enriching the speech culture of the individual.

This requires the improvement of theatrical techniques used in the educational process of a modern educational institution, which involves the teacher's knowledge of theatre pedagogy and the ability to objectively evaluate his work. School theater technology is considered as an artistic and aesthetic creativity and a form of educational activity in his theory, history and practice. Therefore, it is very important for a foreign language teacher to know well and be able to creatively apply the leading principles and laws of theatrical technology in his activities, taking into account the specifics of the language being studied. Thanks to theatrical technologies, new ways and methods of teaching a foreign language are being opened up to teachers. The methods of theatrical pedagogy with their impact on the emotional-sensual sphere of the child give a high result in the field of development of communication among students, adaptation to the educational process, help in the formation of adequate self-esteem.

It is worth noting that theatrical technologies provide an opportunity to make the lesson effective, effective, and the communication between the teacher and the student alive, therefore, the speech of students will become more natural, and communication will be more free. After all, a foreign language is, first of all, a means of communication, and theatrical technologies will allow the student to cope with his linguistic and psychological barriers, will point the way to a free independent position of his inner self.



It is important to pay attention to the age of students and, based on this, build a lesson plan using theatrical technologies. For example, lessons using finger puppets are very popular among elementary school students. It is important that the organization of a puppet theater does not require much effort: complex costumes, decorations. This method can be successfully applied in any English lesson up to the semanticization of new grammatical material, the assimilation of which will be much easier.

Grammatical fairy tales help to consolidate lexical and grammatical skills, avoiding monotony when repeating them. The children's delight caused by the appearance of finger puppets speaking in different voices, but in English, is guaranteed unequivocally. After semanticizing vocabulary using finger puppets to form and further develop the skills of monologue and dialogic speech, you can build mini-dialogues or short monologues in order to show them using the same dolls, so that in the future the child himself can repeat this work in pairs, threes, or individually.

Naturally, older children will not be interested in this method, but there are many entertaining theatrical technologies for them: quizzes about films, staging scenes, projects on the topic "My favorite literary hero or actor", etc. There are a huge number of options, but each class has its own interests, which also play an important role and they also need to be taken into account, as well as the age of the students. Children are very close to the art of theater.

The ability to imagine oneself as someone else, to play with transformed things, and finally, to repeat in games what you have seen in the cinema, in the theater or read in books is a property of any child. But in the process of growing up, the ability to create fades. Unfortunately, when teaching children, teachers rely on the child's memory, forcing him to think standardly, mechanically, extinguishing interest in the subject itself. It is worth noting that interest in the subject affects the learning process, so it is important that English lessons have a motivational character. There are many ways to motivate a child to learn a foreign language. For example, watching movies and cartoons in English, reading books, various games, creative tasks, as well as theatrical productions. In my opinion, the latter may be the most interesting for a child. Of course, an important quality of such activity is the creative development of students, but in addition to this, a number of other positive qualities can be identified for learning English.

Activation of new vocabulary is more effective, diction, speech, intonation, voice become more accurate and distinct. Moreover, theatrical productions develop speech. Children learn to build correct phrases, older children gain confidence and eloquence, get rid of parasitic words.

Based on the above, we understand that theater technologies perform a number of important tasks. For example, the use of various games helps the teacher to get closer to the class, relieve tension in the classroom. The introduction of creative tasks makes the lesson more entertaining. Assignments for teamwork or group work creates a creative, friendly atmosphere, and also helps the class become more cohesive in the classroom.

It is worth paying attention to the fact that memorizing poems, songs and creating miniature scenes all perform one of the most difficult tasks when learning a foreign language. And if the teacher is faced with the task of improving his knowledge of phonetics, vocabulary and grammar, then the use of theatrical technologies during the lesson can become the strongest incentive in studying.

REFERENCES:

1. Бетретдинова А. В. Повышение интереса учащихся на уроках литературы приёмами театральной педагогики [Электрон. ресурс] //: <http://journal.sakhgu.ru/archive2.ru>
2. Гузеев В. В. Лекции по педагогической технологии / В. В. Гузеев. — М.: Знание, 2002.
3. Ершов П. М., Ершова А. П., Букатов В. М. Общение на уроке, или Режиссура поведения учителя. — Изд. 2-е, перераб. и доп. — М.: Московский психолого-социальный институт, Флинта, 1998.
4. Зайцева Г. Г. Драматизация и инсценирование как виды организации внеклассной работы по иностранному языку. [Электронный ресурс] //: [http:// festival.1september.ru](http://festival.1september.ru)
5. Зинченко В. П. Современные проблемы образования и воспитания / В. П. Зинченко // Вопросы философии.



УДК 81

ABBREVIATION AS PHENOMENON OF INTERNET INTERCULTURAL COMMUNICATION**Rsalieva Anar Makhsutovna**

Master of philology

English teacher

School-lyceum № 264

Kyzylorda, Kazakhstan

Abstract. *The article is devoted to the problems of abbreviation in the process of Internet intercultural communication. The usage of abbreviations and ways of their translation are analyzed.*

Keywords: *abbreviation, intercultural communication, virtual communication, linguistic phenomenon, acronym, computer communications;*

The history of human development is the history of the accumulation and transfer of knowledge and information. Changing man's ideas about the world, his relationship with the surrounding nature are reflected not only in artifacts, but also in language as the most important component of human activity. Undoubtedly, telecommunications technology and the Internet most significantly influence the language and culture in the modern world. It should be noted that in the electronic environment, intercultural communication is more symbolic in nature, since the process of exchanging messages (symbols) occurs in the form of words, actions and some objects (graphics, photos, tables, etc.), which are interpreted in one way or another by people, including those belonging to different language cultures.

In the process of virtual Internet communication, many cultures come into contact. For the convenience of communication and the adequacy of perception, elements of written culture (emojis, acronyms, abbreviations) are distributed, in the texts of electronic publications, in the style design of the user interface of websites. The rapid pace of life, the increase in the scale of intercultural Internet communication have led to the fact that abbreviation has become a mass phenomenon in many languages. Despite the fact that there are quite numerous studies on the problems of abbreviation in modern languages, abbreviated lexical units remain in many respects a mystery linguistically, since in relation to them one has to consider such fundamental problems as the problem of the structure of a word and its meaning, the problem of morpheme, etc. This complexity explains the contradictory opinions, and sometimes the contradictory approach to the problem of abbreviation. The translation of abbreviations and abbreviations has always been an urgent topic for study, but recently it has received special attention.

Abbreviation as a linguistic phenomenon is found in various styles of speech, found in texts of a diverse nature: advertisements, newspaper articles, instructions, scientific and journalistic works. The modern business world of the Internet and intercultural communication is distinguished by the use of English-language abbreviations, which requires a correct interpretation of the abbreviations of modern English.

According to the definition of Yu.G. Kocheryan, an abbreviation is a unit of written or spoken language created from individual elements of the graphic or sound shell of the original full form (word or phrase) with which this unit is in a certain lexico-semantic relationship [6].

O.D. Meshkov proceeds from the meaning of the term itself: "Under the general name" abbreviation "there are numerous and different processes and results, the common for which is that the word is somehow reduced, becomes shorter compared to its prototypes" [7].

In many studies of abbreviation processes, abbreviation is defined as a specific means of word formation, which serves to create structural-semantic and stylistic variants of words. Despite



the fact that the abbreviation is not always mentioned in a number of productive methods of word formation of even European languages, at the same time, the very fact of its presence and distribution in the language is not denied. In the process of reduction, full communicative units are formed with all the qualities of words. A new entity is a new form, even if, from a historical point of view, it can or should be seen as a contraction. "Abbreviation is a complex, multifaceted phenomenon with its roots in the deep past. But, first of all, abbreviation is a way to create nominations for those concepts and realities that were originally descriptively indicated using attributive phrases "[1. С. 204].

In general, the process of formation of abbreviations (abbreviation) can be defined as the replacement of any stable language expression (word, phrase) in oral or written speech with a shorter expression based on the material of the first expression and while maintaining the general semantic content. The essence of the abbreviation process is to rationalize the use for communicative purposes of material elements of the language, that is, its sound and graphic shell.

Abbreviations occupy a significant place in scientific, professional texts, as well as in the process of virtual communication in the Internet environment. Since they function independently, are recorded in lexicographic sources, they can be considered lexical units. In English, abbreviations for sound and graphic design are usually divided into abbreviations and acronyms.

Abbreviations are formed from the initial letters of significant words of the phrase: AA - antenna array, ROM - read only memory.

Acronyms are abbreviations that, unlike abbreviations (read, pronounced and perceived by the names of letters), are read and perceived as ordinary lexical units. Note that the translation correspondences of these units in Russian are precisely these acronyms, and not the verbose terms: radar - radio detection and ranging.

Acronyms include termination by tightening or truncating two words and combining them into one. According to the complex word model, new complex terms arise from two words by connecting the initial part of one word with the last part of the second word: transceiver (transmitter + receiver); informatics (information + electronics) - computer science. The abbreviated use of terms is the result of the action of a trend leading to the creation of terms that are convenient for pronunciation, reading and perception.

The development of mass intercultural virtual communication has led to numerous abbreviations and acronyms. But at the same time, verbal communication based on information technology raised a number of questions for linguists.

Virtual communication is a way of communication in which contact between people is mediated by a computer, and all interactions are carried out in the space of virtual reality. The development of information technology has contributed to the creation of new ways of storing, searching and presenting information, as well as the emergence of a new cultural and language environment, a new linguistic reality. In an era of rapid growth in the scale of intercultural interaction in the process of virtual communication on the Internet, the topic of interpenetration and mutual understanding of cultures becomes relevant, in which the problems of cultural identity, openness, dialogue occupy an increasing place.

The basis of intercultural communication is the concept of M.M. Bakhtin, according to which dialogue is not only a speech genre, it is a characteristic of human thinking and consciousness. Intercultural communication stands out as multidimensional communication, as a dialogue of cultures, the content of which traces the interaction of a language that reflects the culture of the people and acts as a certain form of cultural behavior, culture and personality, the mental disposition of which was formed in the course of practical activity [2].

For the process of intercultural communication on the Internet, it is essential to understand the information environment, functioning not only as a conduit for information, but also as an environment for dialogue of "meanings," values, cultures. In computer virtual reality, a person does not lose his dialog. Millions of people participate in the creation of a virtual Internet network



today, networks become channels of dialogue, channels for the migration of cultural meanings, channels of influence on the process of self-identification of a cultural subject.

Computer communications allow a person to see culture in the unity of diversity and perceive all the best in transnational, national and ethnic cultures.

In general, the following main features of virtual communication can be distinguished:

- electronic nature of the carrier signal;
- virtuality of communication;
- distance, that is, separation in space and time;
- mediation;
- anonymity;
- status equality of participants;
- possibility of conditional transfer of emotions, logical and semantic focus;
- specific computer ethics;
- presence of distinctive features characteristic of each genre of computer communication;

English abbreviations are mobile and found in all genres of the Internet situation. By encoding the data, the amount of information transmitted is increased. The largest number of abbreviations are found in chats and forums. Analyzing the use of abbreviations in different genres of computer discourse, we came to the conclusion that in electronic correspondence of a business nature there are a limited number of abbreviations, usually traditional for business correspondence (PS, NB, Enc.), However, modern abbreviations are also used. The forums use abbreviations of the professional context (St. - student, PC). Chats are replete with abbreviations, and this is not surprising, since the main thing is the speed of response. New abbreviations appear every minute, the most characteristic are abbreviations for the first letters, as well as combined abbreviations and acronyms.

Analysis of texts of modern letters, chats, forums, personal web pages revealed the most common abbreviations, which are mainly abbreviations for the first letters of words, for example AFAIK - as far as I know, ASAP - as soon as possible, HAND - have a nice day [8].

Abbreviations may also include non-character symbols, in particular numeric symbols. Numeric characters can replace the full word in the abbreviation: 1LT - first lieutenant, F2F - Frequency - Double Frequency.

The numerals 2 (two) and 4 (four) can replace the prepositions to and for consonant with them in abbreviations. In this case, the numbers act as a special kind of phonogram, denoting prepositions by their sound and having nothing to do with them in meaning:

B2B – Business to Business; H8 – hate;

IB4J – Instant BASIC for Java.

But numbers can also be assigned a completely special role of "metacharacter" when they do not replace any word in the abbreviated phrase, but indicate the number of consecutive one-letter abbreviations, that is, they describe the structure of the abbreviation itself: in the abbreviation D2B (Domestic Digital Bus) D2 replaces the DD group.

Abbreviations based on the sound similarity of letters, numbers and words are also very often used, for example CU - see you, B4 - before, Gr8 - great, etc.

1. First letter abbreviations:

BFN – bye for now

BTW – by the way

CMIW – correct me if I'm wrong

FAQ – frequently asked questions

FITB – fill in the blank

GAL – get a life

GG – good game

IAE – in any event



IMHO – in my humble opinion

NRN – no reply necessary

PCM – please call me

WRT – with respect to

WYSIWYG – what you see is what you get.

2. Combined abbreviations (using numbers, based on phonetic similarity, omission of vowel letters, etc.):

2day – today

2moro – tomorrow

CUL8R – see you later

English4U – English for you

SOME1 – someone

Fwd – forward

Luv – love

Mob – mobile

Msg – message

PLS – please

PPL – people

R – are

Sup – What's up?

Thx – thanks

X – kiss.

3. Abbreviations using characters:

B/C – because

@ – at

GD&R – grinning, ducking and running

?4U – question for you

? – Huh?

M/F? – male or female?

Abbreviation has become a massive phenomenon in many languages and one of the ways to replenish the vocabulary. The main reason for the increase in the growth of abbreviations in the language is the fast pace of life, the need for a large amount of information, the development of Internet communication.

REFERENCES:

1. Алексеев Д.И. Аббревиатуры как новый тип слов // Развитие словообразования современного русского языка. 3-е изд. М., 1977.
2. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. М.: Искусство, 1998. 423 с.
3. Кочарян Ю.А. Аббревиация как лингвистический феномен (на примере английской военной лексики) // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 19: Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2007. № 3.
4. Мешков О.Д. Словообразование современного английского языка. М.: Наука, 1976.
5. Новикова Л.А. Интернет в межкультурном общении / ОмГПУ. Омск, 2006.
6. Новикова Л.А. О некоторых лингвокультурологических особенностях межкультурной интернет-коммуникации // Вестн. Омск. юрид. ин-та. 2011. № 2. С. 88-91.

**БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР****Сарбасов Болатхан Серғазыұлы**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа: Күн өткен сайын ғасырлар қойнауында шаң басқан рухани, мәдени мұраларымыздан қанишалықты алыстасақ та, халқымыздың сол асыл қазыналарын жан-жақты тексеріп, ғылыми талдау жасау, зерттеу жүргізу ісі бір сәтке толастаған емес. Әсіресе, соңғы жылдары қазақ фольклортану ғылымында да уақыт талабынан шешімін күткен күрделі мәселелер алға қойылуда. Адамзат дамуының қай кезеңі болмасын, мәдениет атаулы өзіндік өрнегімен, қайталанбас төлтумалығымен ерекшеленеді.

Кілт сөздер: Жар іздеу мотиві, гажайып туу мотиві, түс көру мотиві, ел қорғау мотиві, анимистік наным-сенімдер.

Фольклортану ғылымында фольклорлық мотивтерге біраз зерттеулер жүргізілді, біз батырлық жырлардағы мотивтердің ерекшеліктері мен маңызы туралы арнайы тоқталғанды жөн көрдік.

Батырлық жыры деп аты атағандай-ақ, ең негізгі, басты көрініс бұл – ерлік, батырлық. Яғни, батырдың елін, жерін, халқын, отбасын, қалындығын жаудан, дұшпаннан, кара ниеттілерден қорғауы. Және көптеген жырлардағы осынау көріністер ұқсас сарында кездеседі. Яғни, белгілі бір эпостағы сюжет, келесі бір эпоста көрініс береді. Мұндай қайталануды не ұқсастықты әдебиетте «мотив» деп атаймыз.

Халық ауыз әдебиетінде соның ішінде эпостық жырларда кездесетін мотив түрлері – «Қаһарманның дүниеге келу мотиві», «Отанын қорғау мотиві», «Жар іздеу мотиві», «Түс көру мотиві». Фольклортанушы – ғалым С.Қасқабасов қазақ халқының прозалық жанрындағы «ғайыптан туу мотиві» туралы жан-жақты талдаулар жасаған.

«Дүниеге келу мотиві». Батырлар ерекше жағдайда дүниеге келіп, елден ерекше болып өсуін, «қаһармандардың дүниеге келу мотиві» деп атауға болады. Бұл жырдағы кейіпкерді әсірелеп, әспеттеу үшін қолданылатын көркемдік тәсіл екені белгілі. Нақтырақ, осы мотив түріне тоқталар болсақ, «Едіге» жырында: «...Баба Омар деген әулие бір қызға көзі тиіп, сол қыз буаз болып, ұғыл табады...» - делінген [1, 1]. Ал, осы жырдың тағы бір нұсқасында: Қартайғанша бір перзент сүймеген бай, бір күні әулие-әмбиелерден медет сұрап ұйықтап қалса, түс көреді. Түсінде: «Әй, балам, тұр, жатпа, Құбыла жаққа жүре бер», - деген әуез естиді. Осыдан кейін бай балалы болады [1, 45]. Фольклорлық жырлардағы осындай түс көру, түсінде аян беруді ұқсас мотивтерге жатқыза аламыз. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында: Бәйбөрі перзентсіздіктен азап шегіп жүргенде, түсіне Шашты Өзіз кіріп, бір ұл, бір қыз сыйлайды. Міне осыдан барып Алпамыс батыр дүниеге келеді [2,72].

Осы іспеттес, «Қарабек» батыр жырында: Алпыс жасқа келгенше падша перзентке зар болып, Құдайға жалбарынады, жетім-жесірді тойдырып, бата-тілегін алады. Сөйтіп, түс көріп, түсінде аян беріп, хан әйелі жерік болады...[3, 106]. Сонымен қоса, Қобыланды жырында: ...Қазақ елінде Қыдырбай деген бай перзентсіздіктен қиналады. Кемпірі бірде бала тілеп, мола басында түнейді. Түс көріп, түсінде бір адам бір ұл, бір қыз береді. Сол тапта, Қыдырбай түсіне де бір жалбарыс, бір сұңқар кіреді. Қыдырбай Құлтай деген құрдасына сол түсін жорытады. Сонда Құлтай жақсылыққа жорып, ұл мен қыздың боларына ишарат береді [4, 300]. Шынында да, батыр дүниеге келмес бұрын бір ерекше оқиғаның болары рас. Яғни, бұл халықтың ертедегі наным-сенімінен туатын дүние. Себебі,



халық арасында үлкен атақ-абыройға ие болар батырдың өмірі ерекше сипатталады. Яғни, батырлар жырындағы қаһармандардың дүниеге келуін ұқсас мотивтерге жатқыза аламыз.

«Жар іздеу мотиві». Тағы да бір батырлар жырларында көптеп кезігетін жәйт, бұл батырлардың жар таңдап, үйленуі. Батырлық жырлардағы осынау мәселеге байланысты Н.Айтбайқызы өзінің «Қазақ эпосындағы жар іздеу мотиві» атты еңбегінде былай деген: «Қазақ эпосындағы жар іздеу батырлар жыры, көне архаикалық эпос, лиро-эпос немесе діни және тарихи эпостарда жиі кездесіп, бір-бірімен байланысып, ұштасып жатады. Егер батырлық жырларда батыр жарын жекпе-жекте, жарыста немесе қыздың әкесінің жарлығы бойынша бір талабын орындауы арқылы үйленсе, лиро-эпостарда батыр қызға шынайы ғашық болуы арқылы қосылады» - деген [5,9].

Жоғарыда айта кеткендей-ақ, батыр ғашық болатын, өзіне жар етіп таңдайтын қыздар сұлу, ақылды, парасатты және т.б жақсы қасиеттерімен суреттеледі. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында Гүлбаршын сондай сұлу, көркем етіп суреттеледі. Сонымен қоса оның ақылдылығы да тілге тиек етіледі. Алпамыспен атастырылғанын біліп, оны бір күні іздеп келер деп үміттеніп, әдейі уақыт оздыру мақсатында, Қараман елшілеріне алты айдан соң бәйге тігетіндігін, (Алпамыстың батырлығына сенеді) кім жеңсе соған жар боларын айтады. Сол уақыт аралығында Алпамыс келіп, бәйгеде жеңіп, Гүлбаршынға үйленеді.

Сол сияқты, «Қобыланды» жырында, батырды айлакер, тапқыр әрі батыр ретінде суреттесе, Құртқа ажарына ақылы сай ару ретінде бейнеленеді. Және, Қобыландының жұрт алдында батыр атануы да Құртқаны алуынан басталады. Яғни, үлкен сыннан өтіп, ерлік, батырлық әрекеттері жырланады. Сонымен қатар, мұндай сюжеттерді әлем халықтарының эпостарынан байқауға болады. Мәселен, Одиссей өзіне Пенелопаны жар ету үшін бірнеше адаммен жаяу жарысқа түсіп, олардан озып шығады. Армян эпосының кейіпкері Давид Сасунский Хандутхатун аруға үйлену жолында көп жігіттермен күш сынасады т.б. Бұл жырлардың барлығында да, батырлар өз сүйгендеріне үйлену үшін, көп сыннан өтіп, сол қыздардың қоятын бірнеше шартын (садақ ату, күресу, ат жарыстыру, жаяу жүгіру, темір сындыру т.б.) орындап барып мақсаттарына жетеді. Әйтеуір бір кедергіден, сыннан өтіп өз теңдеріне қосылады.

«Ел қорғау мотиві». Батырлық жырларда батыр - бір ауылдың, бір рудың намысы үшін ғана емес, ол бүкіл ел- жұртының намысы үшін, елдігі үшін сыртқы жаулармен қанды шайқасқа түседі. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырында:

«Ақ сұңқар ұшар жем үшін,
Туады ерлер ел үшін...
Тоқтай алмай барамын,
Ағайын-туған ел үшін...» - деп [2],

елдің амандығы, бүтіндігі, соның намысы жолында күресетіндігін тілге тиек етсе, «Ер Тарғын» дастанында батыр бүкіл ноғайлы жұртының намысы үшін сыртқы жаулармен қанды шайқасқа түсерде:

«...Аттанбадым олжа үшін,
Сыңсып жатқан мал үшін...
Аттанғаным кәуірге

Атамның ежелгі кегі үшін» - деп, сөзімізді дәлелдей түседі. Және, сол тапта, батырларымыздың ел үшін еткен, ерлік, қаһармандық қасиеттері де айтылады:

Қалың топты аралап...
Бес-алтауын өлтірді,
Он шақтысын жаралап...
Майданнан аққан қызыл қан

Өзенге сыймай ағылды... («Алпамыс батыр» жырынан).



Ал «Ер Тарғын» дастанында:

...Аллалап Тарғын шабады,

Толғады батыр найзаны

Жалғыз жаумен ойнады,

Көтеріп салған көк сүңгі

Тіріде қанға тоймады...

Адам шыдар ер емес,

Қар жаудырды қабақтан...», - [6,3]

деп, батыр ерлігін суреттейді. Жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағандай-ақ, батыр алдында тұрған ең басты міндет бұл – елін, жерін, отанын жаулардан қорғау. Және, бұл барлық батырлық жырлардың негізгі, сонымен қоса, ең басты идеясы. Сондай кездерде батырлардың түтеген оққа қарсы шауып, камал бұзған ерлік істері жырға арқау болады. Яғни, батырлар ерлік іс жасау үшін, ел, туған жер үшін туады.

«Түс көру мотиві». Қазақ әдебиетінде кез-келген мотив сюжетпен, кейіпкер психологиясымен берік қарым-қатынас жасайды. Оның ішінде «түс көру» мотивіне тоқталатын болсақ. Тарихи-әдеби және теориялық тұрғыдан түсті зерттеу, фольклорда қолданылған түс көру мотивіне талдау жасау кезеңінде көз жеткізер бір нәрсе – ауыз әдебиетінен бастап бүгінгі прозаға дейін түс көру тәсілі қолданылмаған бірде-бір әдеби туындыны кездестіру қиындығында. Тіпті, ежелгі дәуір жәдігерлерінің өзінде түс көру сарын кездеседі және туынды сюжетіне үлкен әсер береді. Осы аралықтағы шығармаларда түс бірде мотив, бірде көркемдік тәсіл ретінде сюжетке кейіпкер іс-әрекеті арқылы өзгеріс пен әсер беріп қана қоймай, кейіпкердің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан нанымды ету үшін, сондай-ақ әр кезеңнің өзіндік дүниетанымына, көркемдік ойлау жүйесінің дүниетану дәрежесіне орай кейіпкерге фантастикалық, мистикалық, мифтік акцент беруде оның көркемдік қызметін күшейту үшін қолданылған.

Фольклорлық ғылыми еңбектерде түс – мотив саналғанымен, әдебиетші ғалымдар оны тәсіл ретінде қарастырады. Әсіресе, прозалық шығармаларда адам жанын тереңнен ұғып бойлайтын, ішкі сырға толы сезімдерін зерттеу барысында жазушы, әдебиет мамандары өмір шындықтарын көркемдік тұрғыдан жеткізу барысында осы кейіпкердің түс көру көрінісіне басымдылық берсе, фольклорда түс кейіпкер ой-санасынан гөрі, сюжетке композициялық, динамикалық бояу, кейіпкердің қаһарман тұлғаға айналуы үлес қосары күмәнсіз. Енді әдебиетіміздегі фольклор жанрына «Қазақ эпосының сюжеттері» еңбегінің авторы Б.У.Әзібаева төмендегідей анықтама береді: «Фольклор – байырғы замандарда пайда болған, ғасырлар бойы дамыған, шығармашылықтың асқар шыңына көтерілген, сюжетикасы, кейіпкер жүйесі мен поэтикасын өзінің ішкі заңдылықтары анықтайтын, өз заңымен өмір сүретін бір тұтас күрделі жүйе» [7, 11], дей келе, фольклорлық жүйенің әдебиеттану ғылымында ғана емес, адамзат өркениеті мен мәдениетінде алар орнына тоқтаған.

Белгілі фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов әйгілі Қорқыт туралы аңызды талдай келе «... өлімінен қашқан Қорқыт туралы аңыздарға келетін болсақ, олар семантикалық мазмұны мен сюжеттік-композициялық құрылымына қарағанда, таза көркем туындылары бола алмайды. Өте кеш хатқа түскеніне қарамастан, оларда әлі күнге дейін алғашқы қауымға тән мифологиялық ой-сананың, творчествоның ізі байқалады» [8, 87] – десе, фольклор зерттеуші Р.Бердібаев: «Жалпы түске сену түркі-монғол фольклорындағы өте көне ұғым көрінісі. Оның арғы түбірі бір есептен ескі анимистік түсініктерге де алып баратынын көреміз. Жаман түс көрсе шошынып, құдайы берушілік күні кешеге дейін орын теуіп келген әдет. Ал, түсті елді жиып отырып жорыту бұны күдірет санаған, ежелгі ұғымның ыдырамаған кезінен елес бергендей» [9,14], - дейді.



Ш.Ыбыраев болса: «Мұның себебін дәл басып айту қиын. Мүмкін ата-бабаларымыз түс көруге және оның жоруына айрықша мән беріп, оны тылсым күштің құдіретімен сабақтастырып, оған шексіз сенуі де ғажап емес. Бұған халқымыздың тарихынан, наным-сенімінен мысалдарды тізе беруге болар. Әрі түсті жорудың символикасы, белгі-нышандары да жинақтауға, жүйелеуге болатын құбылыстар», - дейді [10,115]. Бұл, әрине, фольклортанушы ғалымдарымыздың түс көруді көркемдік тәсіл деуден гөрі, анимистік наным-түсінік, шығарма сюжетіне байланысты «мотив» деп қарайтындығын «тайға таңба басқандай» аңғартса керек.

Негізінде, түс көру – бағзы заманнан бері адамзат баласымен қатарласа туып, дамып келе жатқан, діни наным-сенімге негізделген мифологиялық құбылыс. Жалпы, «түс көру» мотиві романтикалық шығармалардағы адами мүдделерге, қос ғашықтың қосылу мақсатына негізделген. Ал, эпостық туындыларда батырдың дүниеге келуі, ел қорғау, жұрт намысы, халық мұрат-мақсатында айқын білініп, маңызды рөл атқарады: болашақты болжау, келешектегі қауіп-қатерді сезу яки бүгінгі ахуалды бір жерден екінші жерге жеткізу мұратында қолданылған

Қаһармандық эпостарындағы «түс көру» мотиві ұшырасатын туындылар – «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» және «Қырымның қырық батыры» циклындағы жырлармен қатар қарастырылатын «Шора батыр», «Бөген батыр» т.б.

Қорыта айтқанда, халық өзінің арманын жырдағы батыр образы арқылы береді. Ол образ – халықтың алып қуатының, қажымас қайратының, сарқылмас күшінің көрінісі, және сол заман тынысы. Мүмкін, осы себепті де, батырлық жырларда ұқсас мотивтер көптеп байқалатын шығар. Және де, әр дәуірдегі халықтың тұрмыс-тіршілігі, діни-сенімдері, салт-дәстүрі, арман-мақсаты, сол дәуір шығармаларында көрініс береді. Яғни, белгілі бір кезеңдегі шығарма желісі, сол дәуір өміріне, ағымына тікелей байланысты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бабалар сөзі. «Едіге батыр» жыры. – Алматы: «Фолиант», 2005
2. Бабалар сөзі. 34 том. «Алпамыс батыр» . – Алматы: «Фолиант», 2005
3. Бабалар сөзі. «Қарабек» батыр жыры. – Алматы: «Фолиант», 2005
4. Бабалар сөзі, 37 том. «Қобыланды батыр» . – Алматы: «Фолиант», 2005
5. Н.А.Нұрақыш. «Қазақ эпосындағы жар іздеу мотиві». – Алматы, Қазмемқызпу, 2011
6. Бабалар сөзі. «Ер Тарғын» батыр жыры. – Алматы, «Фолиант», 2005 «
7. Әзібаева Б.У. «Қазақ эпосының сюжеттері». –Алматы: «Servise Press», 2014
8. Қасқабасов С. «Миф пен эпсананың тарихилығы». «Қазақ фольклорының тарихилығы». – Алматы: «Ғылым», 1993
9. Бердібаев Р. «Манас және эпикалық дәстүр». Фольклор шындығы. – Алматы: «Ғылым», 1990
10. Ыбыраев Ш. «Эпос әлемі». – Алматы: «Ғылым», 1993

**ГЕЙМИФИКАЦИЯНЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ****Айгелова Жанат Алдашевна**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы
білім беретін мектебі» КММ,**Жумабаева Меруерт Берикболовна**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы
білім беретін мектебі» КММ,
Қостанай, Қазақстан

***Аннотация.** Қазіргі таңда әлемдік оқу үдерісінде жаңа технологиялармен бірге ойын технологиялары мектепке енгізіліп, күнделікті сабақ барысында қолданылып жүр. Мақалада геймификацияның білім беру үдерісінде қолданылуы мен ерекшелігі туралы талдау жасалған.*

***Түйін сөздер:** оқу үдерісі, инновациялық білім беру, педагогикалық технология, ойын технологиясы, геймификация.*

Ойын техникасы мен технологиялары ежелден бері педагогикалық практикада қолданылады. Еңбек пен оқумен қатар, ойынға деген қажеттілікке ие адамның негізгі іс — әрекетінің бірі ойын болып табылады. Мәдениеттің әртүрлі салаларындағы адам тәжірибесінің маңызы мен тиімділігін философия, филология, әлеуметтану, саясаттану, психология және т.б. ғалымдар зерттеді, әлі де зерттеліп жатыр. Гуманитарлық ойдың қазіргі даму кезеңі инновациялық іс-әрекеттің негізі және шығармашылық ойлаудың триггері рөліне ұсынылған ойынды сипаттайды. Педагогикада танымал классиктер (л.с. Выготский, г. П. Шедровицкий, д. Б. Эльконин және т.б.) білім беру мен тәрбие процесінде ойын мен ойын іс-әрекетінің ерекшеліктері мен артықшылықтарын зерттеді. «Білім беру процесінде қолданылатын ойын технологиясы өте тиімді, әмбебап, оңай шығарылатын, кез-келген оқу пәні мен іс жүзінде барлық білім беру және дамыту мәселелерін шешуге жарамды деп танылады. Ойын феномені педагогикалық зерттеулер үшін соншалықты маңызды емес сияқты көрінеді. Алайда, «цифрлық дәуір» ұрпағының пайда болуы «жаңа білім беру парадигмасына және білім берудің жаңа түріне (технологиялық немесе жобалық-технологиялық) көшу» бізді ойындардың, соның ішінде компьютерлік ойындардың білім беру іс-әрекетіндегі рөліне жаңа көзқараспен қарауға мәжбүр етеді. Геймификация деп аталатын адам қызметінің құбылысы білім беру қызметін басқарылатын және жоспарланған ете алады, яғни нәтижелі білім беру нәтижесіне қол жеткізуге ықпал етеді деп санаймыз. Отандық педагогика үшін жаңа терминнің артында не жатыр, оқытуды ұйымдастырудың осы әдісінің әдеттегі ойын тәжірибесінен түбегейлі айырмашылықтары неде, бүгінгі таңда компьютерлік ойындар механикасын оқу процесіне қосу неге маңызды?

Біз осы мақалада бірқатар мәселелерді ресейлік және шетелдік теоретиктер мен практиктердің еңбектеріне сүйене отырып қарастырамыз. Геймификация ұғымы. Алғаш рет 2002 жылы американдық бағдарламашы және өнертапқыш Ник Пеллинг (Nick Pelling) қолданған гамификация (gamification) термині 2010 жылға қарай танымал болды және бүгінде адам қызметінің көптеген салаларында (бизнес, персоналды басқару, денсаулық сақтау, білім беру) және әртүрлі күрделілік деңгейіндегі әртүрлі мәселелерді шешудің ерекше әдісін белгілеу үшін қолданылады. Ірі әлемдік брендтер (Microsoft, Volkswagen, Nike) ойын технологиясын қолданады, өз клиенттерін ойындарға қатыстырады және өз өнімдерін сатуды ынталандырады. Ойын дизайнерлері ойыншыларды аштық, әлемдік қақтығыстар, кедейлік, климаттың өзгеруі және т.б. сияқты жаһандық мәселелерді шешуге қосу арқылы маңызды тақырыптар бойынша ойындар жасайды. Геймификация сатылымды,



БАҚ беттерін қарауды, клиенттердің адалдығын, қызметкерлердің тиімділігін, білім беру процестерінің өнімділігін арттырады. Аудиторияны әртүрлі іс-шараларға тарту үшін компьютерлік ойын механикасын қолдану бүгінгі таңда трендке айналуда. Тек геймификация мәселелеріне арналған мамандандырылған Wiki энциклопедиясы оны ойын дизайнының құралдарын пайдаланушылардың мінез-құлқын басқару үшін ойын емес контекстке енгізетін бизнес стратегиясы ретінде анықтайды. Алайда, бұл тәжірибе қазірдің өзінде кең таралды және бизнес саласынан әлдеқайда асып түсті. «Ойын элементтері мен техникалардың көмегімен нақты мәселелерді шешу ойын элементтері мен ойын емес мәселелерді шешу әдістерін қолдану»; «пайдаланушылар мен тұтынушыларды тарту, олардың қолданбалы мәселелерді шешуге қатысуын арттыру мақсатында ойын емес процестерге компьютерлік ойындарға тән тәсілдерді қолдану» — батыс және отандық зерттеушілер геймификацияны осылай анықтайды.

Терминнің бірыңғай анықталған анықтамасы әлі жоқ екеніне қарамастан, қорытынды жасауға болады: компьютерлік ойындарда қолданылатын механиктер, кез-келген басқа ойын емес қызмет түріне қолданылады, біріншіден, субъектінің іс-әрекет процесіне неғұрлым күшті және сапалы көңіл бөлуге деген ынтасын күшейтеді, екіншіден, тапсырмаға деген адалдықты ұзартады және, сайып келгенде, мақсатқа жету ықтималдығын арттырады. Геймификацияны қолдану саласы пайдаланушыға, студентке, оқушыға, жеке адамға ұнжырғасы түсіп, мотивацияның төмендеуіне әкелетін ойын мәнмәтіні емес, кез-келген күрделі және қарапайым әрекет болуы мүмкін. Геймификация автомобильді игеру, үнемі жүгіру, ақпараттың үлкен көлемін зерттеу, Президенттікке үміткерді таңдау немесе күнделікті жазу жұмысы болсын, қызықты қажетті тәртіпті жасауға арналған, бірақ сонымен бірге адамды өз шындығында қалдырып, осы тақырыпқа қажетті дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді. Геймификацияның мақсаты мен күтілетін нәтижесі аудиторияның әдеттегі мінез-құлқын өзгерту, белсенділікке қатысу болып табылады. Сонымен қатар, тандалған іс-әрекеттің мазмұны өзгеріссіз қалады, бірақ белгілі бір жолмен құрылымдалған, бұл мәселені шешуге деген ынтаның артуына қол жеткізеді, сонымен қатар осы тапсырманы орындау уақыты артады. Дәстүрлі ойын тәжірибесі және білім берудегі геймификация: ұқсастықтар мен айырмашылықтар. Білім беруде ойын технологияларын қолданудың маңыздылығы өте зор, өйткені «білім беру іс-әрекеті күрделі және күнделікті әрекет болып табылады, студенттердің күш-жігерін талап етеді, көбінесе олардың шаршауын тудырады және ойын механикасы оқушылардың мінез-құлқына және оқу нәтижелерінің тиімділігіне, оқушылардың субъективті белсенділігіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Педагогикалық практикадағы ойын және ойын технологиялары — бұл міндеттерге қол жеткізу үшін белгілі бір жағдайлар жасау, ішкі заңдылықтарымен арнайы ойын шындығын модельдеу (рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, ұйымдастырушылық және белсенділік ойындары және т.б.). Білім беру технологиясының энциклопедиясы ойынды «мінез-құлықпен өзін-өзі басқаруды дамытатын және жетілдіретін қоғамдық тәжірибені қайта құруға және игеруге бағытталған жағдайлардағы іс-әрекет түрі» деп анықтайды. Әдіскерлер ойын практикасын имитациялық білім беру технологиясының құралы деп санайды. Ойынның басты ерекшелігі — бұл көңіл аудару, барлық назарды аудару және ойыншы уақытты жоғалтқан кезде, тіпті тамақтану немесе ұйқының физикалық қажеттіліктерін ұмытып кететін ұзақ уақытқа жол бермеу мүмкіндігі және бұл оның күші. Егер адамдар бірдей тарту күшімен оқи, жұмыс істей, жасай алса, белсенділік көрсеткіштері экспоненциалды түрде өседі. Ойынның дәл осы қасиеттері шындықтың «геймификаторларын» тартады және дәстүрлі педагогикалық ойындардың да, геймификацияның да бірыңғай психологиялық негізі болып табылады. Сонымен, геймификацияланған білім беру курсы — бұл компьютерлік ойын емес (дегенмен, егер курсты қолдайтын бағдарламалық жасақтама болса, кейде ойын қабықшасының арқасында оған өте ұқсас). Курс бойынша білім алушы білім беру және ойын міндеттерін де



орындайды. Мысалы, білім беру міндеті — сөйлеудің әртүрлі стильдерін меңгеру; ойын міндеті — келесі деңгейге өту үшін белгілі бір мерзімге жазбаша тапсырмалар үшін 50 балл жинау. Сонымен қатар, білім беру мақсаттары әрқашан басымдық болып қала береді, ал ойын мақсаттары тек білім беру міндеттерін орындауға ішкі ынтаны сақтауға көмектеседі.

Геймификация ойынның ережелері, мақсаттары мен құрылымы сияқты позицияларда дәстүрлі (мысалы, үстелдік) ойындармен сәйкес келетінін көреміз. Біз іскерлік ойындармен бірдей ұқсастықтарды көреміз. Бұл геймификацияны адам әрекетінің түрі ретінде тартымды етеді: түсінікті, қол жетімді және қалаған мақсат, осы мақсатқа жету ережелері және мақсатқа жетудің қадамдық құрылымы ретінде көрсетеді. Бірақ ойын ойыншы/ойыншының әрекетін ойын кеңістігіне, ойдан шығарылған шындыққа жеткізеді, ал геймификация бізді нақты әлемде біздің шұғыл емес проблемаларымызбен және міндеттерімізбен қалдырады. Іскерлік ойындарда бұл әрекет көбінесе нақты жағдайда болады, бірақ бұл міндетті шарт емес, ал геймификация үшін бұл қажет. Тандалған позициялар бойынша геймификацияға толықтай қарама-қайшы — сахнадағы ойынға ұқсас рөлдік ойындар. Рөлдік ойын рөлді орындау ретінде риясыз және ойында нақты белгіленген ойын мақсаты мен құрылымы жоқ. Геймификацияның ережелері мен мақсаты бар, сахнада немесе ойын жағдайында емес нақты әлемде орын алады, мүлдем өздігінен емес, ойыншының барлық қимылдары жазылған және құрылымдалған. Геймификацияланған білім беру іс-әрекетінің құрылымы екі есе міндетті, өйткені оқу курсына бүкіл бағдарламаны белгілі бір қадамдарға/кезеңдерге бөлу керек, ал әр кезеңнің курстың жалпы мақсатына сәйкес келетін өзіндік мақсаты болуы керек. Геймификацияланған тәжірибелерде қатысушы ешқандай рөлдерді қабылдамай өзі қалатындығын және тек оның мотивациясы мен ішкі мақсатына сүйене отырып, мысалы, ағылшын тілін үйренуге болатындығын тағы бір рет атап өту маңызды болып көрінеді. Геймификация үшін өте маңызды және басқа ойын тәжірибешілері үшін міндетті емес жүйелік параметрге келетін болсақ, жүйелілік дегеніміз — ойынның белсенділік құрылымындағы эпизодтық қосындылары емес, осы әрекетті геймификацияланған сүйемелдеудің тұтас процесі. Оқытуда геймификация білім беру курсымен бірге жүреді — мақсаттар мен міндеттерді қоюдан бастап білімді қорытынды бақылауға дейін. Ойын ұғымы — білім беру теориясы мен әдістемесіндегі дәстүрлі зерттеу нысаны, ойын элементтері ғасырлар бойы мұғалімде қолданылған, ойын технологиялары жақсы сипатталған, зерттелген және жүйеленген. Сонымен қатар, геймеханиканы білім беру кеңістігіне енгізетін оқытудың ерекше әдісін бөліп көрсету және сипаттау үшін біздің алдымызда тұрған ғылыми міндет педагогикада кодталған «іскерлік ойын», «рөлдік ойын» және т.б. сияқты жеке атауды қажет етеді.

Қорытынды. Осылайша, геймификацияны үлкен педагогикалық әлеуеті бар оқытуды ұйымдастырудың жаңа тәсілі ретінде айтуға болады. Геймификацияның көптеген артықшылықтары бар, бұл жоғары оқу орындарының студенттерін, мектеп оқушыларын оқытудың әдістемелік бағдарламасында осы әдісті қолдануды қажет етеді. Сонымен қатар, ойын элементтері арқылы білім беру материалындағы оқушының өзекті қажеттіліктеріне жауап беретін және тиімді әрі қызықты оқу процесін ұйымдастыруға көмектесетін шексіз білім беру әлеуетіне ие.

ӘДЕБИЕТ:

1. Артамонова В. В. XXI ғасырда геймификация тұжырымдамасын дамыту / В.В. Артамонова // Тарихи және әлеуметтік-білім беру ойы. Шығ. № 2 (2). 2018.
2. Игна О.Н. Шет тілі мұғалімінің кәсіби әдістемелік дайындығындағы имитациялық (моделдеу) технологиясы // Вестн. Томского гос. пед. ун-та (TSPU Bulletin). 2011. Шығ. 9 (111). С. 186–190.
3. Игна О.Н. Мұғалімнің кәсіби-әдістемелік дайындығын технологияландырудың тұжырымдамалық негіздері: автореф. дис. ... д-ра пед. наук. Томск, 2014. 42 б.
4. Сыдыков Б.Д., Сман Г.Т. Геймификация как средство организации образования // Молодой ученый // Международный научный журнал № 9 (404) / 2022



ӘОЖ 821.512.122.09:37.09

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

¹Сейпүтанова А.К., ²Бейсекенова А.К.¹С.Аманжолов атындағы ШҚУ-дың қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.²«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
Өскемен, Қазақстан

***Аннотация:** Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі қазақ әдебиетін оқытудың ұлттық негіздеріне арналады. Әдебиетті оқытудың мақсаты мен негізгі бағыттары, әдебиетші мұғалімге қойылар талаптар сөз етіледі. Ұлттық құндылықтың, ұлттық тәрбиенің қазақ әдебиетін оқытуда атқаратын ролі көрсетіледі.*

***Тірек сөздер:** қазақ әдебиеті, әдістеме, оқыту, ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие.*

Қазіргі таңда білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне, білім болғанда ұлттық құндылық тұрғысынан білім беруге аса көңіл бөлінуде. Еліміздің тарихын сақтайтын, құрметтейтін, келесі ұрпаққа жеткізуші ол – жас буын. Бүгінгі жас буынға білім алып, ғылымды меңгеруге еш кедергі жоқ. Қазіргі заман техниканың дамыған, заманауи көзқарастардың, жаңа идеялардың заманы. Алайда, жаңа заманның да, жаңа техниканың да өзгерте алмайтын, жас ұрпаққа ана сүтімен берілетін ұлттық болмысы, ұлттық намысы, ұлттық сана-сезімі, ата-бабалар аманат еткен туған елінің тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрі, әдебиеті бар. Осы орайда жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтық салт-дәстүрді аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу – аса өзекті әрі жауапты міндеттердің бірі.

Кез келген халықтың алуан түрлі игіліктерге кенелуінің түп тетігі моральдық шарттарда жататыны жоғарыда көрнекті ғалымдар пікірлерімен сабақтастыра отырып тілге тиек етілді. Дегенмен, адами құндылықтарға берілетін анықтамалардың да мазмұны бір арнада тоғыса бермейтінін атап айтқан жөн. Мысалы, Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясында: «Құндылық - объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. ...Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мәнмағыналар қызметін өзіне бағындырады және реттейді», - делінген [1, 124 б.].

«Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, көзқарасы, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр оқушының қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімн нығайту, қысқартып айтсақ, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау – міне, бүгінгі білім берудегі басты міндет», - дейді ұстаз Қ.Бітібаева [2, 6 б.].

Оқыту үрдісінде қазақ әдебиетін ұлттық құндылық ретінде таныта білу – мұғалімнің шеберлігі. Ұлттық құндылық дегеніміз – тұтас бір жүйе. Оған халықтың көркем мәдениеті немесе халық өнері, сондай-ақ халықтың әлеуметтік және мәдени қауымдастық ретінде пайда болуымен бірге туындаған әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, жол-жоралғылар, ұғым-түсініктер, дағды, көзқарастар жатады.

«Халықтан асқан ұлы ұстаз жоқ» дейтін болсақ, халық ауыз әдебиетіндегі мол мұралар балалардың рухани азығын жетілдіретін негізгі нәр болмақ. Халықтың асыл қазынасымен астасып жататын шешендік сөздер ойымызды дәлелдей түспек. Мысалы, «Жиренше шешеннің айтқандарындағы» шешендік сөздерді алайық.

- Бұл дүниеде кім жетім? – деген сұрақ қойыпты хан Жиреншеге.



- Ата қонысынан ауған ел жетім, серіксіз ер жетім, жаңбырсыз жер жетім, - деп жауап қайтарыпты Жиренше.

- Бұл жалған дүниеде кімнің төрт құбыласы тең болады?

- Түзу мылтық, қыран құс, жүйрік аты бар, мінез-құлқы мінсіз қатыны бар ердің төрт құбыласы тең болады. Жауы үйде, досы түзде ханнан қайғылы кім бар? - деп жауап беріпті шешен.

Көріп отырғандай шешендік сөздер шағын драмалық көрініс сияқты. Онда тыңдаушының ғибрат алар өнегесі көп.

Ауыз әдебиетінің бір саласы – ертегілер. Қазақ ертегілері халықтың тұрмысының әр түрлі шақтарын көрсетеді. Мысалы, бір ғана «Аяз би» ертегісінің өн бойынан қаншама ұлттық бояуларды табуға болады.

Ғасырлар бойы халық тұрмысымен бірге қайнасып, ұлттық дәстүрді бойына сіңірген, мақал-мәтелдер, халық өлеңдері, ертегілер, аңыз-әңгімелер, айтыстар өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға негіз бола алады.

Бүгінгі таңда сапалы білім мен саналы тәрбие беру ұлттық тәрбиемен қалыптасады. Ұлттық тәрбиеде, әсіресе, ана тілі байлығының алар орны ерекше екені белгілі. Осыны ескере келе, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында тек қана теориялық білім беріп қана қоймай, ұлттық үрдісімізден хабар бере отырып, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мәселесіне жете назар аударуға тырысу керек. Білім мен тәрбие берудегі озық ұстанымдардың ұлттық тәрбие құндылықтарымен байланыстыра отырып, әр оқушының қабілетін, талантын ашу, өзіндік ұлттық тәрбиесі мен санасын қалыптастыру – қазақ тілі мен қазақ әдебиеті ұстаздар қауымының алдында тұрған басты міндет болып табылады.

Ұлттық сана-сезім, ұлттық патриотизм әр адамды, әр халықты ұлттық ойлау қабілеті, ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүр қоршауында сақтайтын негізгі рухани байлық. Егер бір ұлттың бір бөлшегі басқа жерде, я өз Отанында бөлек ұлттың сана-сезімі негізінде тәрбиеленсе, онда ол қоғамның мүшелері басқа ұлттың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қабылдайды, біраз уақыттан кейін сол пұлтқа сіңіп кетеді. Сондықтан халықты ұлт ретінде сақтайтын жалғыз жол бар. Ол жол – жас ұрпақты ұлттық сана-сезім негізінде білім беру ұйымдарында тәрбиелеу. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы бала дүниеге келгеннен бастап отбасындағы ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты. Егер отбасында ұлттық тәрбие болмаса, балалардың ұлттық тұлға болып қалыптасуы сондай теріс тәрбиеге лайықтанып қалыптасады.

Ұлтымыздың тарихын ұлықтау, оның сан ғасырлық тағылымына мән беру, сабақ алу аса қажет мәселе. Тек сонда ғана ұлттық сана нығайып, тарихи таным арта түседі. Нәтижесінде тарихи зердесі күшті халықтың рухы да асқақ болады. Ал, рухы көтерілген ел қазіргі жаһандық жағдайда ұлт болып сақталып, өзінің құндылықтары мен рухани байлығынан сусындап, жас ұрпағына дұрыс тәлім-тәрбие бере алады. Елдің келешегі жастардың алған бағытының дұрыстығына байланысты екендігі белгілі. Ұлттық сананың қалыптасуына және оның дамуына екі тұрғыдан қарауға болады: Біріншісі - сезімдік, түйсіктік, екіншісі - саналы теориялық. Біріншісі өз елін, халқын, ұлтын сыйлайтын, сүйетін алғашқы ыстық сезімнен туса, екіншісі өз елінің, халқының, ұлтының еткенін, қазіргісін, келешегін толық біліп, тексеріп, халық тағдырына, ұлт мәселелеріне мемлекеттік, елдік, тіпті дүниежүзілік тұрғыдан теориялық ұлттық бағыт-бағдарлама тұрғысынан қарап, аңғару арқылы болатын саналы ойдан туады [3, 85 б.].

Әдебиет – рухани байлық, «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады» деп М.Әуезов айтқандай өз



тарихын, әдебиетін, мәдениетін білмеген азамат қаншалықты өзге дамыған елдің ілімін, ғылымын меңгерсе де бәсекеге қабілетті бола алмасы анық.

Әдебиетті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы - әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа т.б тәрбиелеу. Әдебиет пәнінің ауқымы да, мүмкіндігі де, маңызы да ерекше болып келеді. Мектепте оқытылатын қай пән болмасын, олардың білім мен дағды, тәрбие беруде өзіндік орны, атқарар маңызы да бар. Дегенмен де әдебиет пәні барлық пәннің анасындай қызмет атқарады.

«Әдебиет - өнердің бір саласы. Ол – сөз өнері. Белгілі әдіскер Қ.Бітібаева «Әдебиет - адам тану құралы» болса, әдебиет пәні - «адам тәрбиелеу құралы» деген пікір айтады [4, 8 б.]. Ал әдіскер ғалым Е.Н.Ильин «Әдебиет – адам қалыптастырушы құрал» [5, 12 б.]. деген әдебиет пәнін оқытудың жаңа жүйесін ұсынған. Әдебиет пәні арқылы оқушы адам болмысын тануды үйренеді, сол арқылы өзін-өзі тануға талпыныс жасайды. Қоршаған орта туралы ұғымдарын кеңейтеді, рухани дүниесі байиды, туған тілі мен еліне деген құрмет сезімі қалыптасады. Әдебиет пәні арқылы жасөспірімдер туған елінің тарихы мен ғасырлар қойнауындағы сөз маржанын оқып, сол арқылы туған елінің арманы мен қиялын, болашақтан күтер үміті мен сенімін кәреді. Әдебиет пәнінің танымдық, тәрбиелік, тұлға қалыптастырушылық рөлі. Әдебиет - өнер пәні, адамтану пәні, сонымен қатар, әдебиет - жан-жақты да терең ойлантудың пәні. Оқушы танымы мен логикасын дамытуда әдебиет пәні жаратылыстану пәндерінен кем түспейді. Жаратылыстану пәндері сияқты тұрақты бір формула мен қағидалар, заңдылықтармен шектелмей, әдебиет пәні еркін ойдың, қиялдың дамуына жол басшы бола алады. Әдебиет пәнінде дәлелдеуді қажет ететін тұрақты формула, элементтердің бұлжымас ережелері жоқ. Белгілі бір шығарманы әр қырынан тануға, талдауға болады. Көркем шығарманы қабылдауда әртүрлі болуының бірнеше себебі бар: біріншіден, сол шығарманы қабылдау жолындағы оқушының ой, өресі, дүниетанымы, бұған дейінгі жинақтаған білім қоры, яғни әдебиеттану ғылымынан алған білімі ықпал етеді, екіншіден, әдебиетте сөздің қасиеті ақпарат жеткізуші қызметтен әлдеқайда терең мазмұнда, бірнеше функцияда танылады, сөз адамның сана-сезіміне әсер ете отырып, белгілі көңіл-күй, сезім, сурет, көрініс әмір бейнесін жасап, адамның эмоциялық қабылдауына түрткі болады. Эмоциялық қабылдау да әр адамда әр түрлі. Бір шығармадағы бір көріністің, бір сәттің өзін әр адам әр түрлі сезіммен қабылдайды. Әдебиеттанудан білім дәрежесі бірдей адамның өзінің сезімі мен түйсінуді әртүрлі. Бірнеше адамның оқуындағы бір ғана үзінді әр санада бірнеше сурет құрайды. Бұл адамның ішкі сезім мен сезіне білу мәдениетіне, қасиетіне байланысты. Үшіншіден, санадағы қабылдау мидың тек бір ғана бағыттағы жұмыс әрекеті ғана емес. Санаға берілетін білім тек миға еніп қана қоймай, сол санаға өзіндік сәулесін түсіреді. Көркем дүниенің осы қасиеті психолог, педагогтардың еңбектерінде айтылады.

«Әдебиет пәнін оқудағы басты мақсат халқымыздың бай әдеби мұрасын білу», «Әдебиет пәнінің басты мақсаты туған елінің тарихын таныту», «Оқушыларды көркем шешен сөйлеуге үйрету», «Әдептілікке, жақсы, жаманды айыра білуге үйретеді», «Салт-дәстүрімізді танытады», «Ел әдебиетін, мәдениетін білгізеді», «Тарихи кезең мен әдеби үдерістен хабар береді», «Ақын-жазушыларымызды насихаттайды», «Ақын-жазушыларымыздың көркем сөз айшықтарын танытады», «Оқушылардың сөздік қорын молайтады», «Әдеби нормада сөйлеуге тәселдіреді», «Әлем әдебиет білгізеді», «Әр ғасыр әдебиетімен таныстырады», «Елжандылыққа, Отаншылдыққа тәрбиелейді», «Адамгершілікке тәрбиелейді», «Оқушылардың өзіндік пікірі мен көзқарасын қалыптастырады», «Оқушылардың эстетикалық талғамын тәрбиелейді», «Оқушыларды логикалық ойлауға үйретеді» деген сынды пікірлерді тыңдайсыз. Әрине, барлық пікірмен де келісуге болады. Себебі әр пікір айтушы белгілі нысанға әр қырынан келіп, әркім өз



түсінігі мен қабылдауы аясында анықтама беруге талаптануда. Айтылған пікірлердің ішінде әдебиет пәнінен басқа пәндердің құрамына енетін оқу-тәрбие мазмұны бар екендігі де байқалады. Мәселен, туған халқымыздың тарихын тарих пәні арқылы да білуге болады, көркем сөйлеу мен сөз мәдениетіне үйрететін басқа да пәндер бар емес пе?! Ал оқушылардың логикалық ойлауын дамытатын математика сияқты жаратылыстану цикліндегі пәндерді айтуға болады. Сонымен әдебиет пәнінің басты мақсат-міндеттерін қандай оқу-тәрбие үдерісі жатады деген сауалды тағы да пысықтау қажет болады. Себебі кез-келген мұғалім өзінің оқытатын пәнінің мақсат-міндеттерін жете түсініп, түйсінгенде ғана нәтижелі еңбекке бағыт алады. Кейбір сабақтарда мұғалімнің өз мақсаты мен міндетін жете түсінбеуі көптеген олқылықтарды туындатады. Ол мұғалімнің сабақты ұйымдастыруындағы іс-әрекетінен танылып жатады. «Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз сипатын ашатын заңдылықтарды білуі керек. Сондай-ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс», – дейді белгілі әдіскер мұғалім Қ.Бітібаева. Бұл пікірге қосарымыз, мұғалім шығарманың көркемдік әлемі мен авторлық ұстанымды, шығармадағы ой қатпарларын терең танып, оқушыны көркем таным сүрлеуіне дұрыс бағыттап білуі керек. Сонымен әдебиет пәнін оқытудың мақсат, міндеттерін топтастыра отырып саралап көрейік. Әдебиет пәнін оқытуда мұғалімге бірнеше міндеттер жүктеледі. Әдеби білімнің алғашқы сатысы бастауыштан басталады. Бастауыш сыныптарда оқитын ана тілі сабақтары көркем шығарманың танымдық бағытын негізге алады. Жыл мезгілдері, оның қоршаған орта табиғатына, адамдар тіршілігіне әкелетін өзгерістері, туған өлке табиғатының ерекшеліктері, ата-ана, адамдық ізгі қасиеттер т.б. ұғымдарды жас шәкірт санасына сіңіруде ақын, жазушылардың шығармалары оқу материалы ретінде жұмсалады да, әдеби-теориялық ұғымдарды қалыптастыру басты мақсат етілмейді. Әдебиет жеке пән ретінде 5-сыныптан басталады. Яғни 5-9 сыныптар базалық негізгі білім мазмұнын құрайды. Бастауыш сыныпта оқу дағдысы қалыптасып келген көркем мәтіндерді жүргізіп, мақамдап оқуға дағдыланады. Алғашқы міндет - көркем шығарманы оқушының оқуы мен эстетикалық тұрғыдан қабылдауын ұйымдастыру. Көркем әдебиет - адамзат қауымы ғасырлар бойы жасаған өнердің бір саласы.

Қорыта келгенде, әдебиетті оқытудың басты міндетінің бірі – оқушының ой-танымына, сезіміне ықпал ету, сөз өнері туралы ұғымдарын қалыптастыру, өнердің басқа түрлерінің ішіндегі әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін таныту. Көркем шығарманы оқу мен өзіндік таным-түсінік аясында жеткізуде бірнеше оқу міндеті қойылады: көркем шығарманы мәнерлеп оқу дағдаларын қалыптастыру, бейнелі және зерделі ойлауға, ой-түсінігін жүйелі жеткізуге үйрету, авторлық көзқарас пен танымды терең түсіне білуге үйрету, оқушылардың жан әлемін рухани-адамгершілік құндылықтармен байыту, сөз мәдениетін жетілдіруге ұйытқы болу, оқушылардың көркем шығарманы өз бетімен оқуға деген қажеттілігін туғызу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Бүркітбай Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. – 696 б.
2. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы. – Алматы, 2009. -
3. Бурбаев Т.Қ. Ұлт менталитеті – Астана: Елорда, 2001. – 248 б.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.– Алматы: Рауан, 1997. – 285 б.
5. Ильин Е.Н. Педагогикалық ізденіс. – Алматы: Рауан, 1990. – 231 б.



ӘОЖ 821.512.122.09:37.09

МЕКТЕПТЕ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

¹Сейпутанова А.К., ²Джетыбаева А.Т.

¹С.Аманжолов атындағы ШҚУ -дың қауымдастырылған
профессоры, ф.ғ.к.

²«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
Өскемен, Қазақстан

Аннотация: Мақалада Абай шығармашылығын мектепте оқытудың әдістемесі қарастырылып ұсынылады. Абай шығармаларын оқыту әдістемесін зерттеген әдіскер ғалымдар еңбектері аталып, ақынның өлеңдері мен қарасөздерін оқытудың, талдаудың үлгілері көрсетіледі. Абайтану пәнін орта мектепте оқыту әдістемесінің жоғары сапалы болуына қажетті шарттары аталады.

Тірек сөздер: абайтану, орта мектеп, әдістеме, өлең, қарасөз, лирика.

Абай шығармашылығын, «Абайтану» пәнін оқытудың дидактикалық негіздері – бүгінгі білім беру ісі саласындағы ғылыми және өмірлік маңызы зор, өзекті мәселелердің бірі. Оны зерттеу ғылым үшін қандай маңызды болса, өмірлік тәжірибеде де сондай пайдалы. Бұл пәнді оқытудың әдістерін зерттеу бағытында қазіргі кезеңде едәуір тоқырау бар деп білуге тура келеді. Өйткені аталған пәннің мазмұны, оны оқытудағы мақсаттар жүйесі білім берудің тиісті стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларында, оқулықтарда лайықты дидактикалық шешімін таба алған жоқ.

Әдебиеттану саласы бойынша көптеген ғалымдар Абайды тануға айтарлықтай үлестерін қосты. Қазақ әдебиеттану ғылымының тәуелсіздік кезеңінде Абай мұрасына белгілі абайтанушы ғалымдар сүбелі еңбектер арнады. Бұл жылдары жарық көрген мақалалар мен ғылыми еңбектердің ендігі тобы - Абай шығармаларын оқыту әдістемесіне де арналған біршама еңбектер. Олар: Қ.Бітібаеваның «Мектепте Абай шығармаларын оқыту», Ұ.Әбілдаұлының «Абайды оқу әліппесі: (Төменгі сынып оқушыларына ұлы ақындық таныстыру)», М.Жүсіповтің «Орта мектептегі Абайтану және оның негізгі бағыттары», Н.Омашевтің «Абайтануды оқытудың тиімділігі», З.Қазмағамбетованың «Ақын шығармаларын оқыту», Т.Рахметованың «Бастауыш кластарда Абай шығармаларын оқыту» т.б. еңбектері.

Абайтану пәнін орта мектептегі оқыту әдістемесінің жоғары сапалы болуы – білім беру ісінің нәтижелілігінің басты шарты. Орта мектептің оқу пәндері қатарында абайтану пәнін жете білу – басқа пәндер бойынша сапалы білім алудың қажетті негізі болып табылады. Оқушының өз ойын әдеби тіл заңдылықтарының талаптарына сай лайықты жеткізуі, баяндауы, айтуы, жазуы, негіздеуі – орта білім алудың басты нәтижесі. Абайтану пәнін оқыту қазақ әдебиеті, қазақ тілі, орыс әдебиеті, орыс тілі ғана емес, қоғамдық гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытудағы мақсаттармен өзектес, сабақтас. Сондықтан орта мектепте абайтану пәні бойынша білім мазмұны мен оны оқыту әдістемесіне аса зор көңіл бөлінуге тиісті. Қазақ тілін оқытудың бірнеше бағыттары бар: а) ана тілі ретінде оқыту; ә) екінші тіл ретінде оқыту; б) шет тілі ретінде оқыту. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән мазмұны, әдістемесі, құралдары бар. Оларда бірқатар ойлар, пікірлер жинақталған. Бұл ойлар мен пікірлердің өзектілігі бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазақ әдебиеті, абайтану пәндері бойынша да ізденістер жоқ емес. Алайда орта мектептегі қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерін оқу әдістемелік жағынан қамтамасыз ету жұмысының сапасы бүгінгі талаптар 40 деңгейіне көтерілді деп айтуға ерте [1, 112-124 бб].

Әдебиет пәнінің өзекті желісін Абай шығармашылығын тану арқылы табудың өмірлік маңызы жоғары. Негізгі орта білім, Жалпы орта білім беру жүйесінде Абай



шығармашылығын дұрыс оқып, дұрыс оқытпаған жағдайда әдебиет те, тіл де оқу пәні болудан қалады. Абай өлеңдері мен қара сөздерін оқу мен оқытудың, оқыған өлең мен қара сөздің мазмұны мен пішінінің ерекшеліктерін анықтап білу мен түсінудің өзіндік қиындығы бар. Мұғалім осы жағдайларды ескере отырып, Абайдың өлең сөздері мен қара сөздерін оқытудың, талдаудың, түсіндірудің өзіндік үлгісін пайдалануға мүдделі болуы орынды. Өлеңді қарасөзбен мазмұндау, жаттату немесе буын санын, ұйқасын, көркемдеуіш құралдарды тауып көрсету оқушылардың көркем шығарманы өнер, сөз өнерінің үлгісі ретінде эстетикалық қабылдауына жеткілікті негіз бола алмайды. Абайдың қара сөздерін оқытуда пішін ерекшеліктерін айта отырып, білім алушылардың автор ойларының маңызы мен мәнін, логикалық қисынын, адамгершілік негізін анық, нақты, бейнелі, толық түсінуіне қол жеткізуге күш салу қажет. Ақынның көркем дүниетанымы, образдар жүйесі, көркем ойлауының даму сатылары туралы ұғымдар білім алушының білу үдерісінен тыс қалмайтын болуы шарт. Білім алушылардың Абай шығармашылығын меңгеру деңгейін бақылауға қажетті бақылау құралдарын жасауының қажеттілігі зор. Мысалы, Абайдың қарасөздері бойынша бақылау құралдарын, тест тапсырмаларын жасауда білім алушылардың Абайдың қара сөздерінің мәтінін өздерінше оқып білу деңгейіне баса назар аударуы дұрыс болмақ. Тест тапсырмалары бақылау құралы ғана емес, білім алу құралы болуын ескерудің де артықшылығы жоқ. Оның бір үлгісін осы тарауға қосымша ретінде ұсынып отырмыз. Өлеңді талдау барысында шын мәніндегі өнер туындысында мазмұн мен форманың бірлігі ұғымы бір-бірінен ажыратуға келмейтін тұтастықта түзілетінін оқушы санасында қалыптастыру үлкен еңбекті талап етеді. Өлең мәтінінің мазмұнын оның пішінінен бөлек қарастыруға болмайтыны секілді пішінді де мазмұннан тыс түсіндіру оның жасырын терең сырын білуге мүмкіндік бермейді. Оқушының эмоциялық көңіл-күйіне, қиялына, ассоциативті ойлауына өлең мәтінінің әсерін мұғалім өз бақылауында ұстауға тиіс. Бұл оңай емес.

Абайдың өлеңдерін оқушы мен оқытушыға да, түсінуші мен түсіндірушіге де үлкен жауапкершілік жүктеледі. Өлең сөзді, поэзияны оқу мен оқыту, білу мен білдіру, түсіну мен түсіндіру ақындық пайымды, поэтикалық сауаттылықты, поэтикалық қызығушылықты қажет етеді. «Мұндай қабілеттің негізі дамымаған жағдайда поэзияның өзіне тән ерекшелігін, өлеңнің мазмұны мен пішініне тән басты қасиеттерді білу, түсіну мүмкін емес. Өлең сөзді, поэзияны оқу мен оқытудың өзіндік ерекшелігі, тіпті қиындығы бар. Бұл жерде үш актант бар деп білу керек: бірі – поэзия; екіншісі – оқушы; үшіншісі – оқытушы. Оқу нысаны – біреу. Оқытушы, түсіндіруші тұлға – біреу. Ал оқушы, түсінуші тұлға – екеу. Бұл екеуінің оқитыны біреу болғанмен, олардың әрқайсысының түсінуі әр басқа. Сөйте тұра бұл екеуінің түсінулерінде қарама-қайшылық жоқ. Осы аталған үштік қарым-қатынаста көзге көрінбей тұрған тағы бір тұлға бар. Ол – автор» [2, 41 б.]. Оқытушы өзінің оқушыларымен бірлесе жүргізетін іс-әрекетінде автор тұлғасын да ұдай есте ұстауы шарт.

«Абай өлеңдерінің мазмұнын түсіну үшін сабақты ынтымақтастық негізде жүргізген тиімді. Абай шығармаларын бастауыш сыныптарда сабақта және сабақтан тыс шараларда, абайтану факультативтерінде оқытқанда, оқушылардың ассоциациялық ойлауы мен қиялын дамытатын әдіс-тәсілдер пайдалану орынды. Мысалы, Абайдың табиғат лирикасынан «Күз» өлеңін оқытқанда мына тектес сұрақтар беруге болады.

- 1) Күз сөзі көз алдымызға қандай көріністерді елестетеді?
- 2) Күз сендерге қандай сезім-күй туғызады?
- 3) Күз қандай түсті елестетеді?

Сұрақ, тапсырмаларға берілген жауаптарды жинақтап, оқушылардың дәптерлеріне немесе тақтаға еркін жазу, яғни оқушы жауаптары бойынша жүйесіз жазып шығу керек» [3, 152 б.] . Жинақталған «ым» – түсініктерден оқушы өз ассоциациясындағыларын бөлек теріп жинақтайды, оларды топтастырып шығуға болады. «Қыс» мезгілін оқытар алдында берілген сұрақтарға «қар», «қырау», «аяз», «үскірік», «шаңғы теуіп жүрген балалар», «сырғанақ», «аяз ата», «шыршаны жағалай айналған балалар», «жаңа жыл», «қатып жатқан сулар, өзендер», «қар үстіндегі адам іздері» алуға болады. Қысты оқушылардың барлығы бірдей ақ түсті табиғи деп таниды. Көктем белгілеріне қатысты қойылған сұрақтарға «қар ериді», «жаңбыр», «үйлердің



шатырына қатқан мұздардың еріп, тамшылап тұрғаны», «8 – наурыз», «құстар жылы жақтан оралғаны» «ағаштар гүлдейді», «жан-жануар ояна бастағаны», «дән егіп жатқан диқаншы» сияқты жауаптар қайырады. Оқушылар көктемді әртүрлі түспен елестетеді. Бір оқушы жасыл түсті, біреуі қызыл қызғалдақ түсін елестетеді. Мұндай жұмыс түрлерін ұйымдастырудағы басты мақсат оқылатын шығарманы дұрыс, өз дәрежесінде қабылдауға жағдай туғызу, оқушы қиялын ұштау болып табылады.

«Күз» өлеңінде Абай бұлттың түсін неліктен басқаша қолданбай, (қара бұлт, ақ бұлт, ақша бұлт, т.б) «сұр бұлт тіркесімен берген? Немесе «дымқыл тұманның ерекшелігі қандай?» деген сұрақтар табиғат ерекшеліктерін тереңдей ұғуға әрі жете түсінуге жетектейді. Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма, Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан. Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай, Жастар күлмес, жүгірмес, бала шулай, – деген жолдарға назар аударта оқыту оқушы ойын, ассоциациялық қиялын күз көріністерімен толықтырады, жаңа ұғым, түсініктерге, сезімге ойыстырады.

Өлеңнің келесі жолдары сол ұғымдардың бояуын қанықтырып, өлеңнің әлеуметтік мәнін түсініп қабылдауға жол ашады. Оқушы санасында Абай бейнелеген күздің тұтас суреті орнығады. Қорыта келе, оқыту жұмысының нәтижелі болуы оқыту әдістерін үйлесімді етіп таңдап ала білуге байланысты. Себебі оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ. Ал сабақтың мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық, шығармашылық еңбегі, сондай-ақ сабақта оқыту мен тәрбиенің міндеттері, мақсаттары жүзеге асырылады, оқушылардың ой – өрісі кеңіп, қабілеті шыңдала түседі, өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Ұлы Абайдың лирикалық шығармаларын сабақта және сабақтан тыс шараларда 1-4 сынып оқушыларына үйрету барысында ең қажетті сыналған әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуге шығармашылықпен қатынас жасау, оқытудың жаңа технологиясын іздеп табу – біздің үлесімізге тиетін мәселе.

Оқушының функционалдық сауаттылығы оның дүниетанымы мен дүниеге көзқарасының қалыптасуына байланысты. Олардың өз заманының талабына төтеп бере алуының кепілі – бүгінгі оқытуды солардың зиятына (интеллектуалдылық) негіздеу. Абай сөзімен қорытар болсам, «Мен» контентінен «Толық адам» контентіне жетуге лайықты рухани құндылықтарды бойына сіңіре оқытуды жүзеге асыру қажеттілігін түсіну.

Қорыта келгенде, ұлы Абайдың шығармаларын оқушыларға үйрету барысында ең қажетті әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуде шығармашылықпен қатынас жасау бүгінгі күннің ең басты мәселесі болып табылады. Себебі жастарымыздың дүниетанымына, дүниеге көзқарасын қалыптастыруда, олардың заман дәрежесіндегі азамат болып өсуінде, биік интеллектуалдық жетілуінде, олардың бойындағы эстетикалық талғамының ұштала түсуінде ұлы Абайдың шығармалары бірден бір рухани азық болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері. Мақалалар жинағы / Жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев; баспаға дайынд. Л.Мұсалы, Б.Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 254 б.
2. Жусанбаева С. Б. Абай шығармашылығын оқытудың дидактикалық мәселелері // Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі. Үшінші халықаралық конференция материалдары. Алматы, 10 тамыз 2022 жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындаған Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2022. – Б. 39-55. ISBN 978-601-04-6060-7 «Абай институтының электрондық басылымдары» сериясы. <https://abai.kaznu.kz/?p=5508>
3. Аюбаева Т. Ақпараттық технологияларды оқыту үрдісінде Т. Аюбаева // Қазақстан мектебі 2008. - № 11. – Б. 50.



ӘОЖ: 82.0(574)

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ «МҰСЫЛМАНШЫЛЫҚТЫҢ ТҮТҚАСЫ» КІТАБЫНЫҢ ТҮП- НЕГІЗДЕРІ

Серікбай Оспанұлы

Ыбырай Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық мұражайының ғылыми қызметкері, профессор

Күлзада Мырзағалиева ф.ғ.к.,

А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті,

Ө. Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институты,

Тілдер және әдебиет теориясы кафедрасының қауым. профессоры

***Аңдатпа:** Мақалада Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабының түп негіздері – Құран Кәрим, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) Хадистері, Рабғұзидің «Қисса-сұл-әнбия-й» еңбегі мен татар ғалымы, ахуны Атаалла Баязиттің «Иман» туралы кітаптарынан алынғаны нақты мысалдар келтіріліп, салыстырыла баян етіледі.*

***Кілт сөздер:** Мұсылман, Алаһ Тағала, аят, Хадис, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар, мұсылманшылықтың тұтқасы, Құран Кәрим, иман, қайырым.*

Кітап «Бисмиллаһи-р-рахмани-р-рахим-Қайыр-рақымы мол Алланың атымен бастаймын!

Қанша мақтау бір Құдай табиғиқ уа тағалаға лайық!»- деп басталып, аспан, жер, аң-құс – бәрі-бәрі «жалғыз теңдесі жоқ, ұқсасы жоқ бір Құдайдың барлығына, бірлігіне һәм кәміл жаратушы халық- қадір екендігіне дәлел болса керек. Оның үшін мұншама ғажайып ойлап, ақыл жетпейтін істер һәм зат мақұлықтар бір Құдайдың бұл деген жалғыз болғандүр.

Мұнан соң мақтау лайық пайғамбарымыз Мұхаммад мұстафа салла аллаһу аллаһи уассаламға» деп жалғасады[1. 7-8 бб.].

«Мұсылманның әрбір маңызды игі істі Аллаһ Тағалаға мақтау айтумен бастауы мен аяқтауы мустахабқа, яғни, шарифат дұрыс көрген амалға жатады. Мұның мәнісі: **Аллаһ Тағала игі істі істеуін нәсіп еткені үшін шүкіршілік етуде.** Сонымен қатар әрбір жақсылық үшін Аллаһ Тағалаға мақтау айту да мустахабқа жатады...

Аллаһ Тағала Өзіне мақтау айтудың қажеттілігіне нұсқап айтады: «Я, Мұхаммад (с.ғ.с.)! Аллаһ Тағала мақтау және Ол пайғамбарлыққа таңдаған пенделеріне сәлем болсын», -деп айт». (Нәмл: 59 аят).

Я, Мұхаммад (с.ғ.с.)! «Баласы болмаған Аллаһ Тағалаға мақтау болсын»-деп айт» (Исра: III аят) [2;8-9 бб.]

Ыбырай айтқан Атаалла Баязит кім?

Атаулла (Гатаулла) Баязитов (1846, Тюменсу, Касымов уезі, Рязань губерниясы, Ресей империясы — 21 сәуір (4 мамыр) 1911, Санкт-Петербург, Ресей империясы) - дін және қоғам қайраткері, Санкт-Петербург мұсылман қауымының көп жыл жетекшісі болған. Азия департаментінің шығыс тілдерін оқыту бөлімінде түркі тілдері мен мұсылман құқығы пәнінің оқытушысы, Сыртқы істер министрлігінің бірінші Департаментінің драгоманы болып қызмет атқарды. Татар тілінде "Нұр" ("Свет") газетін ашты. 1880 жылдары ол Санкт-Петербург үлкен мешітінің құрылысының бастамашысы болды.

Бастауыш білімін әкесінің медресесінде алды. Касымов уезінің "Баймұрад" медресесінде, одан кейін Қазан уезінің "Кышкар" медресесінде оқыды. 1867 жылы Четаево (Чутай) ауылына оралып, үш жыл бойы ауылдық медреседе логика мен философиядан сабақ берді. 1870 жылы Орынбордағы мұсылман рухани жиналысында емтихан тапсырып, имам-хатыб-джалия мударрис атағын алды.



1871 жылы ол Санкт-Петербургке шақырылады. Сол қалада 2-ші санатты мешітті басқарды. Кейін Мәртебелі император Конвой мен жеке гвардиялық корпустың қырым-татар эскадронына аға ахун болып тағайындалды. Ол сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің шығыс тілдерін оқыту бөлімінде, Николаев кадет корпусында және Санкт-Петербургтің басқа оқу орындарында аудармашы және оқытушы қызметін атқарды.

1881 жылы Санкт-Петербург бірінші мұсылман мешітінің имамы - Ш. Юнусовпен бірге үлкен Санкт-Петербург мешітін салуға рұқсат алу үшін жергілікті билікке жүгінеді. Дәл осы кезде Ресей мұсылмандарының қоғамдық қозғалысының көрнекті құбылысына айналған мешіт құрылысына қаражат жинау жөніндегі бүкілресейлік науқан басталды. 1906 жылы Үкіметтен мешіт салуға қаражат жинау жөніндегі уәкілетті тұлғалардың арнайы комитетін құруға және басқаруға рұқсат алды. 1910 жылы 3 ақпанда мешіттің ресми түрде құрылысы басталды. Сол кезде Баязитов науқас болғанына қарамастан мешіттің алғашқы кірпішін салу салтанатты рәсіміне қатысып, сөз сөйледі.

Ислам туралы кітаптардың авторы. "Эрнест Ренанның сөйлеген сөзіне қарсылық: Ислам және ғылым" (түпнұсқа атауы: «Возражение на речь Эрнеста Ренана: Ислам и наука») кітабында Ислам ережелері мен білімнің үйлесімсіздігі туралы мәлімдеген француз ғалымы Ренан арасында дау туды. "Исламның ғылымға және басқа діндегі адамдарға қатынасы" (түпнұсқа атауы «Отношение Ислама к науке и иноверцам») кітабында Баязитов исламның негізгі принциптерінің бірі басқа діндегі адамдарға дұрыс көзқараста болу екенін дәлелдеді. "Ислам және прогресс" еңбегінде ислам діні мен прогрестің толық үйлесімділігі туралы айтылды [3].

«Мұсылманшылық тұтқасы» кітабының «Шарият-ул-ислам»деп аталатын кіріспесінде әуелі иманды болып, ол иман деген не екеніне түсініп, иман ішіндегі сөздерді шын көңілмен дұрыс деп білген кісіні мұсылман деп атайтыны айтылып: «Соның үшін Құдай Тағаланың пенделеріне парыз еткен парыздарының ең әуелі иман болса керек. Иманнан соң дін ғылымы дүр», -деп дін ғылымының мән-мазмұнын түсіндіреді[1; 10 б.].

Ыбырайдың бұл ой-пікірлері кітаптың «Иман турасында» деген алғашқы бабында жалғасып, иманның жүрекпен сеніп, тілмен айту екендігін, жеті шарты –Алла Тағаланың бар екендігіне сену; Періштелерге сену; Кітаптарына сену; Пайғамбарларына сену; Ақырет күніне сену; Тағдырға (Жақсылық пен жамандық тек Алладан екеніне) сену; Өлгеннен соң, қайта тірілу бар екендігіне сену керектігі егжей-тегжейлі түсіндіріле жеткізіледі.

«Құдай тағала Құран карим ішінде баян еткен һәм пайғамбарымызға берілген сол, айтсақ керек «иландым Алла тағалаға, һәм періштелеріне, һәм кітаптарына, һәм расулдарына, һәм ақырет күніне, жақсылық-жамандық Алла тағаланың тағдырының екеніне, һәм өлген соң тірілмегімізге деп» [1;14 б.].

«Иманның екі мағынасы бар; бірі–тіл мағынасы. Тіл мағынасы дегеніміз – әркім тілмен айтып растамақ. Мәселен, мұсылманшылығымызға бас куәлік-сөзіміз немесе араб тілінше шәһәда (тун)- иманымыз ашһаду ан лә иләһа илла алла уа ашһаду анна мухаммадан адуһу уа расулуһу болса керек. Яғни «куәлік беремін, жоқ-ты бір Құдайдан бөтен Құдай және куәлік беремін, Мұхаммед оның құлы һәм елшісі екендігіне деп, шарифат мағынасы растағанда ол иманды көңілімен растамақ дегеніміз, жалғыз Құдай Тағала бар, Мұхаммед хақ пайғамбар» деп айту ғана емес, пайғамбарды хақ деп біліп һәм ол пайғамбарымыз аллаһи-с-саламның Алла тағала жанбунан (жанынан-С.О.) алып келген қанша парыз бұйрықтары болса, мәселен, намаз, руза рәуішті, осылардың бәрін де тілмен рас деп айтып һәм шын көңілмен растығына сенбек»[1; 12 б.]

«Иман етуде тілмен айтудың қаншалықты маңызды екенін Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына хадистерінен де байқауға болады: «Адамдар: «Аллаһтан басқа тәңірі жоқ. Мұхаммед оның елшісі» деп айтқанға дейін олармен соғысуға бұйырдым. Қашан осы сөзді айтатын болса, жаны мен малын менен құтқарған болады. Бірақ діни жазалар бұдан басқа, ішкі жан дүниесінің есебі Аллаһқа қалады» [4].



«Жүрегінде бидайдай, арпадай иманы болып: Аллаһтан басқа тәңірі жоқ. Мұхаммед оның елшісі» деген адам жәһәннамнан шығады» (Бухари, Иман-33; Тирмизи, Жәһәннам-9; Ибн Мажа, Екінші баб – «Ағмал заһир турасында».[4;70]

Онда дініміздің бес парызы жайында әңгіме болады.

«Құдай тағаланың бұйырған заһир істерінің аты–парыз. Парыз дегеніміз сондай бұйрық. Мұны орнына келтірудің керектігінде ешбір шек жоқ, яғни Құранда, не хадисте, не барша мұсылманның аят-хадиске тура келтіріп ынтымақпен шығарған бұйрықтары намаз, руза, закәт, хаж рәуішті, бұл парызды орнына келтірмеген кісіге қияметте отпен азап етілінеді. Тіпті ол парыздың парыз екеніне нанбаған кісі–кәпір болады».[1; 23 б.]

Құранда: «Шын мәнінде садақалар (зекеттер), кедей-кепшіктерге, зекетті жинауға тағайындалған адамдарға, көңілдері жібітілуі мақсат етілгендерге (жаңа мұсылмандарға), құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға, Аллаһ жолына және қиналған жолаушыларға берілуі Аллаһ тарапынан парыз етілді» [5;60];

«Ислам бес нәрседен тұрады (Олар:) Иман етіп, кәлима айту, намаз оқу, зекет беру, қажылыққа бару және рамазан оразасын ұстау» [Бухари, зекет].

«Намаз оқуға даярланғанда әуелі дененің, бойдың таза болмағы керек, таза болмаған кісі ғисл құйынарға керек» [1; 25 б.]

Құранда: «Аллаһ көп тәубе етушілерді және көп тазарғандарды ұнатады» [6].

«Алғашқы күннен-ақ тақуалық негізінде құрылған мешітте (Құба мешіті) оқығаның әлбетте ең дұрысы. Онда тазарғанды жақсы көретін адамдар бар. Аллаһ барынша тазарушыларды ұнатады» [7].

«Намаздың кілті – тазалық» [8].

«...Намаз оқу алдында денеңізді, киіміңізді, жайнамазыңызды жоғарыда айтылған қалпынша тазалап, намаз оқитын жерге келіп, немесе масжидке (мешітке –С.О.) келіп жүзінді құбылаға қойып (ағиззу билла мин аш-шайтани-р-ражим бисми-л-лаһи-р-рахмани-р-рахим) деп бастап ниет айтасыз...» [1; 34]

Құранда: «Киіміңді таза ұста! Әр түрлі лас істерден аулақ бол»[9].

Кітаптың үшінші бабы «Ахлақ яғни адамдарға тиісті-тиіссіз мінездер турасында». Онда адам бойындағы жақсы мінез жайында әңгіме болады. Олардың арабша аттары аталып, жаман мінездің куфур (күпірлік) иманы жоқтықтан болатыны, иманды адамның күпірлікке бармайтыны, жаман мінезді иманды адам жеңетіні мысалдар келтіріле отырып дәлелді жеткізіледі. Құдай Тағаланың барлығына, пайғамбар хақтығына нанбай, қалалды харам, харамды қалал деу күпірлік екенін айтады.

Теология ғылымдарының докторы Қалмахан Ержан ҚМДБ уағыз-насихат бөлімінің қызметкері, теология ғылымдарының докторы Қалмахан Сейітұлының «Пайғамбарлар тарихы» кітабына жазған алғы сөзінде, - Пайғамбарларға сену – Ислам дініндегі алты иман шарттың бірі екенін ескертіп: «Ал Пайғамбарларға иланбау – Аллаһ тағаланы және жер бетіне түскен күллі қасиетті кітаптарды мойындамау деген сөз», - дейді. – Өйткені, ұлы Жаратушының күллі ақиқаты осы пайғамбарлар арқылы жеткен. Олар Аллаһ пен адамзат арасындағы елшілік етуші дәнекер тұлғалар. Басты міндеті – дінді жаю. Пайғамбарларға сенбеген, танып-білмеген әрі оларды сүймейтін адам екі дүниеде де абыройы асқақ, қадірлі бола алмайды (6 б.)

Хадис: «Жүрегінде зәредей тәкаппарлық болған адам жаннатқа кірмейді». [10]

«Хасад дегеніміз күншілдік, яғни біреудегі Құдай тағаланың берген дәулетін, не ілімін, не бір пайдалы ісін көріп ол дәулеттердің ол адамнан кетуін тілемек. Ұрлық ету, біреудің не малын, не білімін, не бағын күндеп хас болу немесе өлтіру, малын алу, біреуді талау, пәре, өсім алу. Осындай бұзық істердің бәрі де кісідегі дәулеттің өзіндікі етіп алайын не болмаса өзімен білімді кіс болмасын деп ойлайтын мінезден табылады. Құдай тағала мұндай пиғылдан әр мұсылман пендені өзі сақтағай.



Пайғамбарымыз алайһис-салам айтыпты (ал-харису ла йадхулу ал Жанната уал уал хусуру йа-кулу л-хасанати кама йа кулу-н-нару-л-хатаба). Яғни, күншіл кісі Жаннатқа кірмес, күншілдік от отынды жойған ғәуішті құлшылығынды жояды деген сөз. [1; 53]

Хадис: «Күншілдік ету – от отынды жегені секілді жақсылықтарды жеп бітіреді» [11].

Ыбырай діни кітаптардың біразын оқып, оларға сын көзбен қарап, балаларға, келешек ұрпаққа адамгершілік тәрбие беретін тұстарын шығармаларына арқау еткені жоғарыдағы мысалдардан-ақ тайға таңба басқандай көрінеді.

Ұлы ұстаздың сол мақсат-мүдделері, таза қазақ тілінде жазылған еңбек оқушысын жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа, ізгі жолға бастайды. Тәкаппаршылықтан, өркөкіректіктен, күншілдіктен сақтандырады.

Ыбырай ғұмыр кешкен заман – діннің дәуірлеп тұрған тұсы. Сондықтан да болашақ ұлы ұстаз балаларды дін жолымен тәрбиелеуді көздеді. Оны ол: «... Мұндай дін кітабы сыртқы жағынан қарағанда мұсылманша болмаған соң, қазақ арасында сенімді болмас еді. Өртүрлі қолайсыз әңгімелер туғызар еді, сөйтіп іске аспай мектеп кітапханаларында жатып қалар еді», - деп жазады.

Өзі айтқандай, кітап жазудағы тағы бір мақсаты «қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін».

Көрегендік! Қазір жастарымыздың басқа ағымға түсіп, адасып жүргендері аз емес. Бұл Ислам дініне кір келтіріп, ағайын арасына жік түсіріп, елді бүліншілікке бастауда.

Ыбырай: «Бидағад дегеніміз пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа сала аллаһу алайһи уа-саламды көріп, сөздерін естіп қалған адамдардан кейінгі уақытта өз ойынан жаман пиғылмен шарифат бұйрығы деп әмір шығарып, ол пайғамбар жолдастарының айтып кеткен шын шарифат бұйрықтарынан бас тартып немесе мағынасын өзгертіп жүрушілерді айтады. Бұл мінезді кісілер пайғамбар шапағатынан алыс болса керек».

Мұның хақында пайғамбарымыз алайһис-салам айтыпты деп мына жолдарды келтіреді: («ла йақбалу аллаһу тағала лисахиби-л-бидағата сауман уа ла хажжан уа ла ғумрат уа ла жаһадан уа ла сарфан уа ла аллан уа йахружу мин ал-ислами кама йахружу аш-шағри мин-ал-ажин»). Яғни Құдай тағала қасында бидағат иесі адамдардың оразасы, хажы, дінге дұшпан халықтарға қарсы соғысқа барулары, зекет-садақалары, әділдіктері болса да мұсылманшылықтан олар шығарылар бейне қамыр ішінен қыл алып шығарып тастаған рәуішті деген сөз. Үшінші, рия дегеніміз – Құдай тағалаға құлшылық [1; 52]

Хадис: «Аллаһ бидағатқа түскен адамның оразасын, намазын, қажылығын, умрасын, жиһадын, сол жолда сарп еткендерін, сөзін қабылдамайды, ол қылдың майдан суырып алынғаны секілді оңайлықта Исламнан шығады» [12].

Одан әрі осы бапта Ы.Алтынсарин жақсы кісі болып көрінгісі келетін, алайда ішкі ойы бұзық, өз пайдасын ғана ойлайтын жан да күнәһар болып табылатынын, бұл дүниедегі кісілердің бәрі әуелде Адам ата Хауа анадан өрбігенін, біреуді бай, біреуді жарлы ету Құдай тағаланың тағдыры екендігін ескертіп, еңбек етіп, мал тауып, бала-шаға, ата-ананы асырау уәжиб дейді. (Уәжиб – әрбір мұсылман орындау тиісті амал. Уәжибті орындамаған күнәлі, орындаған сауапты болады).

Қайырым жасаған жандарға ұжмақ бұйыратынын айтады. Сөйтіп «Егер дүниедегі малды Құдай бергенін түсінбей, жалғыз өз малым деп, бар зекет-хайырдан тоқталған адамдар яғни өзі қолынан келіп тұрғанда бөтенге хайыр етуді білмеген адам өзгеден һәм хайыр-үміт етпесе керек. Пайғамбарымыз аллайһис-салам айтқан («хаслатани ла йажтами ғани фил-мумини-л-бухлу уа суу-л-хулки»), яғни, екі нәрсе шын мумин пенденің көңіліне қонбас; біреуі – сарандық, біреуі – бұзықтық деген сөзге көп жаман мінездер кіреді» [1;54], - дейді.



Хадис: «Мына екі сипат мұсылманның бойында болмайды: сараңдық пен жаман мінез» [13].

Ағартушының бұл айтқандары өсиет өлеңдерінде былайша көрініс табады.

Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым,
Тең етті бәрімізге күн мен айын.
Адамның адам біткен баласымыз,
Қайсың бөлек тудың деп айырайын.
Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріне қарасыңыз...

Ұмытпа бай болдым деп бір Құдайды,
Жер жұтқан қайырсыздан Қарынбайды.
Мекенін білемісіз, қайда қалды,

Жомарттық қылған үшін Атымтайды.

«Хасад дегеніміз күншілдік, яғни біреудегі Құдай тағаланың берген дәулетін, не ілімін, не бір пайдалы ісін көріп ол дәулеттердің ол адамнан кетуін тілемек. Ұрлық ету, біреудің не малын, не білімін, не бағын күндеп хас болу немесе өлтіру, малын алу, біреуді талау, пәре, өсім алу.

Осындай бұзық істердің бәрі де кісідегі дәулеттің өзіндікі етіп алайын не болмаса өзімнен білімді кіс болмасын деп ойлайтын мінезден табылады. Құдай тағала мұндай пиғылдан әр мұсылман пендені өзі сақтағай.

Пайғамбарымыз алайһис-салам айтыпты (ал-харису ла йадхулу ал Жанната уал уал хусуру йа-кулу л-хасанати кама йа кулу-н-нару-л-хатаба). Яғни, күншіл кісі Жаннатқа кірмес, күншілдік от отынды жойған ғәуішті құлшылығынды жояды деген сөз. [1; 53]

Хадис: «Күншілдік ету – от отынды жегені секілді жақсылықтарды жеп бітіреді» [11].

Ыбырай діни кітаптардың біразын оқып, оларға сын көзбен қарап, балаларға, келешек ұрпаққа адамгершілік тәрбие беретін тұстарын шығармаларына арқау еткені жоғарыдағы мысалдардан-ақ тайға таңба басқандай көрінеді.

Ұлы ұстаздың сол мақсат-мүдделері, таза қазақ тілінде жазылған еңбек оқушысын жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа, ізгі жолға бастайды. Тәкаппаршылықтан, өркөкіректіктен, күншілдіктен сақтандырады.

Ыбырай ғұмыр кешкен заман – діннің дәуірлеп тұрған тұсы. Сондықтан да болашақ ұлы ұстаз балаларды дін жолымен тәрбиелеуді көздеді. Оны ол: «... Мұндай дін кітабы сыртқы жағынан қарағанда мұсылманша болмаған соң, қазақ арасында сенімді болмас еді. Өртүрлі қолайсыз әңгімелер туғызар еді, сөйтіп іске аспай мектеп кітапханаларында жатып қалар еді», - деп жазады.

Өзі айтқандай, кітап жазудағы тағы бір мақсаты «қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін».

Көрегендік! Қазір жастарымыздың басқа ағымға түсіп, адасып жүргендері аз емес. Бұл Ислам дініне кір келтіріп, ағайын арасына жік түсіріп, елді бүліншілікке бастауда.

Кітаптың «Намаз ішінде оқылатын дұғалардың қазақша мағынасы» деп аталатын төртінші тарауының «Құрбан бауыздалардағы оқылатын дұға» бөлімі «Ибраһим пайғамбар ұғлы Исмағилді құрбан етуге тұрғанда Құдай тағала қошқар жіберіп, сол қошқарды Ибраһим сояр уақытында оқыған дұғасы болса керек» деп басталады.



Ибраһим пайғамбардың ұлы Исмағилді құрбан шалуға ұйғаруы жайындағы бұл оқиға Құран Кәрімде бар (37- «Саффат» сүресі, 100,101,102, 103,104, 105, 106, 107, 108, 109, 110) [14].

Бірақ Ыбырай мұсылмандарға құрбан шалу міндет екенін, бұл Ибраһим пайғамбар уақытынан келе жатқанын түсіндіріп, бұл оқиғаны «Қисса-ұл-әнбия» кітабынан алғанын айтады.

Бұл шығарманың шын аты «Қисас-и Рабғузи» («Рабғузи қиссалары») кейінгі жырлаушылар оны «Қисас-ұл-әнбия» деп атап кеткен. Әнбия – араб тілінде пайғамбар. Яғни, «Қисас-ұл-әнбия» – пайғамбарлар туралы қиссалар. Негізгі мазмұны Құран Кәрім мен Інжілден алынған бұл кітапты құрастырған, жазған Рабғузи, Разғузи – бүркеншек аты, шын аты Насыретденұлы Бұрдаһдин. Еңбек 1013 жылы (710 құжыра) жазылған.

Қазан қаласында Каримовтар баспаханасынан татар тілінде шыққан бұл кітап 2001 жылы «Қисса-сұл-әнбийя» Адам – Атадан Мұхаммедғалайһи-уәссәләмға дейін» деген атпен Алматының «Санат» [15], 2006 жылы «Арда» баспасынан жарық көрді (көлемі 248 б.) [16].

1914 жылы Қазан қаласында Каримовтар баспаханасынан жарық көрген «Қисса-сұл-әнбияның» көлемі – 479 бет. Кітапқа 79 қисса-хикая, ертегі, аңыз, әңгіме, өлең, оқиғалар кірген.

Рабғузи жазбалары – кезінде Құран Кәрім мағынасын оқушысының дұрыс түсінуіне қызмет етіп, қасиетті Құранның ақиқаттығын айғақтай түскен рухани құнды қазынамыз.

Ғалым Бейсенбай Кенжебаев «Қисса-сұл-әнбия» ерте замандардағы түрік текті халықтардың, ру-тайпалардың қисса-хикаяларының, аңыз-ертегілерінің, өлең-жырларының жинағы, көркем шығарма екенін айтып, оларды тақырып-мазмұнына, идея-мәніне қарай үш топқа бөледі: «Оның біріншісі – жер,-дейді автор,- көк, адамзат, хайуанат, жын-шайтан, періште, адам ата, от, топырақ жайлы түсінік, мақала, әңгімелер. Екіншісі – әулие-әнбиялар, солардың өмір деректері, іс-әрекеттері туралы хиссалар, ертегілер, аңыздар. Үшіншісі – шежіре, мұсылман жыл есебінің, һыжыраның алғашқы он жылы ішінде болған тарихи оқиғалар, күнтізбе – жыл, ай, күн, жұлдыз аттары, назым өлеңдер [17].

Осы әдеби жәдігерліктегі ертегілер мен әңгімелер, аңыздар желісін пайдаланып қазақ ақындары талай дастандар жазған. Оған Әл-Фарабидің шәкірттерінің бірі Сүлеймен Бақырғанидың (1103-1186) «Исрайыл Қиссасы», Шәді Жәңгірұлының (1855-1924) «Ибраһим пайғамбардың хикаяты», Әбіләкім Игібайұлының «Көк қошқар», Жүсіпбек Шайхысламұлының (1857-1937) «Қисса Қасым Жомарт», Ерімбет Көлдейбайұлының «Атымтай Жомарт», Қашафутдин Шаймарданұлының (1864-1920) «Хисса Хатымтай Жомарт», Абай Құнанбаевтың (1845-1904) «Ескендір» поэмалары куә.

Ыбырайдың да «Қазақ хрестоматиясы» кітабындағы «Лұқман әкім», «Жомарт» (Атымтай Жомарт) әңгімелері мен «Әсиет өлеңдеріндегі» Дәуіт пайғамбар, Тақ Сүлеймен, Ескендір патша, Қыдыр – Ілияс, Зылиқа, Жүсіпжайындағы әңгіме, өлеңдер Құран хикаялары мен осы «Рабғузи қиссаларынан» алынғанына көзіміз енді жете түскендей. Егер Ыбырай «Мұсылманшылық тұтқасында» «Қисса-ул-әнбия» кітабы жайында айтпаса, бұл бізге әлі де жұмбақ болып қалар еді.

Ұлы ұстаз «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабында Құдай Ибраһим пайғамбарға құрбан шал деп аян бергенін, Ибраһимнің 100 түйе құрбан қылғанын, екінші күні Құдай тағы аян беріп, жүз өгіз құрбан қылғанын, үшінші күні тағы да аян бергенін айтады. Үшінші күні Ибраһим «нені құрбан қылайын?» деп сұрайды. Құдай «Бізден бөтен сүйікті не жандығың болса, соны құрбан ет», - дейді. Ибраһим сүйікті баласы Исмағилды ишарат еткенін түсініп, Исмағилдың анасы Ажарға «Бір құрметті досым Исмағилдықонаққа шақырыпты», - деп оны жуындырып, таза киімдерін кигізуді сұрайды.



Исмағил жуынып болған соң Ибраһим арқан,пышақ алып тауға беттейді. Мұны көрген ібіліс Исмағилға «Атаң қолына арқан мен пышақты не үшін алды? Сені өлтіруге алып барады», - деп азғыра бастайды. Ол ешкімнің атасыбаласын жазықсыз өлтірмейтінін айтып, сенбейді. Шайтан бөтен иландырарлық сөз таппай: «Сені Құдай ризалығы үшін құрбан етуге алып барады», - дейді. Исмағил «Егер Құдай ризалығы үшін болса, бір жаны түгілі, жүз жаны болса да» қиятынын айтады.

Шайтан азғыруға қатын көнер деген оймен Ажарды азғыра бастайды, бірақ ол да Алла жолына баласын қиятын ниетін білдіреді. Одан әрі оқиға былайша өрбиді:

«- Ей, балам, сені түсімде бауыздап жүр екенмін. Исмағил айтты: - Ей, ата, Құдайдың бұйрығы нешік болса, солай қыл. Сен Құдай разылығы үшін ұғылданкешсең, мен де жанымнан кештім. Досыңа берген уағдаңды орнына келтір, - деді. Ибраһим жылай айтты: - Ей ұғлым, нешік сабыр етейін? Исмағил айтты: (Ин ша алла) Құдай тағала мені сабыр иелерінен еткей: Енді, ата, тұр, кешке қалма, саған үш өсиетім бар: әуелі, қолымды қатты байла, жан ашуымен ұрынсам қаным сізге тимесін; екінші, бауыздарда, жүзімді төмен қарат, бетіме көзің түсіп хәм аталық мейірің түсіп, бауыздарға келгенде қолың тітіремесін; үшінші анама сәлем айт хәм қайда қара шашты жігіт көрсен, мені жазына түсіріп тұға қыл», - деді.

Ибраһим Исмағилды бауыздамақ болып пышағын алқымына апарып тартып қалғанда, пышағы өтпейді. Осылай үш рет қайталайды, үшеуінде де өтпейді. Ашуланып пышағын лақтырып жіберген кезде, Құдай: «Ибраһим түсінді расқа шығардың, сен сөзіңе жеткен соң біз хәм саған сый жібердік», - деп, құрбандыққа қошқар сыйлап, баласына бостандық бергенін айтады [1; 47].

Бұл қиссалар қазақ арасына өте кең тараған. Оның тағы бір дәлелі- қазіргі Қостанай облысының Бейімбет Майлин ауданында туып-өскен, руы-қыпшақ, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Байғұлұлы Құлмұхамбеттің (1863-1918) «Қисса хазірет Жүсіп алейһиссәләм илән Зылихань мәселесі» дастанын ел арасынан жинап, жазып алуы. Бұл қолжазбаны 1961 жылы Алматыдағы М.Әуезов атындағы әдебиет институтын қолжазбалар қорына ғалым С. Ордалиев тапсырыпты.

Қостанайлық Құлмұхамбет Байғұлұлының қолымен жазылған Жүсіп-Зылиха жайындағы қолжазба туралы ғалым Алма Қыраубаева оның 1889 жылы жазылғанын, автордың білімділігін, әдебиетті, жалпы сөз өнерін сүйетін адам екенін, қалың дәптерге араб әрпімен түрлі өлең, әңгіме, шешендік сөздер ауыз әдебиетінің тағы басқа үлгілерін тізіп жазғанын, олардың арасында Нұржан Наушабаев пен Мәулекей Жұмашевтің, Мұхамеджан Сералиннің, Күдері ақынның (Жолдыбайұлы – С.О.), оның он бір жасар баласы Марданның өлеңдері де барын айтады. «Жүсіп қиссасы»- дейді А. Қыраубаева дәптердің 7-106 беттерінде қауырсын қаламмен бірқалыпты, анық, аса сұлу етіп жазылған. Бас жағында «...бұл амма рауиан, уа наклан, шырын мұхтибар «Қисса-ұл-Әнбиядан...» деген сөз бар» [18].

«Осы «Шарият-әл-исламнан» кейін Ыбырайдың христиан дініндегілерден де, мұсылман дініндегілерден де дұшпандары көбейіп кетті. Мұсылман молдалары шарифатты дұрыс баяндамадын, біздің уағызымызға тосқауыл қойдын десе, 1862 жылдан бастап қазақ даласында христиан дінін таратуды, қазақтарды шоқындыруды көздеген «Православное миссионерское общество» мүшелері сен мұсылман дінін уағыздадың деп жек көрді.

Ыбырай Алтынсариннің амалсыздан барған қадамы миссионерлер үшін өздері аттап өте алмайтын дуалдай көрінуіне, қорасына қасқыр кіріп кеткендей сезінуіне себеп те жоқ емес. Миссионерлік қауымның көптен бері орасан зор қаражат жұмсап, шығарып келе жатқан діни кітапшаларына «Шарият-әл-ислам» тосқауыл болып көрінді» [19].



Жоғарыдағы ой-пікірлерімізді қорыта келе айтарымыз – қазақтың Ислам діні жайындағы тұңғыш оқу құралы «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабының түп-негізі, біріншіден, Құран Кәрім аяттары, екіншіден, өз Пайғамбар хазреті Мұхаммед (с.ғ.с) Хадистері, үшіншіден, автордың өзі жазып кеткендей имам Атаалла Баязит есімді молланың әр кітаптардан жинап шығарған «Ислам» деген кітабы, төртіншіден, орта ғасырда жазылған пайғамбарлар өмірі туралы хикаяларды қамтитын рухани мұрамыз Рабғұзидің «Қисса-сүл-әнбия-и» кітабы.

Алайда соңғы екі еңбек – «Ислам» мен Рабғұзи кітабының негізі де Құран Кәрім. Сондықтан, бірінің бастау бұлағы – күдіретті Алланың сөзі – Құран Кәрім мен өмірі, ісі бүкіл адамзатқа үлгі-өнеге Алла елшісі Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) Хадистері!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат-ул-ислам / Дайындаған. А. Сейдімбеков.- Алматы: Қазақстан, ТОП Қаламғар, 1991.
2. Исмул-Ағзам, Аллаһ Тағаланы ұлықтау және салауат дұғалары.-Алматы: «Нығмет» баспасы, 2005.
3. ru.wikipedia.org
4. Бухари, Жиһад -102; Иман-17; Муслим; Иман-8; Әбу Дәуіт, Жиһад-104
5. «Тәубе» сүресі, 60.
6. «Бұқара» сүресі, 2/222.
7. «Тәубе» сүресі, 9/108.
8. Әбу Дәууд, Салат 73; Тирмизи, Тахарат, 3.
9. «Мүддәссир» сүресі, 74/4.
10. Муслим, Иман, 148-149, 185 б.
11. Ибн Мажә, Зухд, 420.
12. Ибн Мажә, Мукаддимә, 48.
13. Тирмизи, Бирр, 41.
14. Құран Карим. Қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Х. Алтай. Медине, Мұнаууара Сауд Аравия, Құран Шәриф басылым комбинаты – һижри 1411, міләди 1991.
15. Рабғұзи. Қисса-сүл-әнбия-й. Адам атадан Мұхаммед ғалиһи-уассаламға дейін./ Татар тілінен аударған Р. Мұқанова.-Алматы: «Санат», 2001.-248 б.
16. Рабғұзи. Қисса-сүл-әнбия-й. Адам атадан Мұхаммед ғалиһи-уассаламға дейін./ Татар тілінен аударған Р. Мұқанова.-Алматы: «Арда», 2006.-248 б.
17. Кенжебаев Б. Қисас-сүл-әнбия // Жұлдыз, № 7, 1968-148-151 бб.
18. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы.-Алматы: Мектеп, 1988.-60-61 бб.
19. Кәкішұлы Т. Сандалтқан «Садақ».-Астана: Фолиант, 2002.-152-157 бб.



УДК 81-13

ҚАЗАҚ ТІЛІН КӘСІБИ БАҒЫТТА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Казыбаева Гульзира Самыжановна
Қайнар Академиясының аға оқытушысы
Алматы, Қазақстан

Түйін: Бұл мақалада қазақ тілін кәсіби бағытта оқытудың әдіс-тәсілдері мен тілдік тұлғаның кәсіби бағдарды қалыптастыру жолдары қарастырылады. Кәсіби тілді үйретудің басты мақсаты – мамандықтарына қатысты сөйлеу тілі қалыптасқан үйренушілердің қазақша сөйлеуін, жазуын, баяндауын жетілдіру, лексикасын байыту болып табылады.

Түйін сөздер: мамандық тілі, кәсіби бағыт, тілдік қатынас, қатысымдық әдіс, оқу үрдісі, кәсіби термин сөздер, кәсіби құжат тілі, мамандық лексикасы.

Бүгінгі таңда Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім. Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Жаһандану үдерісі басталғалы тілдік қатынас мәселесіне, тілдерді тиімді оқыту амал-тәсілдеріне үлкен мән берілуде.

Еліміздегі мемлекеттік тілдің бүгінгі мен ертеңі, оны оқытудың, меңгерудің тиімді жолдары бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі.

Қазіргі таңда жоғары оқу орнының алдына бәсекеге қабілетті, білікті маман даярлау міндеті қойылып отыр. Мемлекеттік тілді білу, оны өз қызметінде қолдана білу құзіреті болашақ маманға қойылатын негізгі талаптың бірі болып табылады. Осыған орай білім беру саласында болып жатқан өзгерістер оқытуды, соның ішінде қазақ тілін кәсіби бағытта оқытуды жаңа сатыға көтеруді талап етеді.

Сол себепті жоғары білім жүйесінде мемлекеттік тілді әрбір мамандықтың ерекшеліктері мен тілдік жүйесін ескере отырып үйрету күн тәртібіне қойылып отыр. Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, білім алушының, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзіреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды.

Қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді меңгеруде озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып табылады.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның ғылымда, өндірісте, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңейе түсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен тығыз байланысты екендігін көрсетеді.

Мамандардың пікірінше, кәсіби бағытты ескере отырып оқыту студенттердің таңдаған мамандықтарына қажетті білімді толық игерген, кәсіби мүмкіндігі мол маман иесін даярлауда өз әсерін тигізеді. Студенттерді мамандықтарына қатысты оқыту болашақ мамандардың кәсіби даярлығы мен дағдыларын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Өзінің мамандығы бойынша білім ала отырып, студент кәсіби – жеке тұлғаға тән ерекшеліктерді сезініп, моральдық-психологиялық ахуалды түсіне бастайды. Өзінің болашақ мамандығына тән барлық аспектілермен жете танысып, игерген теориялық білімдерін тиянақтап, мамандығына деген өз көзқарастары қалыптасады.

Кәсіби іскерліктерді жетілдіру жұмыстары кәсіби қызығудың пайда болуымен тығыз байланысты. Ал, кәсіби қызығушылық дегеніміз – студенттердің болашақ мамандықтарына



жетелейтін, олардың іс-әрекеттерін белсендіретін қызмет. Сондықтан қазақ тілін кәсіби бағытта меңгертуде студент қажеттілігін өтейтін тиімді әдістер қолдану көзделеді.

Қазіргі таңда тілді оқытудың ең басты бағыты – қатысымдық бағыт. Тілді қатысымдық тұрғыдан меңгертуге тілшілер де, әдіскер-ғалымдар да, ұстаздар да ерекше назар аударып отыр. Себебі, қатысымдық бағыт бүгінгі уақыт сұранысынан туып отырған заман талабына жауап бере алады. Қатысымдық оқытудың нәтижесі – тілдік қатынас. Тілдік қатынас дегеніміз адамдардың бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, тіл арқылы тілдік қатынас жасауы деген сөз. Осы тілдік қатынас бойынша зерттеу жүргізіп, оның тілдерді оқытудағы тиімділігін көрсеткен, тілдік қатынастың тұжырымын жасаған ғалым Ф.Оразбаеваның сөзімен алсақ, тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді [1,8]. Берілген анықтамадан көріп отырғанымыздай, тілдік қатынас – тек сөйлеу тілі арқылы тілдесу ғана емес, сондай-ақ, ол жалпы адамзатқа, қоғамға қызмет ететін, оны қоғамның өзі тудырған, оның әлеуметтік қажеттігін өтейтін күрделі құбылыс.

Тілдік қатынасқа түсушілердің ең басты қызметі – қатысымдық қызмет. Қатысымдық қызмет бойынша хабар таратушы мен хабар қабылдаушылар тілдік қарым-қатынастың барлық түрлерін іс жүзіне асыра отырып, хабар арқылы бір-бірімен қарым-қатынастық қызмет атқарады. Сондықтан да тілді қатысымдық тұрғыдан меңгертудің алатын орны ерекше.

Қатысымдық әдісін зерттеушілер В.Т.Костоморов пен О.Д.Митрофановалардың «қатысым әдісінсіз жаңа әдістеменің болуы мүмкін емес» деген тұжырымдары өте орынды айтылған [2,7]. Себебі, тілді үйретуде қатысым әдісінсіз тілді жылдам әрі сапалы меңгертуге, оны кәсіби ортада еркін тілдік қатынасқа түсе алатын дәрежеге жеткізу мүмкін емес.

Қатысымдық әдіс туралы А.Р.Артюнов: «қатысым әдісі дегеніміз – ерекше ұйымдастырылған тілдік әрекет, оның мәні тіл үйренушілердің өзара түсінісіп, әрекет етулері үшін ақпаратпен алмасуларынан тұрады», - деген пікір айтады [3,23]. Бұл айтылғандардан, қатысым әдісі оқу үрдісін қатысымдық үрдіске айналдырумен теңестіріледі деген қорытынды жасауға болады. Себебі, оқыту үрдісі қатысым үрдісінің моделі болған жағдайда қатысым әдісінің негізі қаланады.

Қатысымдық тілдерді оқытып үйретудегі негізгі бағыт болып табылады. Өйткені, тілдерді сапалы меңгертуге қойылатын негізгі талаптардың бірі – үйренетін тілде қарым-қатынас жасай білу. Егер студенттерді үйренетін тілде, яғни қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға үйреткіміз келсе, онда бүкіл сабақ барысы тікелей қарым-қатынасқа сай құрылуы тиіс. Сондықтан оқытудың барлық үрдісі тек тілдік қарым-қатынасты іске асыратындай құрылып, ұйымдастырылуы керек. Қатысымдық әдістің мәні де осында. Сонымен бірге тілдік қарым-қатынас студенттің қажеттілігін өтейтіндей болуы тиіс. Әрине, бұл жердегі қажеттілік дегеніміз қарым-қатынастың мамандыққа сай құрылуы керек екендігі түсінікті. Сонда тілдік қарым-қатынас қажеттілікті қанағаттандыратын құрал да бола алады.

Профессор Ф.Ш.Оразбаева қатысым әдісін жеке қарастырған әдіскер Е.И.Пассовтың қатысымдық әдістің негізгі мәні оның ұстанымдарын айқындаумен байланысты деген тұжырымын талдай келсе, қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын қатысым әдісінің алты түрлі ұстанымының ішіндегі ең басты ұстанымы – тіке байланыс ұстанымы деп көрсетеді. Тіке байланыс болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды деген қорытынды жасайды. Қатысымның өзі адамдардың біріккен әрекетінің бір қыры, яғни адамдардың үйренетін тіл арқылы өзара бірігіп әрекет жасауы болып табылады. Қатысымдық әдіс – ақпарат алмасу үрдісі, тіл үйренушілердің алға қойған мақсатқа жетуіне бағытталған белсенді тілдік қатынас үрдісі. Белсенді тілдік қатынастың өзі – тіке байланыс арқылы



жүзеге асатын үрдіс. Тіке байланыс – тек қатысымдық әдіске ғана тән ерекшелік. Тіке байланыс арқылы студенттер бір-біріне өз ойларын жеткізеді, өз көзқарастарын білдіреді. Бір-бірінен алған мәліметтерді, ақпараттарды қабылдайды. Сол арқылы жаңа хабарлар мен ұғымдарды меңгереді, ой қорытындылайды. Тіке байланыс арқылы студенттердің өз беттерімен жұмыс істеулеріне жол ашылады. Тілдік қатынастың ары қарай өрбуі үшін әрекет етіп, өзіндік жұмыс атқарады. Бұл қатысымдық әдістің бір ерекшелігі болып табылады. Сонымен бірге, оқыту үрдісіне қойылатын жаңа талапты – студенттердің өз беттерімен білім алуға жағдай тудыру керек деген талапты – ескерсек, қатысымдық әдістің осы талапты іс жүзіне асыратын бірден-бір әдіс екендігіне дау жоқ. Сондай-ақ, қазіргі заман талабына сай студент объект емес, субъект болуы тиіс деген қағида ұсталады. Аталған қағиданы іске асыруда да қатысымдық әдістің орны ерекше. Өйткені қатысымдық әдіс – субъект-субъектінің бірлескен әрекеті. Тілдік қатынасқа түсушілер бір-бірінен білімі, көзқарасы, белсенділігі арқылы ажыратыла отырып, бірде субъектінің рөлінен объектінің рөліне ауысса, келесі мезетте объектінен субъектінің рөліне ауысады. Бұны қатысымдық әдістің екінші ерекшелігі деп есептеуге болады.

Қатысымдық әдістің үшінші бір ерекшелігі – тілдік қатынастың проблемалық жағдайға сай құрылуы. Бұл жердегі проблемалық дегеніміз – тілдік қатынасты жүзеге асыруға бағытталған жағдайлар. «...любой речевой поступок должен совершаться только в условиях соответствующей речевой ситуаций» - деп көрсетеді Е.И.Пассов [4,119]. Яғни, қазақ тілін үйретуде үйренетін тілде тілдік қатынасты іске асыру үшін тілдік қатынас міндетті түрде болатын проблемаға тап болуы тиіс. Сонда ғана тіл үйренушінің тілді жылдам әрі сапалы меңгеруіне жол ашылады. Студенттің тіл үйренуге деген қызығушылығы оянып, белсенділігі артады. Себебі, қатысымдық әдіс – тілдік қатынасқа түсушілер арасында белгілі бір проблеманы шешуге негізделген үрдіс. Ол проблемалар студент мамандығына сай құрылады. Проблемалық жағдай туғызуда мынадай ережеге сүйену керек:

- проблемалық сұрақтарды студенттердің білмеуі;
- проблемалық сұрақтарды шешуде студенттердің бұрынғы қалыптасқан білімін пайдалану, ол жетіспеген жағдайда жаңа ұғымдарды іздестіру.

П.И.Пидкасистый проблемалық жағдай туғызу мен оны шешудің 5 кезеңін былай деп көрсетеді:

1. Проблемалық жағдай туғызу
2. Проблеманы шешу және оған өз тұжырымын беруге әрекет ету
3. Қиындық тудырған мәселе бойынша талдау жасау, өз ойларын білдіре білу
4. Жауабының дұрыстығын дәлелдеу
5. Проблемалық жағдайды толық шешу, оған көз жеткізу

Проблемалық оқыту әдісінің осы бес кезеңін іске асыру барысында студент міндетті түрде белсенді тілдік қатынасқа түседі. Өйткені ол белгілі бір мәселені шешу бойынша ой бөліседі, өз көзқарастарын білдіреді, оны дәлелдейді. Бұның бәрі тілдік қатынасқа түсудің бірден-бір жолы және студенттің өзіндік жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызады. Яғни, проблемалық оқыту дегеніміз – оқытушы мен студенттердің бірлескен оқу және іздену әрекеті. Проблемалық жағдайларды шеше отырып, студенттердің өз беттерінше саралау, түсіну, игеру, талдау, баға беруі болып табылады.

Проблемалық оқыту әдісі арқылы қазақ тілі сабағын ұйымдастырғанда оқу қызметінің бес түрін де (тыңдалым, тілдесім, оқылым, жазылым, айтылым) жетілдіруге болады. Бұл әдісті сабақ барысында қолданғанда студенттердің шығармашылық белсенділіктерін жетілдіреді, пәнге деген қызығушылықтары артып, пәннен терең білімділіктерін дамытады. Студенттердің ғылыми тұрғыдан ойлау дағдылары қалыптасады. Көтерілген мәселе бойынша көпшілік ақпарат құралдары мәліметтерімен, кітапханада, қосымша әдебиеттермен, энциклопедиялық сөздіктермен жұмыс істей отырып кәсіби білім қорларын



молайтады. Қозғалған мәселе бойынша бір-бірімен ой бөлісуге, сол арқылы белсенді тілдік қатынасқа түсуге мүмкіндік туындайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, тілді қатысымдық тұрғыдан меңгертудің негізгі ерекшеліктері мынадай болады.

Біріншіден, қатысымдық оқыту үнемі тілдік қатынастың кәсіби бағытта жүргізілуін қамтамасыз етеді. Яғни, сабақтың барлық кезеңінде, тәжірибе жүзінде, студенттердің бір-бірімен тілдесе отырып, тілдік материалды меңгерулері болып табылады.

Екіншіден, әр студенттің жеке бас қасиеті ескеріледі. Топтағы кез келген адам бір-бірінен өздерінің сөйлеу, ойлау қабілеті, қызығушылығы т.б. қасиеттері арқылы ажыратылады. Қатысымдық тұрғыдан оқыту осы жеке қасиеттердің барлығын ескере отырып, әр студенттің танымына, қызығушылығына, қабілетіне сай ұйымдастырылады.

Үшіншіден, қатысымдық тұрғыдан тілді меңгертуде оқытудың проблемалық түрі басты орын алады. Студенттер алдына мамандықтарына сай мәселе қойылады. Ол мәселелерді шешуді студенттердің өздері іске асырады. Берілген мәселені шешу барысында студенттер өз пікірлерін білдіреді, көзқарастарын, ойларын жеткізеді. Сол арқылы кәсіби тілдік қор молаяды.

Төртіншіден, қатысымдық тұрғыдан тілді меңгертудің басты ерекшелігі – оқу үрдісінің үнемі өзгеріп отырылуы, яғни, жаңашылдығы.

Қатысымдық әдіс – тіл үйренушілердің оқытушымен тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі.

Яғни, қатысымдық әдісті қолданудың тиімділігі, алдымен тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни тікелей қатынас жиі болса, сөйлесім әрекеті де ұтымды жүзеге асатындығы, сөйлеуді үйрету барысында қатаң талаппен сұрыпталған лексикалық, фонетикалық, грамматикалық минимумдар мен сөздік материалдар алынатындығы болып отыр.

Тілді кәсіби оқыту әдістері - бұл жүйелі және логикалық бірізділікпен іс-әрекет жасайтын оқытушы мен тіл үйренушінің бірлескен қимылы. Осы арқылы олар кәсіптік білім негіздерін меңгереді; білік пен дағды, шығармашылық қабілеттерін дамытады, кәсіби шеберлік қыр-сырын үйреніп оның негіздерін қалыптастырады. Тыңдаушы сабақ барысында тек тіл үйреніп қана қоймайды, олардың сабақ үдерісінде ойлау дағдылары қалыптасып, өмірге өзіндік көзқарасы айқындалып, ұғым-түсінігі кеңейеді. Сондықтан да оқытушы әр тыңдаушының қабілетін, тілді меңгеруге деген көзқарасын білуі керек.

Осылайша, кәсіби бағытта қазақ тілін үйретудің мәртебесін көтеремін деген әрбір тіл үйретуші ұстаз әдістемелік тәжірибесін үнемі жетілдіріп, оны тиімді қолданып отырса, қазақ тілімізді үйренудегі қиындықтар қызығушылыққа айналуы әбден мүмкін. Яғни, маманның біліктілігі мен кәсіби деңгейінің жоғары болуы оқытуды дұрыс ұйымдастыра білумен байланысты демекпін.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі.-Алматы: РБК, 2000.-207б.
2. Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении.-М.: Просвещение, 1971.-191с.
3. Артюнов А.Р. коммуникативный интенсивный курс РКИ для заданного контингента учащихся (мет.пособие). Москва, 1989.-97с.
4. Пассов Е.И. коммуникативный метод обучения иноязычному говорению.- Москва: Просвещение, 1985.-208с.
5. Қасым.Б., Бейсенбекова Г. Кәсіби қазақ тілі.Оқу құралы.-Алматы, 2012.- 220б.

**КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ**

Амантаева Сандугаш Асылхановна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
Шауқарова Ақмарал Асқарбекқызы, шет тілі пәнінің оқытушысы
ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы
Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

***Аннотация:** Бұл мақалада кәсіби қазақ тілі мен шет тілін үйретудің тиімді тәсілдерін студенттерге меңгерту жолдары баяндалған.*

Қазіргі нарықтың талабына сай болашақ бәсекелес мамандарды даярлау мақсатында студенттерге үздіксіз білім беру, оларды оқыту, әсіресе мемлекеттік тілді кәсіби тілде үйрету маңызды болып табылады. Өйткені, болашақта мемлекеттің саясатын, оның ішінде мемлекеттік тіл саясатын жүргізетіндер, тілдік орта құрайтындар, оны ары қарай жетілдіретіндер де жас буын - жастар

Кәсіби тіл - белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы.

Кәсіби тіл - өз саласына сай терминологиясы, кәсіби-ғылыми ұғымдық аппараты бар, сөз қолданысы мен тіркесуінде қалыптасқан нормалары бар тіл болып табылады.

Қазіргі қоғамның алдындағы негізгі мақсаттарының бірі - биік кәсіби іскерлігі адамгершілік қасиетпен ұштасып жататын шығармашыл тұлғаларды дайындау. Соған байланысты жаңа ағымға сай білікті мамандар даярлау, оқытудың сапасын жоғары дәрежеге көтеру, кәсіби мамандықтарға негізделген білім беру үшін, жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып, оқытуға ерекше назар аударылуда.

Бүгінгі студент - ертеңгі болашақ маман. Әр студент маман ретінде өзінің кәсіби тілінде, яғни мемлекеттік тілде қарым-қатынасқа түсе біліп, мамандығына қатысты термин сөздерді меңгеріп, белсенді қолдана білуі тиіс.

Қазақ тілін кәсіби бағытта оқыту - ертеңгі болашақ маманның кәсіби даярлығы мен дағдыларын қалыптастыра отырып, өзінің болашақ мамандығына тән барлық аспектілермен жете танысып, игерген теориялық білімдерін тиянақтап, мамандығына деген өз көзқарастарын жан-жақты қалыптастыра бастайды. Кәсіби бағдар бере отырып оқыту қазақ тілінде сөйлеу тілін қалыптастыру мен дамытудың ең маңызды факторы болып табылады. Кәсіби тілде оқыту болашақ маманды қалыптастыру үшін, қолайлы жағдай туғыза отырып, білім алушыларды мамандығына сәйкес оқыту, яғни мамандықтарына қатысты лексикалық минимумды меңгерту. Кәсіби бағытты ескере отырып оқыту - білім алушының таңдаған мамандықтарына қажетті білімді толық игерген, кәсіби мүмкіндігі мол маман иесін даярлауға бағыттайды.

Соңғы жылдары әдіскер-ғалымдар қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертумен қатар, студенттердің кәсіптік мамандығын ескере отырып игертудің тиімді жақтарын қарастыруда.

Тілді мамандыққа қатысты оқытудың ұтымды жақтары:

- тіл үйренушілер қазақ тілін кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алады;
- кәсібіне байланысты жинаған сөздік қорды жұмыс орнында пайдаланып, өз мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты, анық жеткізу дағдысы қалыптасады;
- қазақ тілінің танымдық қызметінің маңызы арта түседі;
- қазақ халқының рухани және тарихи-мәдени байлығын тіл арқылы таныту негізінде тіл үйренушілер Қазақстан тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, халықтың салт-дәстүрімен танысып, білімдерін молайтады;



- күнделікті қызмет бабында ресми-іскери сөйлесуге тән тұлғаларды меңгеріп, мамандыққа қатысты ісқағаздарды жазуды үйренеді;

- болашақ маманның тұлға ретінде қалыптасуына, өсуіне және дамуына, өз мамандығын саналы сезінуіне мүмкіндік туады.

Осы тұрғыдан мамандыққа сай қазақ тілін сапалы оқыту – қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Кәсіби қазақ тілі пәнінің тәжірибелік сабақтарынан мамандықтары туралы тереңірек білулерімен бірге, басқа да тақырыптарды меңгеріп, термин сөздермен жұмыс жасауға өздерін дайындайды. Ойпікірлерін дұрыс жеткізе білуге, сөздік қорларын байытуға, жаңа сөздерді меңгеруге тырысады. Кәсіби қазақ тілі пәні білім алушының болашақ маман ретінде кәсіптік шеберліктерін мемлекеттік тілде меңгеруіне негіз бола отырып, сөйлеу әрекетінің төрт қағидатына (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) негізделген білім алушының мақсаты, тілді қолдану саласы, коммуникативтік жағдаяттар компоненттері, контекспен байланыстылығы тіл бірліктерінің қолданыстағы қызметіне сай анықталады. Дегенмен, кәсіби қазақ тілі мен қазақ тілін оқыту әдістемесі екі жақты, себебі қазақ тілі - тіл үйрету, яғни мұнда оқытушы тілді үйретуді басшылыққа ала отырып, тіл үйретудегі барлық әдіс-тәсілдерді, тілдік нормаларды, грамматикалық тұлғаларды толығымен қамтып, тілдік, оның ішінде ауызекі сөйлеу әрекетіне бағыттайды. Ал, кәсіби қазақ тілі, кәсіби шет тілі - әр маман иесін өз маман тілінде сөйлей алуға бағыттау. Бұл салада болашақ маман, яғни студент тілді меңгерген немесе түсіне алатын, сөйлеуге талпыныс жасайтын, грамматикалық тұлғалардан, тілдік нормалардан хабары бар тұлға болуы тиіс. Мұнда оқытушының мақсаты - әр мамандық ерекшелігіне байланысты термин сөздерді меңгерте отырып, кәсіби тілде сөйлеуге бағыттау.

Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне мамандыққа байланысты оқытуды көздейтін еңбектердің бірі – Р.Ә.Шаханова, С.Т.Айбергенова, Г.А.Аужанованың авторлығымен жазылған “Мамандыққа байланысты жаттығулар мен текстер жинағы”. Бұл авторлар студенттердің мамандығына, кәсібіне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды, сөздік қорларын байытуды, кәсіби сөздерді меңгеріп, өз ойларын дұрыс мазмұндап жеткізуге, аға ұрпақтың өнегелі өмірін өздеріне үлгі ете білуге үйретуді мақсат етеді.

Қазақ тілін мейірбике мамандығындағы студенттерге игертудегі оқытушының төмендегі міндеттері:

- өз мамандығына сай сөздер мен мәтіндерді іріктеп алу;
- оқу материалының игерілуіне тиімді әдіс-тәсілдерді таба білу;
- студенттер ынталы түрде игерулері үшін, оларға бұл сабақтың қажеттілігін түсіндіру;
- студент ынтасын арттыруда оның қызығушылық қасиетін туғызатын психологиялық жағдайды ұйымдастыру.

Тіл дамытудағы ең тиімді әдістердің бірі – мәтін бойынша жұмыс істеу. Сондықтан мәтіндер күнделікті тұрмыста қолданылатын, мамандық бойынша, төменгі және орта топ студенттеріне арналған мәтіндер болып топтастырылады. Сонымен қатар грамматикалық ережелерді түсіндіруге түрлі кестелер, студенттердің өздік жұмысына байланысты тапсырмалар, дәрігерлік қазақша-орысша сөздік берілген. Оқулықта ұсынылған кеденшілер өмірінің барлық салаларын қамтыған қызықты мәтіндер мен ұлттанымдық деректер, қатысымдық тапсырмалар, ісқағаздары үлгілері тіл үйренушілердің ана тілінде еркін сөйлеп, өз ойларын жазбаша да толық жеткізе алуларына мүмкіндік береді.

Медицина мамандығын меңгеруге қажетті лексикалық қорды тілдік қатынаста қатысымдық тұрғыдан жаңа жаңа технология арқылы іске асырудың амал-тәсілдерін іздестіру. Мамандыққа байланысты мәтіндерді оқытқан кезде тілдік қатынастың барлық түрлері қолданылады. Студенттердің мәтінді талдау әрекетімен бірге әңгімелесу



арқылы сөйлеу әрекетіне, сұрақ-жауап арқылы тілдесім әрекетіне, мазмұндама жазғызу арқылы жазу әрекетіне үйрету көзделеді.

Кез келген өркениетті мемлекеттегі аса маңызды қоғамдық саланың бірі – медицина саласы. Себебі мемлекеттің басты байлығы саналатын халықтың денсаулығы – оның толыққанды ел екендігінің де басты көрсеткіші. Сондықтан медицина саласы бойынша білікті маман тәрбиелеу ісінде мемлекеттік тілдің, қазақ әдеби тілінің атқарар ролі ерекше. Қазақ әдеби тілінің танымдық әрі коммуникативтік қызметінің сан-қырлылығын көрсететін де осы сала.

Жаңа заманның талаптарына орай, интеллектуалдық қабілеті мол мамандарды даярлау міндеті бүгінгі білім жүйесінің басты да негізгі мақсаты екені даусыз. Осы мақсатты іске асыруда студенттерге іскерлік қарым-қатынасты дұрыс оқыту қажеттігі күннен-күнге айқын сезілуде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мешимбаева Б. Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі:– Алматы, 1999. –163 б.
2. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханалардағы қазақтілі:– Алматы, 2001. – 301 б
3. Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми –әдістемелік негіздері: –Алматы, 2002. -327б.
4. К.Кужукеева, А.Салькина Кәсіби қазақ тілі (Профессиональный казахский язык) Оқу құралы- Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2016.- 97 б.

СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И НАУКА.

Аманжолқызы Жанна- преподаватель иностранного языка

Таймагамбетова Алмагуль Амидоллаевна –преподаватель русского языка и литературы
Актюбинский Высший медицинский колледж имени Героя Советского союза Маншук
Маметовой.

***Аннотация:** В статье анализируется актуальная на сегодняшний день проблема визуализации знаний в обучении. Речь идет о необходимости обучать студентов способам самостоятельно представлять вербальную информацию в графической форме, что способствует увеличению темпа мышления, формированию умения работать с большими объемами учебной информации, а также концептуально структурировать и упорядочить полученные знания. Автором обобщается практический опыт работы в данном направлении, а так же предложены к рассмотрению психолого-педагогические условия обучения студентов, и краткое представление курса по выбору «Визуализация знаний», разработанного для будущих учителей технологии.*

***Ключевые слова:** инновации в образовании, новые направления развития образования, тенденции развития современного образования, миссия образования.*



Категория образования на протяжении истории развития педагогической науки рассматривалась с различных позиций: образование как процесс, как результат, как система и как ценность. Сегодня образование следует изучать под несколько иным углом зрения: образование как компонент культуры человека, как накопленный человеческий капитал, как социальное благо. Первые три позиции достаточно полно раскрыты в педагогической литературе. Остановимся лишь на некоторых уточняющих моментах. Первая позиция предполагает освоение человеком в условиях образовательного учреждения либо посредством самообразования системы знаний, умений и навыков, опыта познавательной и практической деятельности, ценностных ориентаций и отношений обучающихся и обучающихся, воспитателей и воспитанников, воздействий и взаимодействий их друг с другом. Вторая – характеристика уровня достижений обучающихся в освоении знаний, умений, навыков, опыта деятельности и отношений. В этом и состоит суть образования как результата. Рассмотренные позиции свидетельствуют о том, что в центре внимания находятся знания как соответствующие результаты духовного богатства человечества, накопленного им в историческом опыте. Такой подход предполагает накопление знаний, формирование умений и навыков (знаниево-ориентированный подход), которые способствуют социализации человека, вхождению его в социум. С такой точки зрения их можно отнести к жизнеобеспечивающей системе человека. При этом они поглощают самого человека, заслоняя его личность. Процесс образования превращается в академизм, а знания при этом становятся абсолютной ценностью. В современных условиях наиболее актуальным становится обращение не к знаниям, умениям и навыкам, а к компетентности и компетенциям. Подход к образованию как к системе предполагает совокупность преемственных образовательных программ и государственных образовательных стандартов, сеть реализующих их образовательных учреждений, органов управления образованием. Данная позиция может быть названа управленческой. Она только регламентирует, что входит в образование как систему. Наиболее сложным является рассмотрение образования с позиции ценностного подхода. Под воздействием происходящей в стране трансформации меняются функции образования и воспитания, которые становятся намного шире и важнее, нежели только обучение, подготовка человека к какому-либо виду трудовой деятельности. Происходит утверждение личностно ориентированного подхода, при котором образование выступает как достояние определенной личности, как соответствующая ценность для конкретного человека. Существенным сдвигом в общественном сознании является переориентация образования на новые базовые ценности: с обеспечения потребностей производства и экономики в рабочей силе определенного качества на обеспечение потребностей самого человека в получении образовательных услуг соответствующего качества. Интересен подход к образованию как компоненте культуры человека. Культура и образование находятся в тесной связи друг с другом. Без передачи последующим поколениям образцов культуры, способов взаимодействия человека с окружающим миром вряд ли можно представить человеческую жизнь. Педагогическая проблема, какой бы она ни была, таит в себе общечеловеческое в том смысле, что она имеет универсальный характер и представляет общую ценность для всех народов мира.

Задачей образования XXI в. является преодоление кризиса культуры, духовности и гуманизма. Социальная направленность. Приоритет отводится социальным требованиям к человеку как гражданину, труженику, члену общества, его качествам и способностям. Образованность становится одной из решающих жизненных ценностей. Педагогика и психология. Содержательно ориентированная направленность определяется возросшими требованиями мирового сообщества к получаемым знаниям, умениям и навыкам в связи с новым уровнем производства, науки и культуры. Образовательные системы становятся призванными готовить специалистов высокого уровня профессиональной квалификации.



Процессуально ориентированная направленность. Предпочтение отдается в этом случае самому процессу обучения, образовательным технологиям, методике преподавания и методике обучения, совместной деятельности обучаемого и обучающего. Личностно ориентированная направленность выражается в безусловном приоритете интересов развивающейся личности и реализуется через личностно ориентированную технологию обучения и воспитания. Итак, выстраивается новая педагогика, в основу которой положена идея гуманизма, его паритетности, признания высшей ценности – человеческой жизни и жизни вообще. К основным тенденциям и направлениям развития современного образования следует отнести такие, как глобализация, фундаментализация, гуманизация, технологизация, стандартизация, компьютеризация. Остановимся более подробно на выявленных тенденциях современного образования. Гуманитаризация образования касается вопросов обучения, воспитания и развития личности обучаемых, а также вопросов его организации, функционирования и управления. Предполагается, что она должна реализовываться во всей системе образования, пронизывая гуманитарную и естественно-научную составляющие образования, область технических, инженерных, экономических и других наук. Гуманитаризация – частное проявление общей задачи, связанной с возрождением культурно соотнесенного образования. Гуманитаризировать образование – значит выявить личностный смысл при изучении учебных дисциплин как гуманитарного, так и естественно-научного направлений, осознать его значимость с позиции каждой личности, т.е. сделать его личностно ориентированным и личностно значимым. Важным направлением развития образования является технологизация образовательного процесса, которое предполагает внедрение в образование современного эффективного и продуктивного инструментария, высокоэффективных информационных технологий, продолжающуюся повсеместную компьютеризацию. Будущее образования – это образование с все увеличивающейся долей участия компьютера и информационных компьютерных технологий. В образовательный процесс приходит «компьютика», наука о совместной деятельности преподавателя, обучающегося и компьютера. Следует отметить, что в содержании образования происходят крупные изменения в связи с его стандартизацией, функция которой двояка. С одной стороны, стандартизация означает придание некоторого однообразия, а с другой – предполагает такое содержание образования, которое удовлетворяло бы соответствующему стандарту. И весь вопрос в том, чтобы не ошибиться, так как образование само по себе явление творческое.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Смирнов, И.П. Новый принцип воспитания: ориентация на интересы молодежи / И.П.Смирнов, Е.В. Ткаченко. – М., 2005.
2. Загвязинский, В.И. Теория обучения: современная интерпретация : учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений / В.И. Загвязинский. – М., 2001.
3. Гершунский, Б.С. Философия образования для XXI Библиографический список века : учеб. пособие для самообразования. – 2-е изд., пере



УДК 80

IMPACT OF FRIEDRICH NIETZSCHE'S PHILOSOPHY ON THE RUSSIAN LITERATURE OF THE "SILVER AGES"

Nurmukhammed Kosherbay

12th grade student of Nazarbayev Intellectual School PMD Almaty

Scientific advisor – Temirgaliyeva G. Y.

Almaty, Kazakhstan

Abstract: *This literature hardly influenced on the world communities and played an important role in genesis of the ethics. The purpose of this work is to investigate how Nietzsche's philosophical thoughts affected development of Russian literature and to define the origins of modern cultural context. In order to conduct this research, the following methods were used: a survey, an interview and a focus group discussion. They could complete each other and gave the wide range of information on the topic. The results derived from conducting this research methods shows that Nietzschean philosophy gave an artistic freedom to the Russian intelligentsia and changed the thematic and traditions of Russian literature. Initially the supposed idea was justified, however there were some unexpected results in survey and some interview responses.*

Key words: *Nietzschean philosophy, artistic freedom, traditions, thematic, modern cultural context, Russian literature, Silver Ages*

Literature is vital for human life and culture. Many literary works reflect the influence of a certain philosophy. How did Friedrich Nietzsche, one of the most famous philosophers of the 20th century, affect Russian literature of the Silver Age and the modern moral? Nietzsche's ideas about the death of god and the culture of rejection were popular and convenient, but they also disrupted the old values and inspired new philosophical searches. However, this could have negative consequences.

This work aims to explore how Nietzsche's philosophy shaped Russian literature and the origins of modern culture. It argues that Nietzsche gave the writers a new perspective in a difficult time, but also led to moral degradation. The works of the Russian Silver Age and the experts on them are the object and the subjects of this research, respectively. The field of this research is philology and philosophy. The impact of Nietzsche's philosophy on the Russian literature of the Silver Age. This study is important because it offers a new scientific approach to the topic and states how Nietzsche influenced the Russian literature of the Silver Age. This work can be a source for those who want to study the modern ethics and the factors of literary flourishing in the Silver Age. It can also improve the education level in this field and be used for further researches.

Nietzsche is one of the most well-known philosophers and writers. His philosophy was one of the driving forces of cultural expansions in Russia between 1894 and 1929. Nietzsche greatly influenced on Russian literature of late 19th and early 20th centuries, on literature and poetry of so called "silver ages" (Tsvetkov, 2012).[22] Despite Losev's (1930) view that Nietzsche's works should be seen through classical philosophy, the theme of divine nihilism was his most important idea.[9] The new generation of Russian cognoscenti in the early 19th century saw Nietzsche and his philosophy as a manifesto of inner and censorship liberation.[21] They rejected religion and governance, which caused cultural stagnation and social division in Russia.[10] They embraced Nietzschean ideas of the decay of old morals and the need for a new religion and values.[19] This led to more writers and poets, diverse themes, and different literary movements such as acmeism, symbolism and futurism. Rassadin (2001) even suggests that Nietzsche's cultural-philosophical ideas were the core of Russian symbolism.[18]



This is plausible, since Nietzsche introduced the concepts of “Apollonian and Dionysian beginnings” and returning to antiquity, which were the basis of all modernistic movements in art. In short, Nietzsche’s ideas rejected religion and expanded Russian literature in the “silver ages”.

Nietzsche’s philosophy inspired Russian poets and writers to rethink life and expand their themes. He announced the end of the old world and the need for new values. Andreev (1900) showed the impossibility of finding a new way of living, while Blok (1919) embraced Nietzschean individualism for the 20th century.[1, 5] Nietzsche stimulated and satisfied the search for new life values, resulting in more literary works.

Nietzsche also started a new epoch of philosophical searches and questions that interested many writers. Mikhailov (1989) states that Nietzsche raised and answered every philosophical problem.[11] He opened a new sphere of metaphysics that focused on the individual. He asked “What is truth?” and said it was relative.[13] Gorky (1902) also explored this question in his play, where Satin says that human is the only truth.[8] Nietzsche also introduced the concept of Übermensch.[14]

Despite Solovyev’s (1894) and Chukovsky’s (1902) criticisms of Nietzsche’s model of human, many Russian authors like Blok, Akhmatova, Bulgakov and others were inspired by his ideas.[20,6,3] Nietzsche’s philosophy influenced a generation of Russian writers. His thoughts changed the Russian literature and the relation to life at the turn of the century. His influence is still felt today, as his modernistic theory evolved into postmodernism in the current cultural context.

According to the results of a survey, that was conducted to collect the quantitative data on the topic 56.9% of respondents believe that Nietzsche’s philosophy significantly affected the Russian literature of the Silver, this number is approximately twice higher, than an amount of people, who admit only moderate effect of the Nietzschean ideas on the Russian literature. Only less than a quarter (13.9%) of all respondents tend to believe, that ideas of the German philosopher was received limitedly, and 2.7% of respondents suppose that the Nietzsche’s concepts were not reflected in the literary works of Russian Silver Age. This indicated that more than a half of students of the Russian philology faculty think that Nietzsche made a great contribution on literature of the Silver Ages. Moreover, survey depicted that the writers heavily influenced by Nietzsche’s philosophy are Maxim Gorky and Dmitry Merezhkovsky, who got 40 and 38 responds respectively, other ones got from 30 to 15 votes. “The Lower Depths”, “Christ and Anticrist” and “A Cloud In Pants” in the results of the survey was considered the work, that are most strongly inspired by the Nietzschean ideas, which can be seen on a Figure 1, where they got 40, 38 and 36 votes respectively. To the question “How do you think that Nietzsche’s philosophy and Russian literature of the Silver Ages are still affecting the modern society?” respondents answered the following way: 51.4% - created the modern social-cultural context, 27.8%- outlined the moral values of the modern days, 11.1%- only helped to change some social rules and norms, 9.7%- they don’t affect the modern day. This indicates that Nietzsche’s philosophy determined the cultural, ethical, and moral norms of the contemporary society. However, it is important to mention, that data presented earlier were generalized, because the question was open-ended.

This study confirms previous research by Tsvetkov (2012) and Telekanal Kul’tura (2019) on Nietzsche’s influence on Russian poetry and prose of the Silver Age.[22,21] It also supports Shkurov and Krasnilova (2013) on his contribution to modernistic trends like symbolism and acmeism.[19] The survey and the interviews showed that Andreev, Merezhkovsky, Gorky and others reflected Nietzsche’s philosophy in their works.[1,5,11] The study also explains the easy reception of Nietzsche’s ideas in Russia by the complexity of life in the turn of the century. This partly agrees with Blok (1919) and Telekanal Kul’tura (2019).[5,21] In short, these results show the clear correlation between Nietzsche’s works and Russian literature of the Silver Age.



The research, the interview, and the survey (51.4% of respondents) show that Nietzsche and Russian literature of the Silver Age shaped modern culture, disagreeing with Solovyov (1987) and Chukovsky (1902).[6] This may be because rejection, the core of Nietzsche's philosophy, is the easiest way to justify anything. However, the research also showed that about 16% of the respondents think that Nietzsche's philosophy had little or no effect on Russian philosophy. This may be due to the subjectivity, human factor and ignorance of the topic. The librarian's answer that there was no difference in the reception of Nietzsche's ideas in Russia and other countries was unexpected and could also be subjective.

The work could be subjective or inaccurate due to some limitations. The topic was complex and the experts were few. Evaluating philosophy was also subjective. These factors could affect the objectivity of the work. More research is needed to clarify some points, such as focusing on a specific trend or author. The effect of Darwin's theory and Marx's ideology on Russian literature of the Silver Age and its impact on modern moral should also be studied. The influence of Russian literature on Nietzsche could be another topic.

To sum up, this work argues that Nietzsche influenced the authors of the Silver Age and caused moral decay. The research aimed to identify his influence on Russian literature of the Silver Age and the source of cultural and ethical decadence in the 20th century and beyond. The initial hypothesis assumed that Nietzsche's philosophy affected Russian literature of the Silver Age and led to cultural decay. The research used interviews, surveys, and focus group discussions with experts and students of Russian philology. The results showed that Nietzsche's influence was great. He helped the Russian intelligentsia gain artistic freedom and provoked a new philosophical and moral search that was reflected in literature. He also created new literary movements (acmeism, symbolism, futurism, imagism) and changed the form and themes of Russian prose and poetry. He reduced the role of religion and increased immoral themes. Many literary works, such as Blok's poem "The Stranger Woman" and Gorky's play "The lower depths", proved this assumption.

The work states that Nietzsche changed modern moral, but he was not the only factor. The research is relevant because it can evaluate Nietzsche's influence on the literature of all modernistic countries. The study shows how Nietzsche's ideas shaped Russian literature and modern culture.

REFERENCES:

1. Andreev L.N. Rasskaz o Sergee Petroviche [A short-story about Sergey Petrovich]. Azbooka. 1900. 2020
2. Astaphyev P.E. F. Nicsche. In: Nicsche: pro et contra [F.Nietzsche. In: Nietzsche: pros and cons]. Saint-Petersburg: Publishing house of the Russian Christian Humanities Institute. 1892.
“Калпак” кийизден жасалган кыргыз элинин эркек адамдары кийүүчү сыймыктуу баш кийими. **“Элечек”** кездемеден оролгон аялдардын элдик ардактуу баш кийими. **“Шөкүлө”** күйөөгө чыгуучу кыздын үйлөнүү үлпөтүнө кийүүчү шөкөттөлүп жасалган баш кийими. Кыргыз эли баш кийимге өтө маани берген, өйдө койгон. **“Баш улук”** деп кийип жүргөн баш кийимди эч кимге берген эмес. **“Белдемчи”** белдемчи аялзатынын белден ылдый тартынчу кездемеге сайма же термеден түшүрүлүп тигилген кийим. Жаңы төрөгөн келиндин бели жылуу болсун үчүн сөзсүз белдемчи тигип берген. **“Бешмант”** сырт кийимдин түрү, аялдар, эркектер кийүүчү жеңил тыш кийими, кыргыздарда эки түрү белгилүү-жеңи узун бешмант жана жеңи кыска, тигилиши боюнча тизеге жетип, ичи жүн салынбай ичтелген кийим. **“Бокчо”** аялуу, баалуу буюм-теримдер салып сакталуучу баштык. **“Жагдан”** кийим, буюм, кездеме, кооздуктар салынчу үкөк, ар кандай чоңдукта оймо-чиймеленип, кооздолуп жасалган буюм. **“Жоолук”** аялзатынын баш кийими, мында кыздар жоолукту артка бууган, келин болгондон алдына салынган, кыз менен келин экендиги ушундан айырмаланган. **“Үкү топу”** топудагы үкүнүн тарамдалышына карата анын үй-бүлөдө канчанчы кыз экендигин да түшүндүрүп бере алышкан. **“Такыя топу”** жердиги жашыл, кызыл, көк түстөгү кездемелерден болгон тестиер кыздардын топусу. **“Кемсел”** аялдардын жана эркектердин жука сырт кийими, тизеге жетип тургандай бычылып, жеңи узун же чолок келген кийим. **“Кеп такыя”** элечектин ичинен кийилүүчү баш кийим, элечекти баштан алууну кайра кийүүнү жеңилдетет, элечектин оромолун терден сактаган. **“Кош этек”** бул кыз-келиндер кие турган көйнөк, ал көбүнчө ак, сары, көк жибектен тигилип, мурда, этек –жеңдери кызыл-тазыл кылып, коюлган жеңил, жука кийим. **“Көйнөк”** көбүнчө күрмө, кемсел сыяктуу сырт кийимдин ичинен кийилүүчү жалаң кат жеңил кийим. **“Көлдөлөң”** ашатып, өңдөп, саңсаң териден жасалып, шырдак, ала кийиз, таардын үстүнөн төшөлүүчү, отурууга жумшак, ыңгайлуу үй буюму. **“Кетечик”** тегерек, жарым айлана, төрт бурч, сүйрү борумда бермет, шуру, чачы, сайма, тор менен кооздолуп узун боо тагылган кыз-келиндердин баалуу кездемеден жасалган кооз баштыгы. **“Текче”** көчмөн турмушта негизинен күзгү салынуучу буюм, кийизден, таардан, калың кездемеден ар кандай чоңдукта жасалып, төрт бурчуна чачыланып өрүлгөн келин-кыздардын өздүк буюмдары салынган. **“Туш кийиз”** боз үйдүн керегесине, там үйдүн дубалына тартуу үчүн оймо-чийме түшүрүлгөн же саймаланган кооздук буюм. **“Чепкен”** жеңи узун жана кең бычылып, жалаңкат же кебез, жүн салынып тигилген сырт кийим, көбүнчө жаз, күз айларында кийилет. **“Чыптама”** кыз-келиндерибиз кош



этек көйнөк менен кийген, бул жеңсиз кийим, чыптама кынаптала тигилип, денеге көрк берип турат.

Ат, ат жабдыктары алардын аталыштарына, жасалышына, сыпатына, ырым-жырымдарына байланыштуу атоолор жана сөздөр: “Жүгөн” аттын башына катылат, анын өрмө жана кайыма менен жасалган ат жабдыктарынын бир бөлүгү. “Ооздук” жүгөндүн бир бөлүгү, аттын оозуна туш келген темири. Анын эки тегерек чагарагына кош тизгиндин учу бекитилет. “Тизгин” жүгөндүн негизги бөлүгү, жылкыны башкарып, оң-солго буруу жана токтотуу үчүн колдонулаган кайыш же жип тизгин деп аталат. “Чылбыр” ноктого, (кээде жүгөнгө) байлануучу узун жип, ал тилке кайыштан жасалат, минген жылкыны байлоо, жетелөө үчүн колдонулат. “Сагалдырык” жүгөн аттын башынан шыпырылып кетпеш үчүн, аттын алкымынан ала бекитилген бөлүгү. “Нокто” жүгөндөй эле жасалат, ооздугу болбойт, сагагына чылбыр тагылат, атты байлаш үчүн жана жетелөө үчүн колдонулат. “Ичмек” кийизден жалаңкат жасалып, аттын терин сиңирип, жоор болуудан сактайт, тердиктин таза турушуна шарт түзөт. “Тердик” ээрдин каптал жыгачтарынын аттын жонуна түшүүчү басымын жеңилдетүүгө ылайыкталып жоор болуудан сактайт, ичи кийизден жасалып, сыртынан булгаары капталат. “Желдик” ээр токумдун бир маанилүү бир бөлүгү, ээрдин эки капталына кынала өлчөнүп, бир нече катталып катуу шырылып, кийизден жасалып, бири-бирине кайыш менен коштолуп ээрден башка болот. “Ээр” аттын үстүнө токулат да минген кишиге отургуч милдетин аткарат. “Ак каңкы ээр” ээрдин өзүнчө түрү-алдыңкы кашы жазы жана тегерек көлөмдө, анын бети оюу, күмүш менен кооздолот, ак каңкы ээрди кээде кыргыз ээр деп да аташат.

Улуттук музыкалык аспаптарга байланыштуу атоолор:

“Жыгач ооз комуз” кыргыздын улуттук музыкалык аспабы, жаагын эриндин арасына коомай коюп, тилине бекитилген жипти кагуу аркылуу үйлөп ойнолуучу музыкалык аспап, көбүнчө обон күүлөр аткарылат. **“Кыл кыяк”** улуттук кылдуу, жаалуу музыкалык аспап, кыл кыяк, көбүнчө кенже эпосторду айтуучулардын, жомокчулардын, элдик ырчылардын коштоочу аспабы катары пайдаланылган. **“Комуз”** алмурут, карагай, өрүк, алчадан жасалган, кыргыз элинин эң байыркы чертме кылдуу музыкалык аспабы. Кыргыз элинин той-аштары комузсуз өткөн эмес. Комуз күүсү менен толук бир окуяны чагылдыра алган. **“Темир ооз комуз”** байыркы замандан бери келе жаткан какма аспап, мурда ооз комузду кыз-келиндер ойносо, кийин эркек кишилердин арасынан мыкты темир ооз комузду каккан музыканттар чыккан. **“Сыбызгы”** чоордун бир түрү, сыбызгынын үнү бийик, катуу чыгып, бир аз ышкырыкка окшоп турат, бир учу жабык, байыркы үйлөмө аспаптардын бири. **“Чоор”** байыркы заманда койчулар арасында кеңири тараган, тике кармалап ойноло турган, эки учу ачык үйлөмө аспап, салтанаттарда өзүнчө оркестрдик топ түзүп ойношкон. **“Чопо чоор”** ак, кызыл, чоподон же алардын аралашмасынан жогорку температурада бышырылып жасалган бардык ноталарды алуу мүмкүнчүлүгү бар үйлөмө аспап.

Ат оюндарына байланыштуу атоолор: **“Ат чабыш”** саяпкерлердин атайын таптап даярдашкан күлүк жылкыларды (ат, кунан, тай) белгилүү аралыкка жарыштыруучу элдик оюн. **“Жамбы атуу”** мергенчиликте даңазалоочу элдик оюн, жамбы атуу мергенчиликке, шамдагайлыкка, тарбиялап, жигиттерди жоопкерчиликке, даярдаган оюн “жамбы атуу” деп аталган. **“Кыз куумай”** улуттук оюн, илгерки заманда үйлөнүү тойлордо салтанаттарда жигит менен кыздар сайылган байгени алуу максатында мелдешке чыгып, кыз качып, жигит куугандыктан “кыз куумай” аталып келет. **“Улак тартыш”** кыргыз, казак, тажик элдеринин улуттук оюну, оюнга катышкан адам ат үстүндө өтө жакшы жүрүү менен бирге күчтүү, шамдагай ж.б. сапаттарга ээ болууга тийиш. **“Эр эниш”** ат оюндарынын бир түрү, эки жаат тараптан бирден киши атчан чыгышат да, бирин-бири аттан оодара тартып түшүрсө, жеңиш ошонуку болот, эр



энишке күчтүү, шамдагай жана чабендес киши түшөт. “**Тыйын эңмей**” улуттук спорттун түрү, жерде жаткан баштыкчадагы тыйындарды эңээрде чаап бара жаткан аттын жүрүшүн жайлатууга болбойт, тыйынды көп жолу эңип алган жеңишке ээ болот. Бул кыргыз элинде гана өнүккөн спорттун түрү “тыйын эңмей” деп аталат. “**Жорго салыш**” кыргыз элинде жогорку деңгээлде өнүккөн, белгиленген аралыкты башынан аягына чейин жоргосун жаздырбай басып өтүүгө туура келет, “жол жорго”, “кой жорго”, “чапма жорго” болуп айырмаланат.

Кыймылдуу оюндарга байланыштуу атоолор:

“**Ак чөлмөк**” бул оюн ай толгон мезгилде түн ичинде ойнолчу улуттук оюн, узун сөөмчө бодонун шыйбылчагы же жонулган жыгач “ак чөлмөк” деп аталат. Жаштарды шайдооттукка, кыраакылыкка, достукка тарбиялоочу элдик оюн. “**Алты бакан**” кыргыз элинин эң эски жана кеңири тараган оюндарынын бири, бир жагына кыз, экинчи жагына жигит чыгып арканды бекем кармап, бетме-бет отурушат, кимиси бийиктикке көтөрүлсө ошол жеңет. “**Аркан тартмай**” улуттук мелдеш оюну каршысындагы оюнчулардын алдынкысын белгиленген чек сызыктан өткөрө тартса, сүйрөп кеткен тарап утат, чоң жыйындарда, тойлордо, аштарда өткөрүлгөн. “**Бука тартыш**” балбандардын күчүн сыноочу элдик оюн, экөө эки жакты көздөй бирин-бири сүйрөп кетүүгө аракет кылышат, кимиси чийинден өтүп сүйрөп кетсе ошол жеңген болот, бука тартыш делет. “**Жамбы атуу**” жамбы атуу оюну абдан чоң аш, чоң тойлордо ойнолот. Муну атуу үчүн он беш саржан жерден белгилеп чийип коёт. Ошол он беш саржан алыстыкта чаап баратып атып өтөт, ким таланттуу болсо ата алат. “**Жедирмек**” балдар же жигиттер чүкө утушууда ойнолот, жедирмек өзүнчө ойногондо, алчы тааны жеп коёт, тартиби эки кишиден тартып ойной берет, жеди деген сөз алчынын ээси утуп жатат деген сөз болот. “**Кол күрөш**” жигиттердин күч сынашкан оюну, сол колдору менен сол жаккы жоон санын таянышат, оюнчулар тең тайлаш болуп калса, алардын сол колдору күрөштүрүлөт, бул кол күрөш делинет. “**Күрөш**” эки балбандын белгилүү тартип боюнча жекеме-жеке кармашуусу, илгертен эле белгилүү болгон, атаандашынын эки далысын тең килемге тийгизген балбан, жеңип чыгат, бул “кол күрөш” деп аталат. “**Ордо оюну**” кыргыздар балдарына тажрыйбалуу, өрнөктүү иштерди оюн менен көрсөтүп кеткен, алардын бири ордо оюну кыргызда болуп, эски замандагы согуш жөнүн көрсөткөн, оюн ордо деп аталат. “**Тогуз коргоол**” кыргыздын элдик, улуттук, акыл оюну аны ойноп жаткан адамдардын эсептөө, ойлоо жөндөмдүүлүгүн өнүктүрөт, ошондуктан акырында кайсы оюнчунун упайлары көп болсо ошол утат. “**Селкинчек**” эки жанаша жыгачка же кыйгач өскөн дарактын бутагына байлоо менен курулган күүлөнүүгө ылайыкталган, ыр, бий, же шайыр сөздөр менен коштолгон, жаш өспүрүмдү шамдагайлыкка, денесинин чымыр болушуна өбөлгө түзөт. “**Шакек катмай**” балдар, кыздар бир катарга тизилип, эки алаканын бириктирип отурушат, кыдырып бардыгынын колуна шакекти салымыш болуп өтөт “Алтын шакек учуп чык” деп айтканда кимде шакек болсо атып чыгат. “**Үч тапан**” чүкө оюну, ага 2-4 бала катышат, эки тарап сака калчашып, сакасы конгону баштайт, оюндун жыйынтыгы атып алынган чүкөлөрдүн саны менен аныкталат, үч тапан балдарды шамдагайлыкка үйрөтөт.

Булардын көбү биздин күндөлүк турмушубузда күндө колдонулуп жүрсө, көбү унутулуп бара жатканы айдан ачык. Ошондуктан, “Кыргыз элинин этномаданий сөздүгү” элибиздин сөздүк корун толуктап, сүйлөө маданиятын байытып, нарк куржунун толуктап, жан дүйнөбүздү байытып, жалпы калкыбызга пайда алып келери шексиз. Биз ар бир сөзүбүзгө көңүл буруубуз өтө зарыл. “Сөз – сенин тагдырыңды жаратат” деп ата-бабаларыбыз бекеринен айткан эмес жана ар дайым жаштарды алкап, баталап турган. Кыргыз элинде: “Ойноп сүйлөсөң да ойлоп сүйлө” деген таасын макалы бекеринен эмес, сөздүн кудирети өтө чоң.



Бүгүнкү күндө Кыргыз Республикасынын Мамлекеттик катчысы С. Касмамбетов “каада-салт”, “нарк-насил”, “үрп-адат” ошону менен бирдикте “сөз” өнөрүнө өтө маани берип жаткандыгы бардыгыбызды кубандырат.

Андыктан, биз бири-бирибизди колдогондо гана бийиктикке жете алабыз. Салтыбызды сактап, наркыбызды кармап, улуттук баалуулуктарыбызды туу тутуп, тилибизди жана маданиятыбызды өнүктүргөнгө ар бирибиздин салымыбыз болуусу шарт.

КОЛДОНУЛГАН АДАБИЯТТАР:

1. Кыргыздын көөнөрбөс дөөлөттөрү А.Акматалиев 2011-жыл.
2. Кыргыздын уз-усталары А. Акматалиев 1997-жыл.
3. Баба салты, тарых изи жана жөрөлгөлөр А. Оморов 2013-жылы.
4. Манас 2-том С. Орозбаков 1980-жыл.
5. Кыргыздар К. Жусупов 1991-жыл.
6. Накыл сөздөр Х. К. Карасаев 1982-жыл.
7. Кыргыз совет энциклопедиясы № 6 1980-жыл.
8. Улуулардан таберик 2016-жыл.

УДК. 371:371.8

СУУ-ӨМҮРДҮН БУЛАГЫ

Молдобаева Нуркан Бектемировна

Маданият, маалымат, спорт жана жаштар саясаты министрлигиндеги
Улуттук маданий борборунун кызматкери, илим изилдөөчү, маданияттын мыкты
кызматкери, билим берүүнүн отличниги

Аннотация: Аталган макалада суу-адам баласына гана эмес, жашоодогу бардык жан-жаныбарларга, жаратылышка өмүр тартуулаган азык экендигин белгилөө жөнүндө сөз болот. Жаратылышта суунун мааниси өтө эбегейсиз чоң рол ойнойт. “Сууда даам да, өң да, жыт да жок, ал жөн гана жандуу нерселерге жашоо берет. Суу – бул жашоо” М.Н.Б. Себеби суусуз жер бети көркө келбейт жана суусуз жашоо токтойт. Андыктан суунун жашоодогу мааниси зор экендигин баамдап, сууга аяр мамиле жасап, көздүн карегиндей сактап, өзүңө да айланаңдагы сени курчап турган чөйрөгө да туура мамиле кылууга көнүгүү зарылдыгы тураары жөнүндө макалада толук чечмеленет.

Түйүндүү сөздөр: жашоо, даам, өң, жыт, жандуу, көздүн карегиндей, агын суу, жандуу суу, өлүк суу, ишеним, суунун да сурагы бар ж.б.

“Таза болсоң суудай бол баарын жууп кетирген, күчтүү болсоң жердей бол, баарын чыдап көтөргөн” – деп кыргыз эли бекеринен айтпаса керек. Жашоодогу жан-жаныбарларга жашоо берген, көрктөндүргөн, адам баласынын көңүлүн ачып, жайдарыланткан, шайырланткан мына ушул эң баалуу суу азыгы болуп эсептелет.

Адам баласынын организмдеги суунун 12-15% га азаюусу зат алмашуунун бузулушуна алып келет. Сууну 25%га чейин жогорку организмдин өлүмүнө алып келет. Суусуз адам баласы 3 күн, ал эми тамак-аш жок 30-50 күн жашай алат экен, мына ушундан улам суунун кандай баалуулугун түшүнсөк болот. Андыктан ата-энелерибиз айткандай



“Агын сууга түкүрбө”, “Агын сууга зыян нерсе же таштанды таштаба”, “Агын сууну булгаба”, “Суунун да сурагы бар” деп айтып келген. Анткени ааламды көрккө бөлөп, нурга чулгап турган жандуу зат болуп эсептелет.

“Таластан чыккан Жеңижок, таймашаарга теңи жок, Аксыдан чыккан Жеңижок айтышаарга теңи жок” дегендей айтылуу Жеңижок төкмө акындын “Аккан суу” чыгармасынан мисал айта кетели:

Жер жүзүнө жайылып,
Толуп чыккан аккан суу.
Жети кабат жер астын
Жарып чыккан аккан суу.
Жер, Ааламдын баарысын
Багып чыккан аккан суу.
Алты кабат жер астын
Жарып чыккан аккан суу.
Адам менен Обону
Багып чыккан аккан суу.

Жер, жер болуп жаралып, жер каймактагандан бери, кыскасын айтканда Адам ата, Обо энеден тараган адам баласына өмүр тартуулаган суунун тарых таржымалын, жаралышын, келип чыгышын, ал тургай жер астындагы суунун жолу бар экендиги жана жер бетине оргуштап чыкканы, жер бетиндеги жан аттуунун баарына өмүр тартуулаганы, удургуган отуз жаштагы эр жигиттин сыпатын көрсөтүп турат.

Ала-Тоонун боорунан
Жарып чыккан аккан суу.
Алтын канат, жез куйрук
Балык чыккан аккан суу.
Кара-Тоонун койнунан
Агып чыккан аккан суу.
Күмүш канат, жез куйрук
Балык чыккан аккан суу.
Ак кыянын боорунан
Агып чыккан аккан суу.
Өмүр отун тутантып
Жагып чыккан аккан суу.
Көк жалгаяк асканы
Тешип чыккан аккан суу.
Көк торполуу көк жарды
Эшип чыккан аккан суу.

Акын бул ыр саптарында бүтүндөй жашоого жан киргизген суунун касиетин чагылдырып жатат. Адам баласынын өмүр отун тутантып, кара тоонун боорун тешип, туптунук бойдон чыккандыгы, ал тургай сууда өмүр сүргөн алтын канат, жез куйрук балыктардын туйлап жүргөнүн, ошону менен бирдикте зоодон түшүп келе жатса да аяк-башын үзүлтпөстөн, бир тамчысын коротпостон, таштан-ташка урунуп, бир далай жол басса да арыбай, чарчабай, жан бүткөндүн баарына өмүр тартуулап келе жатканы, суунун не бир сыпаттарын даңазалап жатат.

Сурап-сурап отурсаң,
Кайда болот аккан суу?
Тескейи бийик терең сай
Коодо болот аккан суу.
Ак асаба мелжиген



Боодо болот аккан суу.
 Башы туюк капчыгай
 Сайда болот аккан суу.
 Издегенде табылбас
 Жайда болот аккан суу.
 Бетегеси кулпунган
 Төрдө болот аккан суу.
 Жаратылыш жасаган
 Өрдө болот аккан суу.
 Каз-өрдөгү калкыган
 Көлдө болот аккан суу
 Бопбоз болуп кор болгон
 Тамчы сууга зар болгон
 Чөлдө болот аккан суу
 Мурда болуп көрбөгөн
 Жерге келген аккан суу.
 Жер үстүндө жашаган
 Элге келген аккан суу
 Өз тулкусун жоготпой,
 Бир тамчысын коротпой
 Кармап келген аккан суу
 Курмандыкка денесин
 Арнап келген аккан суу.

“Суунун да сурагы бар” – деп кыргыз эли айткандай, акындын ыр саптарында көрсөтүлгөндөй, тамчы сууга зар болгон элге келери, мурда-кийин болбогон жерге келери баяндалып жатат. Андыктан өсүп келе жаткан жаш муунга жаратылышка аяр мамиле жасап, өмүрдүн булагы болгон сууну сактоого, ага аяр мамиле жасоого көнүктүрүү, ошону менен бирге суунун үнөмү (запасы) болгон тоо мөңгүлөрүн сактоо керек экендигин түшүндүрүү, ошону менен бирдикте эрежесиз мөңгүнү казуу иштерине тыюу керектиги турат.

Тоодон аккан жеринен,
 Жаралганда тегинен,
 Тунук болгон аккан суу.
 Тазалыгы жагынан
 Карап турсаң баарынан
 Улук болгон аккан суу.
 Кемеринин ичине
 Алтын канат, жез куйрук
 Балык толгон аккан суу.
 Керектиги Ааламга
 Анык болгон аккан суу.
 Арам менен адалды
 Ылгабайсың, аккан суу,
 Бир адамды жамандап
 Булгабайсың, аккан суу!

“Сууда даам да, өң да, жыт да жок, ал жөн гана жандуу нерселерге жашоо берет. Суу–бул жашоо” М.Н.Б. Карачы сууну бир карасаң жөнөкөй гана нерсе, анда даам да, жыт да, өң да жок, ошенткен менен кандай гана керемети зор, биз аны бир күн ичпей калсак алдан тайып, кубаттан кетип калабыз, ошондуктан сууну барктап, баалап, ысырапкорчулукка жол бербей колдонуубуз абзел. Акындын ыр сабындагыдай суунун тунуктугу, адам баласыбы же жан-жаныбарбы, айтор адал менен арамга да бирдей мамиледе болуп, бүтүн ааламга керектигин даңазалап жатат.



Жоодураган бото көз,
 Моймолжуган ширин сөз,
 Күмүш үндүү, күн жүздүү,
 Жан эргиткен бал тилдүү,
 Шыбырашып, сүйлөшүп,
 Бирин бири жүр дешип,
 Аста күлүп, шыңк этип,
 Алтындан иймек сөйкөсү
 Кулагында жылт этип.
 Муну көргөн жигиттин
 Эр жүрөгү зырп этип,
 Эки челек көтөрүп
 Кыздар келген аккан суу
 Ай тамагын кылайтып,
 Ак көйнөгүн булайтып,
 «Секетпай» деп ыр ырдап,
 Аккан сууга сыр айтып,
 Жанаша басып кыналып,
 Өңүн суудан каранып,
 Тоту куштай таранып,
 Келиндер келген аккан суу! Булактын башын болжошуп,
 Муңайып күтүп, жол тосуп,
 Жашчылык менен каңгышып,
 Булактын жанын аңдышып,
 Чылбырдан атын кармашып,
 Чын перидей сулууга
 Чын дилден сөзүн арнашып,
 Чыңыртып күлүк минишип,
 Чийбаркыт тандап кийишип,
 Жигиттер келген аккан суу!

- деп акын ай тамагын кылайтып, ак көйнөгүн булактаткан, күмүш үндүү, күн жүздүү кыз-келиндер шыңкылдашып сууга келгенин, аны көргөн жигиттердин эт жүрөгү элжиреп, секетбай ырын ырдап, жан дүйнөсү жаркыган жаштардын элесин берип олтурат. Демек **суу – сүйүүнүн да башаты** болгонун баамдап турабыз. Жер жүзүн баккан аккан суу тууралуу Жеңижок акын жети күн, жети түн бою анын сыпатын, сапатын, баасын, баркын, кызматын, касиетин айткан экен. Ошентсе да, “Жети күн бир күн айтсак да түгөнбөгөн аккан суу” деп арманда калган экен.

Американын фантастик жазуучусу Джеймс Бэррат, Дженнифер Биман Уайттын “**В поисках сокровища**” кыргызча айтканда “**Казына издөө**” чыгармасында: “Виталик эски журналды колуна алып, ичин ачып барактады, ал XXIV кылымга таандык, бир гана музейде сакталчу журнал болгон, бирок ага чоң атасы белек кылып берген эле. Анда: “Бир кылым мурун кыямат болот. Кандай варианттар болду? Зомби апокалипсиси, инопланетияндар, ядролук согуш, вирус, монстрлар...” деген жазууга көзү чалдыгып, мыйыгынан шылдыңдуу жылмайып койду, кыямат жакында... Африкалык окумуштуу бардык металлдан алтын жасаганды ойлоп тапты. Абиг Дереба өзүнүн кичинекей мекенинде баатыр болду. Анткени Африка эң бай өлкөлөрдүн катарына айланат. Ал эми алтын – бакыт алып келген жок, алтын – согушту жана ыйды алып келди. Байыгандар байып, кедейлер кедейлене берди. Окумуштуу өзү жасаган ишке өтө кеч түшүнүп калды, алар бардык пластиканы, металлды, таштандыны деңизге, океанга таштай берген. Деңиз менен океан чоң болгондуктан баарын батыра берди, бирок деңиз жана океан суусу булганды, ууланды. Окумуштуулар сууну тазалоого киришти, бирок андан да жыйынтык чыккан жок, бардык суу керексиз абалда болуп калды. Аны ичүүгө, идиш-аяк жууга, жада калса жуунууга да мүмкүн эмес, өтө коркунучтуу абалда эле. Таза суу жаңы валютага айланды, анткен менен жер бетинде табылбады. Абиг Дереба “**Суу эң баалуу жаңы валюта!**”



деген чечим чыгарды, тилекке каршы сууну тазарта алышкан жок. Эл оорууга чалдыгып, өлүмгө дуушар болду. Жаратылыш жабыркап, өнөр жайы, экономикасы, планета кыйроого учурады. Бир гана космосто үмүт болуп турду. Алар Марска, айга, күнгө ж.б. планеталарга дрондорду учурушту, алтын, баалуу таштарды тапты, бир гана таза суу табылган жок. Көпчүлүк жагымсыз кабар менен кайтып келсе, көпчүлүк кайткан да жок. Виталик космонавт эмес, инженер болгондуктан жаңы космикалык кеме ойлоп тапты, ал эртең космоско учат. Ал аялынын кир көйнөгүн, жүдөгөн ырайын, жуулбаган чачтарын көрүп өтө кейиди, үч баласын жана колуктусунун бетинен өптү. Ал алтынды жек көрүп турду, бир гана максаты таза суу таап, үй бүлөсүн ошол жакка алып кетүү эле. Космосто жарым жыл жүрдү, таза суу таппады, башка галлактикага, башка планетага учушту эч жерде таза суу жок, аргасы жок жерге конду. Виталик жерге жатып жаш балача ыйлады, баардык галлактикада суу жок, бир гана алтынга, баалуу таштарга чулганган...” – Биз бул чыгармада Жер жүзүндөгү баардык байлык мисалга алсак алтын, күмүш, бриллиант ж.б. канчалык көп болуп сени курчап турса да, бир чөйчөкчө таза сууга арзыбагандыгы чыгармада ачык, айкын баяндалып турганын көрүп турабыз. Андыктан кыргыз элинин: **“Алтын-күмүш таш экен, арпа-буудай аш экен”** – деген кыргыз элинин накыл сөзүндө философиялык чоң ой турары жана бул сөздө калет жок экендиги жогорудагы чыгармада айтылып турат.

Ал эми Оне Ин А Миллиондун айтканына көңүл бурсак: **“Суунун агымына каршы сүз, суунун агымы менен өлгөн балык деле сүзө алат”** – мында өтө чоң ой турат.

Карга аке: **“Кайратты элден ал, келбетти жерден ал, тазалыкты суудан ал, ынтымакты туудан ал!”** деп айткан сөзүндө калет жок, андыктан бир туунун алдына биригүү бул өнүгүү, өсүүнүн белгиси болот эмеспи.

Эл сөзүндө:

“Булактын көзүн ачуу – өмүргө нурун чачууга барабар”.

Таза аба жуткуң келсе эрте тур, таза өмүр сүргүң келсе эмгек кыл.

Суу сыйлаган зор болор, суу кордогон кор болор.

Суу атасы — булак, сөз атасы — кулак.

Суу бар жерде жашоо бар.

Эл башы болгончо, суу башы бол.

Суу канык — эгиндин даны толук.

Суу менен жер көгөрөт, эл менен эр көгөрөт.

Суу менен келген — жел менен кетет.

Суу менен ойнобо — чөгөсүң, от менен ойнобо — күйөсүң.

Таза болсоң — суудай бол, баарын жууп кетирген.

Тоону, ташты суу бузат, адамзатты сөз бузат.

Көйнөктүн кирип жууса кетет, көңүлдүн кирип кантсе кетет? – деп кыргыз эли бекеринен айткан эмес. **Тоодой ойду томуктай сөзгө батырган элибиздин кемеңгерлигин, билгилигин, даанышмандыгын тастыктайт. Элибиз ар бир сөзгө маани берген, анткени сөздүн касиети чоң...**

Кыргыз эли сууга байланыштырып койгон жер-суу аттары өтө кеңири учурайт: “Көк-Суу”, “Кашка-Суу”, “Ак-Суу”, “Кара-Суу” ж.б. бул эмнеликтен кабар берет?. Элибиз сууга өтө аяр мамиле жасаган жана аны даңктап, даңазалап жердин аталышына да пайдаланган.

“Сууда даам да, өң да, жыт да жок. Ал жөн гана жандуу нерселерге жашоо берет. Суу – бул жашоо” М.Н.Б. – деп сөзүмдү жыйынтыктайын.

Жан бүткөндүн баарына өмүр тартуулаган Сууну сактоо, ага аяр мамиле кылуу кыргыз элинин гана эмес, жалпы дүйнө элинин милдети десем болот.

ПАЙДАЛАНГАН АДАБИЯТТАР:

1. Жеңижок – Бишкек, Учкун басмаканасы 2001-ж.
2. Накыл сөздөр – Бишкек, Учкун басмаканасы 1996-ж.
3. Макал – лакаптар – Бишкек 1998-ж.
4. Самаков Айбек–Суунун да сурагы бар “Maxprint” басмаканасы 2017-ж.



ӘОЖ: 37.01

ТОЛЫМБЕК ӘБДІРАЙЫМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Жаксыманова Эльвира Айтбековна

Абай облысы білім басқармасы
Аягөз ауданы білім бөлімінің
«Мектеп жанындағы интернаты бар
жалпы орта білім беретін №6 мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
ШҚО, Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада Толымбек Әбдірайым шығармаларының көркемдік ерекшелігі тақырыбындағы ғылыми мақаланың автордың өмірі мен шығармашылық даму кезеңдері туралы айтылады. Ғылыми іздену жұмысы кіріспе бөлімінде, балалар прозасының даму деңгейіне егжей-тегжейлі зерттеу жұмысын жасап, балалар әдебиетінің маңыздылығын ашуға тырыстық. Зерттеу жұмысында мақсат-міндеттер, тақырыптың өзектілігі, әдіс-тәсілдер, түрлі дереккөздер мен күтілетін нәтижелер айтылады.

Тірек сөздер: проза, автор, ақын, шығармашылық, балалар әдебиеті.

Қазақ әдебиетіне, соның ішінде, балалар прозасына өзіндік қолтаңбасын қалдырып үлгергендердің бірі, көптеген прозалық шығармалардың авторы – Толымбек Әбдірайым. Өзгеге ұқсамайтын өзіндік жазу стилімен, өзіндік бағытымен көптеген шығармаларды дүниеге әкелуде. «...Тарихтың әр батырдың әр шайқасының жай-жапсарын бажайлай баяндағаны сияқты әр суреткердің әр туындысының да егжей-тегжейіне емірене үңіле білген лазым екен.

Толымбек Әбдірайым әдебиетімізде дәл сондай мақсатпен тыңға түрен салып, «Ағыл-тегіл» атты деректі әңгімелер мен эсселер кітабын тудырыпты. Бұл – бір өркен жаяр өнеге болса керек. Оның бүгінгі тыңдарман қауым мен ертеңгі зерттеуші қауым тарапынан бірдей ризашылыққа ие болатынына кәміл сенеміз», - деп Қазақстанның Еңбек ері, халық жазушысы Әбіш Кекілбаев жазушының шығармашылығына өз пікірін білдірген еді.

Балалық арман жазушыны шыңдарға жетеледі. Балалық өмірдің тереңіне бойлай білген Т.Әбдірайым балалар әлеміне кездейсоқ келген жоқ. «Қандай жанның да бала шағы – болашағының баспалдағы. Кім-кімнің де ат жалын тартып азамат жасына келгенде оның қандай адам болмағы, қандай биіктен көрінбегі – оның балалық шағындағы алған әсер-байлығына, бала шағында бастан кешкен оқиға байлығына әмсе көп байланысты. Бала шақта алған әсері аз адам жазушы бола алмайды». Т.Әбдірайымның рухани-адамгершілік болмысының қалыптасуына ұшқан ұясы үлкен себін тигізді.

Толымбек көркем шығарманың жазылуына үлкен мән береді. Көркем әдебиет адамгершілік идеядан, азаматтық терең ойдан, биік парасаттан туындап отырады деп есептейді. Көркем шығарма оқырманға ой тастауы үшін жазушының шеберлік деңгейі жоғары болуы керек. Жазушының бойынан тәңірі берген таланты мен біліміне қоса, еңбекпен ізденіс, жаңашылдыққа талпыну тәрізді қасиеттер табылуы қажет. Ол уақытты тиімді пайдалана отырып, барлығын ұйымдастыра алуды басты шарт деп санайды. Осы қасиеттерді айналасындағылар Толымбектің бойынан байқап жатады. «Төкең өте еңбекқор адам, көп оқиды, оқығанынан көп тоқиды. Оқыған дүниелерінің бәрін астын сызып, нәрін жиып, сөлін сығып отырады. Ұнаған дүниелерін қайта-қайта оқып, тереңінен ләззат алып, сүйсініп жүруден де жалықпайды»



Сонымен қатар Толымбек өзінің жазатын тақырыбыңды жан-жақты түрде танып алған дұрыс деп есептейді. Кейіпкердің ішкі дүниесіндегі психологиялық сыр, мұң, арман, сағыныш сияқты күрделі құбылыстарды ашып, характер логикасына қарай шешім табу – әрбір қаламгердің басты мұратына айналуы тиіс деп біледі. Жазушы үшін маңыздысы – ол суреткерлік. Сол үшін шығармада көркем бейне толық ашылмаса, әдеби туынды деп саналмайды дейді.

Толымбек Әбдірайым шығармаларының дені хикаяттар мен әңгімелерден, ертегілер мен мысалдардан тұрады. Жазушы өзінің қаламын барынша ұштап, газеттегі міндеттерімен қатар жазушылық шеберлігін де жетілдіріп жүрді. Міне, енді осы кезге дейін жазушының ірілі-ұсақты оннан астам жинақтары шыққан екен. 1996 жылы дүниеге келген «Еркекшорадан» бастап, «Әуелеп ұшқан тырналар», «Дала әуені», «Аюқұлақ», «Аққоянның үйшігі», «Жалқаулыққа кім үйір?», «Алабұға аулаған күн», «Құс қанаты», «Ине мен жіп», «Мақтаншақ сары сағат», т.б. балаларға арналған тартымды, оқиғасы қызық дүниелер бірінен кейін бірі жас оқырмандарына жол тартып отырды.

Толымбек Әбдірайымның шығармаларына қарап өзіндік жолы бар екенін байқаймыз. Жазушы А.Алтай: «Бала жан дүниесі жайында жазуды көптеген қаламгер армандайды, бірақ ойдағыдай шығатынына күмәнданып, осы бір өлмес-өшпес тақырыпқа тыңнан түрен сала алмасын сезіп, тайсақтай беретіні кәміл. Ал бала ақыл-ойымен, бала сезімімен селкеусіз дөп түсетін жазушы сирек. Осындай жазушының бірі – біздің Төкең – Толымбек Әбдірайым» деген еді. Шынында да, жазушының шағын да әсерлі шығармаларын балалар асқан қызығушылықпен оқиды. «Қай мектепке бара қалсаң да, қарсы алдыңнан өріп шыққан бүлдіршіндер Төкеңді көргенде, жамырай қарсы алып, жалпылдай әңгімелесіп, шығармалары туралы, шығармашылығы жайында ұзақ-сонар сөз қозғауға ойысып жатады. Бәлкім, бала жанын бағалаған, бала жанының бағбаны болған жазушы бақыты деген де осы шығар».

Толымбек бүлдіршіндерді ерекше жақсы көретін балажан қаламгер. Оған балалар әлемі өзінің пәктігімен, тазалығымен ұнайды. «Талант иесінің сарқылмас байлығы бар, ол – өзінің жан дүниесінде. Өз санасында бар білгенін, көргенін жинап отыратын көркемдік қордасы болу керек, ол – оқиға, сюжеттер, тосын сөздер, мақал-мәтелдер, суреттер, адамдар т.б.»

Жазушы қазіргі қоғамдық мәселелерді көтере отырып, балалардың бойына тәрбие нәрін себуге тырысады. Өзінің сұқбатында былай деген еді: «...Бүгінгі оқулықтарға ХХІ ғасырдың, тәуелсіз елдің балаларын тәрбиелейтіндей, солар оқитындай үздік, жақсы шығармаларды елеп-екшелеп беру керек. Бұл жерде мен бұрынғы классиктердің туындыларын жоққа шығарып отырғаным да жоқ. Олар да керек, әрине. Бірақ, қазіргі авторлардың да молынан болғаны ләзім. Мен заман мен уақыттың, адамдардың көзқарасының өзгеруіне сәйкес, оқулықтардың да сұрыпталғанын қалар едім».

Толымбектің шығармаларының арасында бүгінгі күннің жаңалықтарынан хабар беретін әңгімелері баршылық. Мысалы, «Лифт неге тоқтады?» әңгімесі қазіргі балалардың ұғым-түсінігіне сай жазылған. «Лифт» сөзі бүлдіршіндерге таңсық емес. Бұл шығармада лифтпен ары-бері түсіп, қызық қуған балалардың қылығынан лифттің бұзылып қалғаны баяндалады. Атасының түсіп-шығуына қиындық тудырғанын сезген Айбек ісіне қатты өкінеді. Әңгіме өз қателігінді түсінуді, жақындарына жанашырлықпен қарауды үйретеді. Жазушының әңгімесі шағын жазылса да, үлгі-өнегеге толы. Сөйлемдері шұбалаңқы ойлардың жиынтығынан құралмаған. Қарапайым тілмен тізілсе де, қарабайыр жазылмаған.

«Реніш» әңгімесі үлкен қаладағы зәулім үйлерде тұратын Әлихан мен Нұртайдың сөз таластыруынан басталады. Балалар әкелерінің көліктерін айтып, қайсысы жақсы деп дауласады. Тіпті, соңында сөзбен жеңе алмаған соң, бір-біріне жұдырық ала жөнеледі. Екеуінің ерсі қылығын көріп отырған Ізбасқан қария балаларды жанына шақырып алады.



Екі баланың бұл ісін ұяттыға санап, екеуін татуластырады. «Заман талабына сай жақсы үйде тұрған, жақсы киінген, жақсы мәшине мінген жақсы. Біле білсеңдер, сендер тәуелсіз еліміздің елордасы – Астанада тұрасыңдар. Соған лайық білімді, білікті, ұлтжанды, мәдениетті, иманды азамат болуларың керек», - деп қария балаларды ақылға шақырады. Қазіргі балалар компьютерді жетік меңгергенін, ғаламтор арқылы білмейтіні жоқ екенін айта кетеді. Балалардан Абайдың кім екенін сұрайды. Балалар бастарын төмен түсіреді. Абайдың бір өлеңін жатқа білмейтінін білгенде, қария ренжіп кетіп қалады.

«Реніш» әңгімесі қоғамда ғаламторға тәуелділігі артып, кітап оқымайтын балалар әкелерінің көлігімен, лауазымымен мақтанудан әрі аса алмайды. Т.Әбдірайым осыған қатысты былай деген еді: «Жасыратыны жоқ, бұл айтылып та, жазылып та жүр, бүгінгі қоғам кітап оқудан алыстап кетті. Компьютер, ғаламтор мен қалта телефондары кітапты біраз шетке ысырғаны рас. Меніңше, балаларды кішкентайынан кітап оқуға мәжбүрлеу керек. Бала кезінен оқи бастағандықтан, ол соған дағдыланады, қалыптасады. Мен кітапсыз руханиятты көз алдыма елестете алмаймын». Жас балаға да, үлкендерге де ой салатын әңгімеде баланы жастайынан оқу-білімге бағыттау, кітап оқуға деген қызығушылығын ояту керегін айтады.

«Тарқаған өкпе» әңгімесі достыққа, бауырмалдылыққа шақырады. Істің мән-жайына көз жетпей жатып, өкпе арту – қате іс. Жақындарыңа көңіл бөліп, хәлін сұрау – үлкен адамгершіліктің белгісі екендігін растайды. Баланың бойына жастайынан адамгершілік қасиеттерді сіңіртуді мақсат тұтатын жазушы «Тағат менің ағам» әңгімесінде де «тәрбие басы тал бесікте» екенін аңғартады. Өкенің сынынан сүрінбей өткен қызының бауырмалдылығын, ақылдылығын, пәк көңілін байқауға болады. Тәрбие беруде тыйым салу, дауыс көтеруден гөрі, ақылмен түсіндіру әлдеқайда нәтижелі екенін байқаймыз.

Балаларға арналған прозалық шығармалардың негізгі кейіпкерлері, әдетте, балалар болып келеді. Басты нысанаға балалар алынғандықтан, бала жанын зерттеудің ең тиімді жолы – осы. Алайда балаларға арналған шығармалардағы кейіпкерлер галереясы мұнымен шектеліп қалмауы керек. «Балаларға арналған шығарманың басты геройы бала болуы міндетті емес, тіпті, бір де бір бала қатыстырмай балаларға арнап шығарма жазуға болады».

Толымбектің шығармалары өмір шындығын қамтудағы өрісінің кеңдігімен, шеберлік деңгейінің жоғарлығымен қалың оқырман жүрегінен орын тапты. Өзінің шығармаларында өмір шындығын балалардың ой өрісіне, қабылдау деңгейіне лайықтап өрнектей білді. Әрі қысқа, әрі нұсқалығымен, оқиға желісінің қызықты болуымен, танымдық мәліметтердің молдығымен балалар үшін баға жетпес базарлық болды.

Толымбектің ертегілері мен мысалдарындағы сюжет ықшамдылығы, оқуға жеңіл баяндау тәсілі бала психологиясын жетік білетінін танытады. Шығармаларындағы пейзаждық көріністері, қызық оқиға желісі жасөсірімдерді бірден баурап алады. Осы тұста Ж.Елшібек жазушының «Аюқұлақ» атты жинағына алғысөз жазғанда былай деген еді: «Мөлтек әңгімелер мен шағын мысалдар, ертегілер жазу екінің бірінің қолынан келмейтіні әлмисақтан белгілі. Өйткені, кішкентайларды шымыр да, әп-әдемі, тартымды әңгімелермен ойға шомдыру қиынның қиыны. «Сәбидің тілін түсінген жазушы, әлемнің құдіретін біледі» деген екен атақты балалар қаламгері Антуан де Сент-Экзюпери. Себебі, олар айналада болып жатқан құбылыстарға, жаңалықтарға, өзгерістерге үнемі сергек қарайды. Демек өзі көріп-білген, я болмаса естіген жайларды тура қаз-қалпында қабылдауға әзір.

Сондықтан да Толымбек өз шығармаларында баланың кір шалмаған пәк көңілін аулауды, сөйтіп оларды еріксіз ойлауға зер салады».



Толымбектің «Мұжығын», «Алданған бай», «Тәкаппар піл», «Кітап мұңы», «Адал сауда», «Бақыт деген не?», «Дәптер мен Әліппе», «Жалқаулыққа кім үйір?» тәрізді ертегі-мысалдарының танымдық қуаты мен әсері айрықша деп айтуға болады. «Жақсылыққа жақсылық» атты мысал әңгімесінің астарында үлкен мән жатыр. Қасқыр – қатігез, жауыз, қаскөй ретінде бүлдіршін санасында қалыптасып қалған жағымсыз бейне.

Алайда, бұл мысалдағы қасқыр өзіне көмектескен қозының жақсылығын ұмытпай, оның өмірін арашалап қалады.

Жануарлардың іс-әрекеттері арқылы жазушы адам мінезін де ашып көрсетеді. Жаман деген адамның да бойынан бір жақсылықтың болатынын, өмірдің алма-кезек екенін, қайырымдылықтың ешқашан ұмыт болмайтынын байқатады.

Жазушы балаларды кітап оқуға жастайынан баулу қажет екенін айтып, тіпті, қажеттілік болып жатса мәжбүрлеу керек деп санайды. Кітапты кішкентайынан серік еткен баладан интеллектуал, елін-жерін сүйетін азамат шығады деп есептейді. Ел болашағы – өскелең ұрпақ екенін ескерсек, олардың тәрбиесіне селқос қарауға әсте болмайды.

Өмір шындығы – жас ұрпақты тәрбиелеудің құралы деп санасақ, жазушылар соны көркемдеп жеткізушілер. Осы жағынан алып қарағанда балалар әдебиетінің ересектерге арналған әдебиеттен айырмашылығы көрінбейді. Балалар қиялшыл, еліккіш келеді. Осы қызығушылығын арттыру үшін сапалы туындылармен бала жүрегіне жол таба білу керек. Кітапты серік еткен бала ақылды, айналасына сергек қарайтын, қиындыққа төзімділік танытатын адам болып ержетеді.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. – Алматы: Өркениет, 2003. – 368 б.
2. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 175 б.
3. Ерубәев С. Шығармалары. Роман, өлең-жырлар, әңгімелер, сықақ, сын, көсемсөз. Естеліктер, мақалалар. / Құраст.: Хабдина Б., Қойшыбаев Б. – Алматы: Рух БГ баспасы, 2014. – 480 б.
4. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2007. Т.1. – 456 б.
5. Ыбырайым Б. Сырлы әлем. (Қазіргі қазақ балалар прозасы). – Алматы: Ана тілі, 1997. – 224 б.
6. Қазақ совет балалар жазушылары: Қаламгерлік өмірбаян жинағы. – Алматы: Жалын, 1987. – 192 б.



ӘОЖ: 37.01

НЕСІПБЕК АЙТҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Алымбекова Асем Сериковна
Абай облысы білім басқармасы
Аягөз ауданы білім бөлімінің
«Мектеп жанындағы интернаты бар
жалпы орта білім беретін №6 мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
ШҚО, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ халқының үш ғасырлық бодандық қамытынан босап, азаттық алып, тәуелсіз ел болғанына, міне, биыл 30 жылдам астам жыл толып отыр. Шексіз уақыт үшін де, тәуелсіздігімізді мәңгілік болса дейтін арман иелері үшін де, отыз жыл қас-қағым сәт. Міне осындай, азаттықты жан тәнімен жырлаған ақындардың бірі – айтулы ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Несіпбек Айтұлы.

Тірек сөздер: ақын, поэзия, тәуелсіздік, азаттық, ұлттық құндылық.

Кейде тойымсыз көңілмен, тәтті арманмен «анау бола қоймады, мынау жетпей жатыр» деп ширыққанымыз орынды болса да, ауызды қу шөппен сұрту қиянат болар еді. Бұл ретте әр тұстан айтылып қалатын «бұл 30 жылда ғасырға жүк боларлық шаруалар атқарылды» деген уәжбен толықтай келісуге болады. Өзге саланы айтпағанда, қазақ халқының рухани өмірінде азаттық таңы ала келген орасан зор өзгерістердің теңдессіз қуаты, жаңғыртушы ықпалы, әсіресе, әдебиет пен өнерде ерекше серпін беріп, құнды да құнарлы дүниелердің тууына мұрындық болды. Бодандықтың санаға сіңіп қалған улы қалдықтарын аластау, азат күнді қастерлеу, тәуелсіз Отанның іргесін бекемдеу – қазақтың жаңа әдебиетінің алтын арқау, темір қазығына айналды.

Азаттықтың ағылдыр айдынындағы ақжал толқындар бодандық бұғауында тынып, тыншып, өлі судай болып қалған халықтың сана мұхитын аспанға көтере шайқап, олардың ішіндегі іштен тынып жүрген шер көңіл шерілерді, қам көңіл перілерді, дарқан дарындыларды руханияттың апантөс айдынына алып шықты. Шұрасы шешілмеген тұлпар, томағасы сыпырылмаған сұңқар қалған жоқ. Мың сан дүлдүл қамаудан, мың сан бұлбұл тордан босады.

Егер қазақ даласын зеңгір көктен бақылап тұрған «сырт көз» болса, тұтас қазақ даласының орманы мен тоғайы, өзені мен көлдері, тауы мен тасы, аңы мен құсы, тіпті құрты мен құмырсқасына дейін «азаттық» деп әндетіп, жырлатып, сырнайланып-кернейлетіп тұрғанын аңғарған болар еді. Енді ше?

Табаны күректей үш ғасырға таяу құлдықта, бодандықта өмір сүріп, толарсақтан қан кешіп, жұлқысқанда жұлын кетіп, қырқысқанда қырым кетіп жүріп, «өлдім-талдым, өштім-біттім» дегенде зорға жеткен бостандық болатын бұл. Ендеше, бұл азаттықты жырламау жер басып жүрген қазақ ақынына кешпес күнә десек, артық болмас...

Иә, айтып айтпай қазақ ақындары азаттық туралы жырдың көрігін бір кісідей-ақ қыздырып келеді. Бұл арада азаттықты жырлаған ақындардың саны мен тәуелсіздікті арқау еткен өлең жырдың санынан есеп бергеннен гөрі, жекелеген ақындардың азаттыққа неше ондаған поэма, әлде неше кітап арнағанын айтқан күйе.

Міне осындай, азаттықты жан тәнімен, ынты-шынтысымен, көркемдіктің де, азаматтықтың да биік шыңына шығарып, өндіріп жырлап жүрген ақындардың бірі хәм бірегейі – қазақ поэзиясының ақтаңгері, айтулы ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Несіпбек Айтұлы.



Не туралы жырла, тіпті жай қара сөзбен сөйле, ең әуелі қаламгерге азаматтық мінез, сосын сол айтарың туралы мықтап біліп, жақсылап сезініп, түйсініп, түсініп алу керек екені екі бастан белгілі.

Бұл тұрғыдан келгенде Несіпбек ақынның азаттықтың, азат күннің бақытын, қадір-қымбатын сезінуі, түйсінуі өзгеше, бағалауы алабөтен. Бұл мәселе әсіресе ақынның «Бәйтерек» поэмасында жарқырап көрінеді:

Шүкірлік жарылқаған Аллаға мың,
Маңдайы жақырады кең даланың.
Тәуелсіз атқан таң мен шыққан күннің
Керемет күдіретіне таң қаламын.
Айығып ой тұманнан, сана бұлттан,
Жазылды ескі жара жан ауыртқан.
Азаттық аясында қандай бақыт
Тәуелсіз тыныс алып, ауа жұтқан!

Жоғарыда біз айтқан бодан кездегі бордай тозған елдің «жанындағы жараның жазылғанынан» тартып, тәуелсіз, бостан азамат, тіпті, азат адам ретінде «тәуелсіз тыныс алып, ауа жұтқанның» қандай бақыт екенін сезіну бар да, оны таудан құлаған тұмадай етіп мөлдіреген күйінде, төкпей-шашпай жүректерге жеткізу тағы бар. Ал бұл мақсатқа жетуде қаламгердің қарымы, ақынның дарыны өз алдына, елдің, жердің шежіресін білу, өткенге ой көзімен қарай білу бәрінен де маңызды. Бұл тұрғыдан келгенде де Несіпбек Айтұлының таным-талғамы, ой-пікірі, мақам-мәнері, тұрғы-тұғыры тіптен бөлек. Мәселен, ақын бірде:

Туған ел, жаралғалы не көрмедің,
Көрейін көсегеннің көгергенін.
Қиырда қыршындарың қалды қанша
Бұйырмай бір жарпырақ сенен кебін,-деп бодандық бұғауындағы ел тағдырын, жұрт тауқыметін толғаса, енді бірде азаттық таңы атудан бұрынғы лирикалық меннің қапастағы халінен сыр шертеді.

Жалпы қара түнек қапас қоғамның қасіреті, бодандықта көрген қорлық-зорлық жеткілікті айтылмайынша жас ұрпақты бүгінгі азат елдің патриоты етіп тәрбиелеу тіптен мүмкін емес. Тағы бір жағынан жеке басының өзі «таяқты тар көпірде көп жеген, аяқты ақсақ аттай тарта басқан» ақындар көргені мен сезгенін әлі де ішіне бүгіп жүре беретін болса, мына азаттықтың, мына бостан заманның қандай қадір-қымбаты болуы мүмкін?! Оның үстіне лирикалық меннің жырлай да зарлай еске алып отырғаны тек жеке өз басының, отбасы, ошақ қасының ғана әңгімесі емес. Бәрі де ел мен жер тағдырына қатысты азаматтық толғаныстар. [3]

Сондықтан да Несіпбек поэзиясының, әсіресе, тәуелсіздіктен кейінгі кезеңінде ел тарихындағы халқымыздың бодандықта сорлаған, жылаған жылдарының шежіресі жанды да әсерлі, үлкен азаматтық жүрекпен бедерленеді. Бұл ретте, әсіресе Жоңғар шапқыншылығы, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, Ресей отаршылдығы, Ресей мен Цинь империясының қазақ жерін пышақ үстінен бөліскені, Кеңес үкіметінің орнауы, халқымыздың қасқа мен жайсаңдарының «бай-құлақ» ретінде күреске тартылуы, ұжымдастыру, 32-нің қолдан ұйымдыстырылған қырғыны, 37-дегі қанды қасірет, ҰОС қасіреті, шекараның арғы беті мен бергі бетінде ағайындардың бір-бірінен жарты ғасырдай көз жазып қалуы, Желтоқсан оқиғасы, даламыз бен қаламыздың, тау-өзендеріміздің аттарының бұрмаланып, бөгделенуі... Міне, бұның бәрі де бодан кезде отаршылдық жәбір-жапа шеккен, ұлттық қорлау көрген, езілген, геноциттік қырғынға ұшыраған, жаншылған халықтың өткені мен жан-жарасын жақсы білетін сезімтал ақынның жүрегінен төгілген шерлі, мұңлы жырлар болатын. Осы тұста бір ескерте кетер жағдай Несіпбек Айтұлы өткен күндер қасіретін айтқанда жалаң ғана мұң шағып, шер төгіп «қорландым, тоналдым, қырылдым» деп егіле бермейді.



Қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Несіпбек Айтұлы 73 жасында 16 қазанда 2023 жылы өмірден озды. Ақынның “Фолиант” баспасынан таңдамалы жыр жинағы жарық көрді. Бұл ақынның бүгінге дейін шыққан екінші таңдамалысы екен. Кітапты оқып шықсаң қайран қаласың. Жырларының болмысы да, бояуы да бөлек. Қазақпен бірге жаралып, Абаймен аспандап, Мағжанмен түлеп, Қасыммен қанаттанып, Мұқағалимен маздаған қара өлең тағы бір биікке көтеріліп Айтұлының жырларымен тіптен айшықтала түсіпті. Таспадай өрілген ой, тау суындай түп-тұнық тіл соның анық дәлеліндей. Өлеңдерінде өмір, өзегінде өксіген тағдыр бар. Сол тағдырдың жазуымен кең аспанның астынан пана таппай, тасқа табан тілдіріп ары-бері көшсе де «Қасиетін халқымның тонатпадым, Бесігімді арқалап босып жүріп» - дейді ақын. Сарғайып сартап болған сағынышы сары атанға жүк болардай. «Тарбағатайдың жон арқасы сөгілген сайын, беломыртқасы күтірлейді». Алып империялардың күшімен талауға түскен туған жердің тағдыры жайлы мұнан артық не деуге болады?..

Н.Айтұлының көркемдігі сонда ол кісі кең тынысты эпик ақын, қазақ поэзиясында отыздан астам поэма жазған. Н.Айтұлы қазақтың үш жүзінің батырларын жырлаған, елдің, жердің тағдырын және тарихи тұлғаларды да ұлт көсемдерін де жырлаған ақын. Айналасы екі-үш жылдың көлемінде Жұмабек Тәшеневке арналған «Жер жадынан қымбат» поэмасы, А.Байтұрсыновқа арналған «Ахмет» поэмасы, Қ.Сәтбаевқа арналған «Қаныш» поэмасы шықты. Кесегі сүйекті, үлкен поэмалар жазған ақын. Н.Айтұлының шығармаларындағы көркемдік ерекшелігі сонау қазақтың фальклерын, ауыз әдебиетін, көшпенді өмірді көзімен көрген, сондағы қолданыстан шығып қалған сөздер қазақтың көркем, қаймақты тілін сонау жыраулардан жалғасып келе жатқан құнарлы тілін бүгінгі ұрпаққа жеткізуші. Өлеңдерінде ұмытылып бара жатқан көркем сөздері, әдеби тілі осы кісінің шығармашылығында молынан көрініс тапқан. Н.Айтұлы шығармаларының басты каллариті ұлттық тілдің, ұлттық дүниетанымының бай, мол қолданысында.

«Үстінде ақ қағаздың жорғалаған» қаламмен сырласу ақындардың қай-қайсына да тән қасиет. Жасампаз рухты жалғыздардың өмір бойы серігі болатын қалам үлкен қасиетке ие. Бірде өзінің, бірде ұлтының, бірде Түп Иенің өзі боп жазып кететін қаламға қалай ғана жүгінбейсің. Сондықтан ақын «Сорғалап өлең болып төгіліп кеткенде қаламының тайпалған жүрісіңнен жаңылмауын тілейді». Ал қалам жүрісінен жаңылса «Болдырған шабан аттай жолда қаларын анық сезеді». «Қалам наданның қолында қор болып, ақынның қолында жарқырайды». «Ала-құла адамдардың ішінде тек қаламына сүйенген» қаламгерлердің қадір-қасиеті де сол қаламмен өлшенсе керек. Қаламынан ойлы жыр төгілген сайын жанарынан күн күліп жаны жадырай түспек. Ақынның қаламға байланған ғұмыры, болашаққа қойылған тұғыры іспетті. Оның нарқын уақыт көрсетпек.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ДҮКЕН МӘСІМХАНҰЛЫ «ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖУРНАЛЫ» (Жұлдыз журналы) <https://juldiz.info/alash-zhyryny%D2%A3-ajbozy/>
2. АҚЕДІЛ ТОЙШАНҰЛЫ, ақын, фольклортанушы ғалым (Егемен Қазақстан) <https://egemen.kz/article/246585-eldik-pen-erlik-dgyrshysy>
3. ӘДЕБИЕТ ПОРТАЛЫ Арман Шеризат https://adebiportal.kz/kz/news/view/argymaq-bolmysty-aqyn__22963
4. ЖАС АЛАШ <https://zhasalash.kz/ruhaniyat/nesipbek-ajtulynyn-altyndy-zhyr-sarajy-20439.html>
5. МАХАТ САДЫҚ <https://www.facebook.com/100002304071869/posts/pfbid0yrQkj6aoXBromWPxA7L9KLfveWPmwTkQakTtDNBtvhFKK9UmBB2VadH1TAyiSudHI/>



ӘОЖ 37.091.3 (574)

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ АБАЙ МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ КӨРКЕМ СӨЗ ӨНЕРІНЕ БАУЛУ

Илюбаева Анар Айтказыновна
«Алтай қаласының №9 орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Аңдатпа. Қазіргі таңда қоғамымыздағы ақпараттың қарқынды дамуы «XXI ғасырдың – ақпараттың дамыған ғасыры» екендігін айғақтап отыр. Бұл білім саласындағы іргелі өзгерістерге, тың жаңалықтарға жол ашты. Әлемдік кеңістікке еруге, қашықтықтан білім алуға жол ашылып отырған заманда рухани байлықтың көзіне айналып отырған ұлттық құндылықтарымыздың маңызынан алыстамауымыз қажет.

Кілт сөздер: ұлттық құндылық, рухани байлық, сөз өнері, Абай мұрасы.

Дәстүрлі оқытудан бері сапалы білім берудің көзіне айналған оқыту технологиясы бүгінде жеке тұлғаға бағытталынып, оқушы-субъектінің дербес ізденісін жан-жақты дамытуды көздеп отыр. Алайда, рухани байлықсыз жеке тұлғаны қалыптастыра алмайтынымыз сөзсіз. Осы орайда рухани жан-дүниесі бай ұрпақ тәрбиелеуде Абай мұрасының маңызы зор.

«Көркем әдебиет – беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал», -деп А.Байтұрсынов айтқандай, әдебиет пәні - оқушыны сөз өнері әлемімен қауыштыратын өнердің пәні [1, 3 б.]. Ұлттық құндылықтың көзіне айналып отырған ұлыларымыздың мұрасын, асыл сөз өнері мен ұлттық мәдениетімізді, тарихымызды танытып қана қоймай, адамгершіліктің тәрбие құралына айналған әдебиет пәнін оқыта отырып, ұлтжанды, патриот азаматтарды тәрбиелей аламыз.

Әйгілі педагог Я.А.Коменский: « Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес» – дегендей [2,124], қазіргі таңда жас өскіннің бойында рухани әлемін қалыптастыру, адамгершілікке, азаматтыққа тәрбиелеу, сөз өнеріне баулу - мұғалімнің басты қызметі мен тынымсыз еңбегінің жемісі.

Осы орайда ұстаздық жолымда сан шәкіртті тәрбиелеп, білім берумен ғана шектелмей, олардың сөз өнері әлемінің ғажайып сырынан тағылым алулары үшін үнемі тың ізденістерді, озық технологияларды өз іс-тәжірибемде қолданып келемін. Әдебиет пәні өнердің пәні болғандықтан, пәнаралық байланыстың негізінде оқушыларды сөз өнеріне баулуды мақсат еттім. Көркем мәтінді оқып, оны түсініп талдауда, оқушылардың сөздік қорлары молайып, тіл байлығының артуында диалогтың маңызы зор.

«Диалог – қарым-қатынас субъектілерінің тоғысуы, олардың әрқайсысы да өзінің серігіне, тыңдаушысынан, түсінушіге қаратып сөйлейді. Оқытудың нәтижелілігі олардың қаншалықты тең құқылы екендігіне, қаншалықты бірлескен ой-толғанысты, бірлескен шығармашылықты ұйымдастыра білуіне, ал оның серігі оқушы рөлінен тең құқылы автор рөліне ауыса алатындығына байланысты».

Әйгілі педагог Выготский: «Оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады», -деген жорамалына сүйенсек [3,89], оқушының ізденісіне, білім алуына бірден-бір жол ашатын , адамгершілікке үйретудің ең тиімді құралы. Сондықтан да сабақта оқушыларды мәнерлі сөйлете отырып, дербес ізденістері арқылы білім алуларына, өзара бір-бірімен қарым-қатынасқа түсулеріне жол ашамыз. Бұл олардың пәнге деген қызығушылықтарының артуына да түрткі болып отыр. Төменде өз іс-тәжірибеміздегі



пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың сөздік қорларын молайту, сөз өнеріне баулудың жолдарына негізделген сабақтағы тапсырмалар үлгісін ұсынып отырмыз.

Сабақтың тақырыбы: Абай – ғұлама.

Оқу мақсаты: Оқушыларға ұлы Абайдың еңбектерін оқыта отырып, сөз өнеріне баулу.

I Мәтінмен жұмыс (Абайдың өмірбаяны, оқу, аудару, әңгімелеу) (слайд)

«Адам болсаң, надан болма»

«Үш ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.


Біреуінің күні жоқ, біреуінсіз, ғылым сол үшеуінің жөнін білмек».

Абайдың тәрбиелік мәні бар қара сөздерін мағынасына қарай оқу, ауызша мазмұндау.

10 сөзі 29 сөзі 37 сөзі 25сөзі 32 сөзі

ә) «Абай – ақын, жазушы».(слайд)

«Әсемпаз болма әрнеге», «Жасымда ғалым бар деп ескермедім».



б) «Абай аудармашы».(слайд)

Крылов: «Бақа мен өгіз», «Аққу, шортан, һәм шаян» (Бұл өлеңді физикамен қалай байланыстыруға болады).

Лермонтов: «Қараңғы түнде тау қалғып», «Утес» (Мына өлеңдерді физикамен қалай байланыстыруға болады). «Молитва»

Абайдың Пушкиннен аудармасына шолу

«Татьянаның Онегинге жазған хаты».

Абай аудармаларының физикамен байланысы






в) «Абай – лирик».(слайд) Абайдың жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерінен үзінділер оқу:

Сұрақ: Ақынның «Күз», «Қыс» өлеңдерін оқығанда қандай физикалық құбылыстарды байқадыңдар?

г) «Абай – композитор»(слайд)

Оқушылардың орындауында ән – «Желсіз түнде – жарық ай» (Әннің қай шумағында физикалық құбылыс сипатталған).

Табиғат лирикасындағы физикалық құбылыс



I. Сабақты бекіту:

1. Абайдың қай қара сөзінде жастарды оқуға, білімге шақырады?
2. Абай кімнің еңбектерін аударды?
3. Абайдың қандай өлеңдерінің тәрбиелік мәні зор?

II. Сабақты қортындылау.

а) Сонымен бүгінгі сабағымыздан қандай әсер алдық?

Олай болса, Абайдың қара сөздері қанша жүз жыл өтсе де, жаңа ғасыр ұрпақтарына беретін тәрбиелік мәні зор.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Байтұрсынов. «Тіл құралы», Алматы.
2. Педагогическая сочинения.-М,1990.- 418с.
3. Выготский Л.С..Избранные психологические исследования.-М, 1958.-12с.
бағдарламасын бастан өткерді. Сауда класы төртінші/бесінші сыныпқа бөлінген сынып болды. Әрбір эксперименттік филиалда бір мектеп бақылауы болды.

Жеке мектеп үшін эксперименттік топта 31 оқушы, бақылау тобында 29 оқушы болды. Мемлекеттік мектепте эксперименттік топта 20 оқушы мен екі мұғалім болды, бақылау тобында 23 оқушы және бір ғана мұғалім болды. Мұғалімдерге бағдарламаның сипаттамасы беріліп, олармен негізгі фактілер талқыланды.

Қоғамдық мектеп джигсо топтары этникалық, академиялық қабілет және жынысты теңестірді. «Ең жақсы» достар мен «ең нашар» дұшпандар ажыратылды. Іске асыру алдында джигсолар өздерінің топтағы құрбыларымен танысып, құрдастарының тәрбиешілері ретіндегі рөлдерін жаттықтырды және негізгі идеяларды талқылау, мәнді оқу, тыңдау және маңызды ақпарат бойынша құрбыларына сұрақ қою сияқты тиісті дағдыларды жаттықтырды.

Жеке мектепте эксперименталды сынып оқушылары аптасына екі рет, төрт апта бойы күніне 90 минуттық бірлескен оқу бағдарламасын алды. Мемлекеттік мектепте эксперименттік сыныптағы оқушылар Джигсо бағдарламасын күніне бір сағат, аптасына бес күн, үш апта бойы алды. Интервенцияға дейін және одан кейінгі шаралар қабылданды. Академиялық көрсеткіштер туралы деректер тек мемлекеттік мектептен қол жетімді болды. Өзін-өзі бағалау Piers-Harris Children's Self-Concept Scale (CSCS) арқылы өлшенді. Оқушылар өз сыныптастарын олармен қаншалықты жұмыс істеп, ойнағысы келетініне қарай бағалады.

Джигсо тобындағылар үшін академиялық көрсеткіштер жақсарды. Джигсоның өзін-өзі бағалауы екі мектепте де кәсіптермен салыстырғанда, мектепті ұнату және құрдастарымен ойнау үшін өсті, бірақ жетістіктер айтарлықтай болмады. Джигсолар өздерінің салыстырмалы бақылау тобымен салыстырғанда құрдастарымен жұмыс жасауда рейтингтерін арттырды. Кооператорларды кооперативте жұмыс істеу перспективасы ынталандырмады. Джигсолар жұмысқа бағытталған қарым-қатынаста топтағы және топтан тыс құрдастарды көбірек ұнататын, бірақ кооптар үшін емес. Бағдарлама бойынша Азия-Австралия және Еуропа-Австралия балалары үшін әлеуметтік қашықтық рейтингтері төмендеді, бірақ еуропалық-австралиялық рейтингтер өсті. Зерттеу «Джигсо» әдісі австралиялық әлеуметтік жағдайларда оқу үлгерімінде, құрдастарына көзқараста және теріс пікірде оң өзгерістерге әкелетін тиімді екенін көрсетті. Екінші жағынан, бірлескен оқу жалпы теріс нәтиже берді. Ынтымақтастықтан гөрі өзара тәуелділік маңыздырақ болып көрінді.[5] Осы әдіс негізінде біз сегізінші сыныпты қамтитын эксперимент жүргіздік, онда оқушылар әлем елдерін зерттеді. Алдағы сабақ Ұлыбританияға арналды. Біз үшеуін ұсындық мәтіндер ағылшын тілінде: біріншісінде Ұлыбританияның географиясы мен халқы туралы ақпарат болды; екіншісі Лондонның көрікті жерлерінің бірі – Биг Бенді сипаттады; үшіншісі Британ мұражайы туралы әңгімеледі. Сабақтың басында біз оқушыларды "бастауыш топтар" деп аталатын 3-ке бөлдік, содан кейін біз Ұлыбритания туралы әрбір мәтінді төрт бөлікке бөлдік, содан кейін кездейсоқ түрде мәтіннің әрбір бөлігі 12 оқушыға берілді. Осылайша, әр топ Ұлыбритания туралы ақпаратты зерттеуге мәжбүр болды, бірақ әр баланың бір мәтіннің төрттен бір бөлігі ғана болды. Ұлыбритания және оның көрікті жерлері туралы білу үшін студенттер өздерінің мәтін үзінділерін игеріп, "сарапшы топтардағы" әріптестеріне қосылуға мәжбүр болды, онда олар өздерінің үзінділерін талдап, бір бөлікке біріктіріп, содан кейін өз тобындағы басқаларға үйрете алады. Әрбір "сарапшы топтың" мүшелері Ұлыбритания туралы осы аспектіні түсіну және түсіну үшін сұрақтарды бір-бірімен алмастыра алды. Осылайша, оқушылардың әрқайсысы берілген тақырып бойынша сарапшы болды. Бұл уақытта топтар "сарапшылар тобы" деп аталды.

"Сарапшы топтарда" он-он бес минут жұмыс істегеннен кейін, оқушылар өздерінің "бастауыш" топтарына оралды, онда оларға білімді бір-бірімен бөлісуге белгілі бір уақыт



бар екендігі айтылды. Сондай-ақ, соңында әрбір қатысушы Ұлыбритания туралы барлық берілген материалды игеру үшін жеке тексерілетіні атап өтілді. Барлық оқушылар оқу процесінде бір-біріне тәуелді болғандықтан, бұл процесс "басқатырғышқа" ұқсайды, онда әр оқушының "үлкен суреттің өмірлік маңызды бөлігі" болады.

Бұл әдіс кейбір артықшылықтарға ие, мысалы:

* тиімді оқу іс-әрекетіне ықпал етеді;

* эмпатияға ықпал етеді;

* командада қалыптастыру және жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді;

* зерттеу дағдыларын қалыптастырады [6].

Бұл әдісті қолданудың практикалық болуына қарамастан, оны қолдану кезінде туындауы мүмкін мәселелер бар:

* Басым оқушы. Көптеген мұғалімдер осы әдісті қолдана отырып, оқушылардың бірін көшбасшы етіп тағайындайды. Көшбасшының міндеті-оқушыларға әділ болуға әсер ету және қатысуды біркелкі бөлуге тырысу. Сонымен қатар, топтарда жұмыс істей отырып, студенттер әр оқушы сұрақтар қоймас бұрын өз материалдарын ұсынуға құқылы болса, топтың тиімдірек жұмыс істейтінін түсінеді. Осылайша, топқа деген жеке қызығушылық, сайып келгенде, үстемдік мәселесін азайтады.

* Баяу оқушы. Мұғалімдер ең аз үлгерімі бар оқушылар топтың ең нашар есебін ұсынбайтынына көз жеткізуі керек. Егер бұл орын алса, бұл әдістің тәжірибесі кері әсер етуі мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін "сарапшылар" топтары құрылады. Баяндаманы өз тобына ұсынбас бұрын, әр оқушы сол тақырып бойынша баяндама дайындаған басқа оқушылардан тұратын сараптамалық топқа кіреді. Сараптамалық топта студенттер өз баяндамаларын талқылауға және оларды сарапшылар тобының басқа мүшелерінің ұсыныстары негізінде өзгертуге мүмкіндік алады. Сондай-ақ, оқытушылар әр оқушының өз тобына ұсынатын нақты есебі бар екеніне көз жеткізу үшін сарапшылар тобын мұқият бақылай алады.

Осылайша, біз бұл әдісті мектепте ағылшын тілі сабақтарында қолдану қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға ықпал ететінін білдік. Оқушыларды табысты жандандырудың және оқу процесіне тартудың негізгі артықшылығы топтық жұмыс арқылы қол жеткізіледі, бірақ тиімдірек нәтижелерге қол жеткізу үшін оқытушы тапсырмаларды орындау кезінде туындайтын мәселелер мен мәселелерді анықтау мақсатында шағын топтарға мониторинг жүргізуі қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. - Алматы, 2005. – с.264.
- 2.Послание Президента РК народу Казахстана «Казахстанский обучения путь – 2050: Единая организации цель, единые критического интересы, единое мышления будущее, Астана» грамматически от 17 января 2014 разнообразной года.// Газета коммуникативных Казахстанская правда. – 2014.
- 3.Aronson, E. (2000-2008). Jigsaw Classroom: Overview of the technique.
- 4.Hänze, M., & Berger, R. (2007). "Cooperative learning, motivational effects, and student characteristics: An experimental study comparing cooperative learning and direct instruction in 12th grade physics classes". Learning and Instruction. 17: 29–41.
- 5.Walker, Iain; Crogan, Mary (1998). "Academic performance, prejudice, and the jigsaw classroom: new pieces to the puzzle". Journal of Community and Applied Social Psychology. Wiley. 8 (6): 381–393. Doi 10.1002/(sici)1099-1298(199811/12)8:6<381::aid-casp457>3.0.co;2-6. ISSN1052-9284
6. Ross, J.&Smythe, E.(1995). Differentiating cooperative learning to meet the needs of gifted learners: A case for transformational leadership. Journal for the education of the Gifted, 19, p. 63-82.



СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІК

Қамза Дәмежан Қоянбайқызы

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі факультеті
 Өлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
 Ғылыми жетекші: Матаева Асыл Камчыбековна
 Павлодар, Қазақстан

Аңдатпа. ХХІ ғасыр қоғамында гендерлік теңсіздік тақырыбы бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Бұл мақалада Ертіс–Баян өңірінен шыққан, қазақ әдебиетінің даму тарихында құнды әдеби мұра қалдырған қаламгер-ақын, ағартушы, публицист, қоғам қайраткері Сәбит Дөнентаевтың шығармашылығындағы гендерлік теңсіздік тақырыбы қарастырылады. Жұмыстың мақсаты Сәбит Дөнентаевтың шығармаларындағы әйелдер бейнесін, қоғамдағы гендерлік мәселесін зерттеу болып табылады. Осы орайда қаламгердің өлең, әңгіме, очерктері талданады

Тірек сөздер: қазақ әдебиеті, гендерлік теңсіздік, әйелдер бейнесі, қоғам

Гендерлік теңдік – бұл ерлер мен әйелдердің қоғамда тең мүмкіндіктерге, құқықтарға және мәртебеге ие болуын көздейтін принцип пен идеал. Бұл принцип жынысқа өмірдің барлық салаларында теңдікке қол жеткізуге кедергі болмауы керек деген сенімге негізделген.

Көптеген қоғамдарда кездесетін басты мәселе – әйелдер әртүрлі салаларда ер адамдармен салыстырғанда әлі де кемсітушілік пен шектеулерді сезінуде. Әйел – тек қыз, ана, жұбай ғана емес, сонымен қатар қоғамдық және кәсіби өмірдің белсенді қатысушысы. Заман талабына сай әйелдер ер азаматтармен қатар үлкен жетістіктерге жетіп, саясатта белсенділік танытып, өз мүдделерін қорғап, қоғамдағы теңдік пен әділеттілік үшін күреседі. Алайда, барлық жетістіктерге қарамастан, әйелдер әлі күнге дейін жыныстық белгісіне қарай түрлі мәселелер мен қиындықтарға кездесетіні белгілі. Қоғамдағы стереотип бойынша әйелдер көбінесе отбасы мен үй шаруасына жауап беретін адам, сондықтан бұл олардың мансаптық мүмкіндіктері шектеліп жататыны да ешкімге жасырын емес.

Қазақ халқында «қалың мал», «әмеңгерлік», «қыз баласын күштеп тұрмысқа беруі», секілді, ескірген салт – дәстүрлер мен қазақ халқында келесі ұрпағы ұл болғандай, қыз балаларына «Ұлболсын», «Ұлдана», «Қызтумас» сияқты аттар қою гендерлік теңсіздікті жою ретінде есептей аламыз.

Талдау барысында осындай бағыттарда жазылған ақын – жазушылардың поэзиясында, прозалық шығармаларындағы гендерлік және феминистік мәселелерді саралауға тырыстық. Зерттеу материалы ретінде қазақ әдебиетіндегі қыз, әйел, ана тақырыбындағы жазылған шығармаларды қарастырдық. Қазақ қоғамындағы әйел тақырыбын алаш зияларының әдеби шығармалары мен публицистикалық мақалалары арқылы әдеби теориялық және гендерлік аспектіде талдап, қол жеткізе аламыз.

XX ғасырдың басындағы әдебиет өкілдерінің жырлап өткен көкейтесті тақырыптарының бірі – әйел теңсіздігі мәселесі. Бұл бағытта жазылған шығармалар қатарына Б.Майлиннің «Күлтай болыс» (1925), «Раушан – коммунист» (1923), С.Ерубаетынның «Менің құрдастарым» (1934-1937) С.Мұқановтың «Ботагөз» (1948) шығармаларын жатқыздыра аламыз. Бұл кезеңдегі жазушыларға тән ортақ ерекшелік – қиындықтарды жеңе алатын, ержүрек, мықты, қоғамға қарсы тұра алатын, мүлдем жаңа сипаттағы әйел бейнесін қазақ әдебиетінде қалыптастыру. Шығармаларға зер салатын болсақ, кеңес өкіметі кезіндегі көркем шығармаларында әйелдер көбі коммунистік идеяға берілген бір текті бейнелер. Кеңес заманындағы гендерлік саясаттың мақсаты – әйел қауымын саясатқа, қоғамға тарту болып табылады.



Мұхтар Әуезовтің «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласында: «Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағлымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!» деген сөзі әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. [1] С.Көбеевтің «Қалың мал» (1913), Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» (1915), М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» (1921), Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» (1926), С.Сейфуллиннің «Айша» (1922, 1935), С.Мұқановтың «Адасқандар» (1931) шығармаларында әйел кейіпкерлердің бәрі – бас бостандықтарынан айырылған, қайғы-мұңға батып, өз бақыты үшін күрескен жандар. Бұл кезеңдегі шығармаларға тән ортақ қасиет – қыздардың алдын ала атастырылуы немесе байлық үшін өзіне тең емес адамға «сатылуы».

«Бақытсыз Жамал» романы әйел еркіндігі мен сауаттылығы мәселесін тұңғыш көтерген туынды. Қазақ әдебиетінде гендерлік теңдікке ұмтылу нышандары күйеуінен қорлық көрген Жамалдан басталса керек. Міржақып Дулатов роман жазып қана қоймай, 1916 жылы «Ақ жол» газетіне «Әйел теңдігі» атты мақаласын жариялайды. Бұл мақалада автор: «Қазақ-қырғыздың әйелге көзқарасы белгілі. Бірақ жалпы жұрт «осым теріс екен-ау деп, бұл күнге шейін мойындап тұрған жоқ. Сондықтан әйел мәселесін қолға алып, әйел теңдігін іске асырамыз деген соң, бұл туралы халықтың теріс назарын өзіне баяндап отыру қажет деп білеміз» деп жазады [1].

Гендерлік теңдік тақырыбында алаш зияларымен қоса, осы мәселеге көз жұма қарай алмаған, әйел адамдардың жанайқайын бірге үндеп, ХХ ғасырдың басында әйел қауымының мүддесін қорғаған жанашыр ақындарының бірі – Сәбит Дөнентаев.

Сәбит Дөнентаев – ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетінің тарихында үлкен орын алатын ағартушы – демократ ақындарының бірі. Оның поэзиясы терең мазмұнды, астарлы ойлы болуымен қатар, ешкімге ұқсамайтын ақындық ерекшеліктері бар. Ақындылығының бір қыры өз шығармаларында сатиралық жанрды дамытуы. Оның поэзиясының тілі таза, қарапайым және бейнелі де көркем. Ол өзінің шығармалары арқылы қарапайым халықтың өмірін, тұрмыстық хал – жағдайын мен кеңес дәуірінің өмір шындығын боямасыз қалпында, сыншыл реализм сарында суреттеп, жырлаған.

Сәбиттің өлеңдері біразында әйелдердің теңсіздігін, әсіресе қазақ қыздарының қалың мал салтымен сүймегеніне еріксіз барып, тіпті кейде өзінен екі-үш есе үлкен шалдардың тоқалы болып, бар өмірі азап шегіп, қайғы-қасіретпен өтетіндігі, олардың келер күннен күтер үмітін, арманын суреттейді. Сондай сарында жазылған өлеңдерінің бірі – «Жәмила қыз». Малқұмар Төкіш қызын Жәмиланы жас жігіт кедейге бермей, қалың малды мол берген алпыстағы Берден шалға сатқанын ақын сықақтайды. Өлеңінде ақын:

Алпыстағы жасына,
Боз қыраулы басына
Қарамастан қарқылдап,
Уағда қылды, қол соқты,
Әлдекімді сор соқты.
Жәмиласы зарлап жүр,
Көзден жасы парлап жүр,
Кім тиді екен сорлыға?
Жақтырмаған апасы,
«Түк білмейсің, шатасын!»
Деп әкесі болды ма?
Шайтан алсын, шал алсын
Төкең байғұс мал алсын. –

деп қызың малға сатқан Төкіштей дүниеқоңыз адамды, тек бір ғана Төкішті ғана емес сол замандағы байлардың топастығын мен надандығын әшкерелей, өткір сынға алып, сонымен қатар еріксіз мал орнына салтылған қызы Жәмиланың аянышты хәлің айқындап суреттейді.



«Дәметкен мен Ұмсындық», «Өсек қадірі азаюда», «Дәуітбек», «Құсайынның арманы», «Қаржаубайдың ашуы», «Сүлейменнің нануы» сияқты біркелкі әңгімелі өлеңдерде қалың мал арқылы жас қызға үйленіп, тоқал алмақ болған кейбір шалдарды, өзінің ата-тегінің мен қара басының қамын ойлайтын Дәуітбек, Құсайын сияқты бай балаларының мінез-құлықтарын әшкерелейді.

«Ерікті Айша» өлеңінде жастайынан шешесінен айырылып, үй-тірлігімен жүріп, 14 жасында малға сатылып, бір шалдың тоқалы болған Айша есімді қыздың тағдыры жайлы жазылған. Бейкүнә жанның тағдыры қаншалықты оған қатал екенін көрсете отырып, әйел адамдардың мұның бейнелейді.

Ерікті Айша,
Толған айша
Жарқылда да жарық бол!
Басқа Айшалар,
Сендер де бар,

Күндіктен шық, қарық бол! –

деп ескелік дәстүрдің құрбаны болған әйелдерге күш-жігерлерін арттырып, әділетсіздікке қарсы шығып, өздерінің бақыттарын үшін күресуге үндейді.

Ал өзінің «Әйелдердің он жылдық тойына» атты өлеңінде:

Құтты болсын тойларың!
Орындалсын ойларың!
Еркекпен тездеп теңелсін,
Білім мен қызмет бойларың! –

деп қаншама жылдар бойы қайғы – қасіретте өмір сүрген әйелдердің аңсаған армандарына жетіп, теңдіктің дәмін сезген әйелдер қауымының қуанышына ортақ болып, осы өлең шумақтарын шығарған.

Ақындық жолында Сәбит Дөнентаев әйел бейнесінің генделік аспексісі тақырыбына көп көңіл бөледі. Өзінің саяси – публицистикалық мақалалары мен оқшау әңгімелерінде қазақ әйелдерін ескі феодалдық әдет – ғұрыпты ұстаушыларға қарсы аяусыз күрес ашады. «...Әйел табының да адам баласы екенін, олардың ойласы ақыл, сөйлесе сөзі, істесе жұмысы еркектен кем болмайтындығын заман тәжірибесі мойындатып отыр... Бірақ амал бар ма, қазақ әйелдері (әйелдері түгіл әйел қамын ойлайтын еркегінің бірсыпырасы) теңдік деген ұлы мәнді, кең бақытты, қасиетті сөзді шолақ түсініп, «бай таңдау» деген ұғыныстан асыра алмай жүр. Ол ұғыныстың өзін орнына келтіріп жүрсе, бір сай болар еді... Бұлай болғанда, теңдік деген сөз жалғыз бай таңдауда емес. »[3] деп «Әйел теңдігін қалай ұғыну керек?» атты әңгімесінде «теңдік» сөзінің мәнін мен мағынасын ашады.

«Қазақ әйелдері әм сауатсыздық» еңбегінде «Қазақ әйелі әлі күнге малша сатылып жүрсе, әлі күнге бостандықтың қадірін біле алмай жүрсе, соның бәрі қараңғылықтың – надандықтың салдары...»[3] деп әйел адамдардың сауатсыздығын жою мәселесін көтеріп, оларды өнерге, білімге, еңбекке, оқуға шақырады.

Қорытындылай келе, гендерлік теңсіздік елімізде қана емес, әлем бойынша өзекті мәселелерінің бірі. Қаншама жылдар, ғасырлар өтсе де әйелдерге әлі күнге дейін өмір жолында қоғам жағынан көптеген қиындықтарға, шектеулерге, қысымға тап болады.

Гендерлік теңсіздік – әлеуметтік теңсіздіктің түйінді бір мәселесі. Сан ғасырдан бері ойшылдардың жан күйзелісіне айналған бұл мәселені ақын Сәбит Дөнентаев өз шығармашылығында үзілмес тақырыбына айналдырды. Бірде монолог, бірде диалог, бірде кейіпкер мұңы, келесінде кейіпкер шаттығы формасында жырлау арқылы қазақ даласын ескілік шырғауына матаған әлеуметтік мәселелерді қозғай білді. Қаламгер басына бостандық, еркіндік алып, ерлермен теңелген қазақ әйелдері мен қыздарының еліміздің қоғамдық өміріне белсене араласып, жаңа өмірге өз үлестерін қоса бастағанына қуанып, енді олардың ескілікке бой бермей, қалыңмалға жол бермейтіне сенеді. Осы тұрғыда Сәбит Дөнентаевтың ХХ ғасырдағы әйел қауымына арнап жазған хаттары бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан емес.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Адаева А. Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №3, 2023. – 85 б.
2. Ақмұқанова Б., Базарбаева М., Дүйсенбаев И., Исмалов Е., Кенжебаев Б. Сәбит Дөнентаев. Алматы: Көркем әдебиет, 1957. – 427 б.
3. Дөнентаев С. Ұрпағыма айтарым: Өлең, әңгіме, очерк, фельетон, мақала, естеліктер. Алматы: Жазушы, 1989. – 304 б.
4. Арын Е., Нұхұлы А., Құдабаев А. Сәбит Дөнентаев. Павлодар, 2003. – 128 б.
5. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. Алматы: Білім, 1993. – 248 б.

UDC 37.032

**METHODS OF FORMATION OF PROFESSIONAL LEXICAL COMPETENCE OF
FUTURE FOREIGN LANGUAGE TEACHERS**

Smagul Kundyz Muratkyzy

Master student of the World Languages Department, M.Kh.Dulaty Taraz State University
Scientific advisor – Kudabaeva P.A
Taraz, Kazakhstan

***Abstract:** The article discusses the methodology for the formation of professional lexical competence of the future foreign language teachers in home reading classes. The author's definition of this phenomenon is given, the results of testing students are given, the basic principles for the selection of professionally oriented English texts are presented, plot, thematic and developing problem situations used to form the professional lexical competence of students are described.*

***Keywords:** vocational training, future teacher of a foreign language, informative process, game technology.*

The present time is marked by the processes of integration and rapprochement of states, languages, nations and cultures. In these conditions, the prestige of learning a foreign language increases. Pedagogical, Linguistic, Universities focus their efforts on training a competent teacher of a foreign language who is able to effectively build the educational process in Subject. Students' readiness for real professional foreign language communication is important Language Education in Higher Education which on the one hand, is socially significant, and on the other hand, it is methodically justified.

A special place in the system of professional training of a foreign language teacher is occupied by professional lexical competence, under which We understand "a professionally significant integrative quality of a linguistic personality, a composite part of professional competence, the linguistic basis of foreign language communicative competence, formed on the basis of theoretical knowledge, practical skills and abilities, the formed ability and readiness to use the vocabulary of the studied of the foreign language being studied in the process of performing pedagogical activities.

Successful professional activity of a foreign language teacher presupposes the possession of a fairly extensive amount of lexical material and free operation of it in the process of pedagogical activity. Very often in their daily routine In pedagogical practice, the teacher faces various problems, new situations that speech response and various knowledge. What should a teacher do? Should he limit himself to a set of typical phrases? In this case, the opportunity to use a foreign language as a means of communication, the opportunity for benevolent communication, will be missed conversations with students and joint resolution problems, including those not necessarily related to educational material.



An analysis of the results of students conducting teaching practice at school showed that it is not always the future teacher manages to use specific reasons for unprepared speech, create in class natural atmosphere, provide an adequate verbal response to a situation that goes beyond educational topics (being late, cheating, distracting students' attention, etc).

It becomes obvious that the problem of development professional lexical competence of the teacher foreign language in the educational process of a pedagogical university at the language department requires solutions.

Solid foundations of lexical competence must be laid already at the initial stage of training, since the initial stage is transitional to mastering professional knowledge and provides the opportunity to successfully master the educational program in the future. The importance of lexical knowledge, skills and abilities increases significantly in the second year of study at a university, which is due to the tendency to switch to unprepared speech to express one's own thoughts. In addition, the transition to two-stage system of professional training within the bachelor's degree has led to a reduction terms of study, which accordingly determines the need for early specialization of the educational process in higher education.

In the theory and methodology of foreign language education the main conditions for the process of teaching foreign language professionally oriented vocabulary have been identified: highlighting in the process of preparing for classes the lexical features intended for study material, focusing students' attention on the methodological and didactic aspects of the lesson; for the presence of a professionally oriented system of types activities of students in the classroom (for example, independent preparation and conduct by students fragments of the lesson, their comprehensive analysis, identifying errors and searching for their possible causes; development of variants of test tasks by students themselves, questions on the topic being studied and their discussion; creation of visual aids on the studied topic and their presentation). It is especially important to increase the level of motivation of students; for this purpose it is used in classes, in particular, for home reading, professional directed literature, which particularly emphasizes the importance of a teacher's work.

Generalization of the results obtained in the study allows us to formulate the following conclusions.

1. Professional lexical competence future foreign language teacher as a significant the integrative quality of a linguistic personality can be formed in the process of working with professionally relevant texts for home reading at a specialized pedagogical university.

2. The author's technology for developing the professional lexical competence of a future foreign language teacher creates optimal conditions for student self-realization in foreign language teaching activities.

3. The developed model for the formation of professional lexical competence of a future foreign language teacher allows us to ensure the maximum possible transition from educational activities to professional ones.

Table

Conclusion: I realized that the selection of lexical material directly depends on the correspondence of texts and speech situations to the professional interests of future bachelors, therefore the content and organization of training English in home reading classes were practically subordinated to this goal.

REFERENCES:

- 1.[<https://articlekz.com/en/article/29877>]
- 2.[<https://cyberleninka.ru/article/n/the-project-methods-as-a-means-of-forming-research-culture-of-future-foreign-language-teachers/viewer>]



ШӘДІ ЖӘҢГІРҰЛЫНЫҢ «НАЗЫМ СИЯР ШАРИФ» ҚИССАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мамирбаева Аида Алтынбекқызы

Қазақ филологиясы мамандығының 1 курс магистранты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ғылыми жетекші: Мәтбек Нұрсұлу Қурманбекқызы

Алматы, Қазақстан

Аннотация: Әдебиетіміздегі эпикалық жанрға жататын жырлардың бір тобы – діни қисса дастандар. Діни қисса-дастандар ХХ ғасыр басындағы негізгі әдеби бағыттардың бірі. Бұл бағытта әрқилы ақындар мен олардың еңбектерін айта аламыз. Бұл ақындарға тән ортақ бірнеше басты белгілері де бар. Ең алдымен, шығыс шайырларының еңбектерін, әдебиетін жетік меңгергені, сол дәстүрден нәр алған. Діни тақырыптағы шығармалар тек діни ілімге ғана үгіттемейді. Олардың айтар ойы, берер тәлімі, үлгі етерлік оқиғалары да бар. Діни-ағартушылық ағым өкілдерінің бірі – Шәді Жәңгірұлы. Жанрлық, тақырыптық жағынан өзіндік орын алатын Шәді Жәңгірұлының шығармалары қазақ әдебиетіне мол үлес қосты. Мақалада ақынның Мұхаммед пайғамбардың өмірін, пайғамбарлық жолын жырлайтын «Назым сияр шариф» қиссасының тақырыптық, құрылымдық сипаты, жырлану ерекшелігі сөз етіледі.

Тірек сөздер: кітаби ақын, қисса, пайғамбардың өмір жолы, тақырыптық ерекшелік, дәстүрлі жазба әдебиет, діни-ағартушылық әдебиет.

Қай заманда да, қай елде де әдебиет пен дінде мақсат бір болса керек. Өйткені әдебиетте де, дінде де биік адамгершілік идеясы алғашқы орында тұрады. Заманға, қоғамға ар-ұяттың, адалдықтың, әділдіктің тағы сол секілді барлық ізгі қасиеттің иелері үлгі етіледі. Сонымен екеуі де татулықты, ел бірлігін, адамзат туыстығын сақталуын тілейді. Дін адамзат тарихындағы үлкен мәдени серпілістердің қайнар көзі. Мұны ғылым да теріске шығармайды. Шығыс сюжеттеріне құрылған қисса-дастандар қазақ халық ауыз әдебиетінің бай саласына айналып, өзіндік мәдени, тәрбиелік, эстетикалық рөлін толығынан атқарды. Кітаби ақындардың шығыс шайырларын үлгі етіп, қазақ әдебиетіне енгізу арқылы біршама назар аударатын жаңалықтар әкелді. Шоқтығы биік, салмағы зор тұлға болған, бірыңғай қиссашылдық, нәзирашылдық дәстүрді мақсат тұтқандардың қатарына – Шәді Жәңгірұлын да жатқызамыз. Шығыстың озық үлгілі әдебиетінің нәзирагөйлік дәстүрін берік ұстай отырып, қазақ поэзисындағы белгілі бір тақырыптарын жырлап, идея, мазмұн тұрғысынан мүлдем жаңа, төл туынды жасай білген ақын. Белгілі сыншы ғалым М.Қаратаев: «Кітаби ақындар аталатын, шығыс поэзиясының мектебіне оқыған бір топ шайырлардың ұстазы, атақты поэмаларымен өзбек, түркімен, қарақалпақ елдерінің сүйікті ақынына айналған Шәді Жәңгірұлы», – деп өзіндік пікір қалдырған болатын [1,274 б.]. Ислам тарихын жетік білген Шәді Жәңгірұлының көп жылдан бері ізденіп, пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ғибратты ғұмырын жырмен кестелеген "Назым Сияр Шариф" атты қиссасы әдебиетімізде елеулі орын алады. Мұхаммед Пайғамбарды дәріптеу, оған салауат айту дәстүрі діни ақын-шайырларға тән шығармашылық ерекшелік. Шығыс мұсылман ақындары мен ежелгі түркі ақындары да осы дәстүрді ұстанған. Әр шығармашылық иесі туындысын Алланы мадақ етумен, Пайғамбарға жыр жолдарын арнаумен бастаған.

Діни шығармаларда бар дәстүр – Алла Тағалаға мадақ сөз арнау, Мұхаммед Пайғамбарды дәріптеу, оған салауат айту. Ислам бойынша Алла мен Пайғамбарды сүю иләһи әмір. Сондықтан да мұсылмандардың әлеуметтік низамы мен дүниетанымы Аллаға және Оның Пайғамбарына деген махаббаттың негізінде қалыптасты. Осылайша, әдебиет,



сопылық, өнер, философия мен басқа да салалар Алла мен Пайғамбарға шынайы сүйіспеншіліктің негізінде сомдалып шықты. Бұл сарын әсіресе әдеби туындыларда айқын көрінеді. Жыр-толғауларда Аллаға мадақпен бірге Пайғамбарға да салауат қоса айтылады [2, 231 б.].

Тақырыптық атауына тоқталар болсақ, «назым» – парсы әдебиетінің ықпалымен қалыптасқан, жыр, өлең деген мағынаны береді. Шығыс поэзиясында өлеңмен жазылған шығарманы «назым» деп атаған. «Сияр» деп Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өмірбаяны жазылған кітапты айтады. Орта ғасырда бұл кітап Бұхар, Самарқанд, Қарнақ, Түркістан сияқты медреселерде он екі пәннің бірі ретінде оқытылған. Содан білім алғандар қазақ сахарасында пайғамбарымыз жайлы көп қиссалар мен аңыздардың жайылуына түрткі болады. Жыраулар ел арасындағы жиын-тойларда міндетті түрде пайғамбардың өмірінен насихат айтуды дәстүрге айналдырған. Соның арқасында «Киік», «Қақпанға түскен киіктің хикаясы», «Қисса ан-хазірет Расулдың миғражға қонақ болғаны», «Көдек бала қиссасы», «Бозторғай», «Ыбырайым қиссасы», «Қисса Мұхаммед Расул Алланың дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат еткен мәселесі», «Мұхамбет пайғамбар» сияқты қисса-дастандар көптеп жарық көрді. «Сияр Шәріпті» тыңдаған ел-жұрт пайғамбардың кемел қасиеттерін әртүрлі қырынан тани бастады. Ал «шариф» сөзінің мағынасы – атақты, ізгі, мейірбан, таза дегенді білдіреді.

Ғалым Қ.Тәжиев: «Шәді ақын шығармасына ат қоюға да ерекше көңіл бөлген. Назым деген – өлең (жыр), поэзия, нәзік сезімді, наз түрінде, шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі, сияр – Пайғамбарымыздың өзі туралы айтқан тарихи тұрғыдағы сөздері, яғни хадис шарифтері мен сахабаларының кейінгілерге айтқан ақиқат хабарларынан жинақталған өмір тарихы, ал шариф – арабтың «ашраф» және «шурафа» сөздерінің жекеше түрі, яғни «көрнекті», «ізгі ниетті» деген мағына беріп, Мұхаммет Пайғамбардың немересі әл-Хасан ұрпақтарын ғана атаған, ал сайидтерді оның інісі әл-Хұсайын ұрпақтары деп бөледі. Шариф деп бастапқыда мұсылман ақсүйектерін, яғни арабтардың жаңа жерлерді жаулап алуы барысында пайда болған жаңа билеуші топ ретінде қалыптасқан белгілі әулет басшыларын атау үшін қолданылған. Кейін Мұхаммет Пайғамбардың өлімінен соң пайда болған ағымның насихатының ықпалымен Шариф термині бірте-бірте Мұхаммет ұрпақтарына қатысты қолданыла бастайды. Бұл Мұхаммет Пайғамбарды құрметтеудің бір жолы болып табылды. Алайда шарифтердің көпшілігі дүние қумай кедейшілікте ғұмыр кешті. Бұл – Пайғамбардың қасиетінің бірі. Сонымен «Назым Сияр Шариф» – Алланың соңғы Елшісінің өз аузынан шыққан және оның сахабаларының көзімен көріп, есіткен аса көрнекті де ізгі ниетті тарихының ақиқат шындығы туралы жазылған нәзік сезімді, назым түріндегі поэзия. Мұнда автор тарапынан көркемдеу мен әсірелеулер, өз тарапынан қосып-алар пікірлер болмайды немесе күдікті, сенімсіз әлдебір екіұшты ой, пікірлер айтылмайды» [3, 16 б.], – деп шығарманы жазудағы автор жауапкершілігінің өзгеше деңгейде болғанын атап көрсетеді. Туындыда баяндалып отыратын оқиғалар жеке-жеке тақырыптармен беріледі.

Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» шығармасы туралы: «Пайғамбарымыз Мұхамметтің туғаннан бақилық болғанға дейінгі өмір жолы суреттелген. Ол кісі кіммен дос, кіммен күреңқабак болды, кәпірлермен қалай күресті, дінді қалай насихаттап, мұсылмандарды қалай қолдады, қанша баласы болды, кімнің тәрбиесін көрді, қанша рет некеленді, әке-шешесі кім және туыстарының жырда көрініс табатындығы» [4, 221 б.] айтылады. Шәді Жәңгірұлы шығармашылығынан оның діни сауатты болумен қатар, заманындағы көптеген мәселелерге діни көзқараста болған, дінді өзіне идеал еткен, дінді – ағартушылықтың, адамгершіліктің, тазалықтың қайнар көзі деп білген қаламгер.

Шығарма ешқашан өз құнын жоғалтпайды. Дін мен әдебиетт ислам тарихы және Мұхаммет Пайғамбар туралы ескірмейтін деректермен, ислам дінінің таралу, қалыптасу тарихынан негізі берік дерек мағлұматтармен рухани танымын байытып қорландыра түсетінін атап көрсетеді. Демек, шығарма көркемдік тұрғыда да, тақырыптық тұрғыда да



құнды, өзекті. Шәді өз шығармаларында тек тарихи деректерді ғана емес, халық арасында кең тараған аңыз-әңгімелерді де ұтымды түрде арқау ете білген.

Қазақ көркем сөз өнерін мазмұн мен норма жағынан байытқан Шәді Жәңгірұлы шығыс классикалық әдебиетінің назиралық үлгісін жете меңгерген, гуманистік ағартушылық бағытта дәстүрлі тақырыптарды жырлаған. Мазмұн мен түрі жағынан, идеясы мен сюжеттік желі тұрғысынан мүлдем жаңа, қолтума төл шығармалар жазған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазыналы Оңтүстік. 82-том. Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» шығармасының түпнұсқа мәтіні және оның түсініктемесі. Алты кітап. Алматы: Нұрлы әлем, 2013. -335 б.
2. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. Алматы: «Білім». 1999. - 256 б.
3. Қазыналы Оңтүстік. 80-том. Шәді Жәңгірұлы. Назым сияр шариф. Бірінші кітап. Алматы: Нұрлы әлем, 2012. -343 б.
4. Ергөбек С. Қазақтың дәстүрлі жазба әдебиеті (XIX-XX ғғ.). Түркістан: «Тұран» баспасы, 2012. -324 б.

UDC 371.314

VOCABULARY EXPANDING STRATEGIES IN TEACHING ENGLISH

Саленко Людмила Леонидовна

старший преподаватель кафедры «Германо-романская филология»
НАО «Северо-Казахстанский университет им. Манаша Козыбаева»
Петропавловск, Казахстан

Abstract: *Vocabulary is crucial for every student at any level as it improves all areas of communication namely listening, speaking, reading and writing.*

Nowadays the practice of teaching English indicates the importance of defining the most effective methods and techniques in the process of enlarging students' vocabulary as well as searching for creative combinations of existing ones leading to reasonably fast formation of language competences. A modern communicative approach to education in the field of language learning requires from English language teachers to provide students with all necessary tools to obtain the bulk of vocabulary easily through constant engagement. The given research was done into determining strategies to develop a required volume of words for the formation of language competences in teaching English through vocabulary expanding strategies and it was proved to be effective.

Key words: *Engagement, language competence, vocabulary, strategy, technique, technology.*

The research given demonstrated the attempt to explore theoretical basis of the theme, to underline the importance of expanding students' vocabulary, to determine the main characteristics of strategies to develop language competences, to give the analysis of the results of the experiment. Analyzing the obtained data of the research it is important to give emphasis to the peculiarities of communicative approach used in modern language teaching. Communication as



the primary goal prioritizes the development of learners' ability to communicate effectively in real-life situations. Learners are exposed to original language materials and engaged in meaningful, context-based activities. Communicative language teaching places learners in the center of the whole learning process, focusing on their needs, interests, and goals. Generally, it is interactive and collaborative learning when students are engaged in a number of communicative activities, often working in pairs or groups, promoting collaboration. In addition, a steadily increasing amount of work which includes learning tasks and activities designed to simulate real-life language use and encourage learners to accomplish specific goals promotes the formation of communicative competence.

According to foreign and domestic researchers, it can be stated that language competence is recognized as a basic component of communicative competence, without language competence, communicative competence cannot be formed.[1] Most scientists consider language competence as knowledge of the language system of the studied language at all levels i.e. phonological, lexical and grammatical. Some researchers include in the language competence the skills and abilities of using this knowledge in speech activity in a foreign language.[2] As the development of the concept of shows, this term denotes a set of language knowledge, skills and abilities, the mastery of which allows students to carry out foreign language speech activity in accordance with the linguistic norms of the studied language in various fields of activity and contributes to the development of language competence of students.[3]

Having considered the various classifications of methodological principles of teaching foreign languages as well as methods of their implementation, it may be underlined that the principles of teaching are the basis of the learning process. The effectiveness of the learning process mostly depends on how successfully the teacher uses these principles. Vocabulary learning strategies are special thoughts or behavior that individuals use to comprehend, learn or retain information, and specific actions accomplished by students to enhance learning the language. There are many classifications of vocabulary learning strategies. Basically, they are classified into two categories: direct and indirect strategies. Direct strategies consist of memory, cognition, and compensation, while indirect strategies consist of metacognitive, affective, and social [4] A list of vocabulary learning strategies, consisting of beliefs about vocabulary learning, metacognition, regulation, guessing strategies, dictionary strategies, note-taking strategies, memory strategies, and activation strategies was developed. These strategies can be grouped into two categories: metacognitive strategies such as planning, monitoring, evaluation and cognitive strategies such as attention, rehearsal, production [5].

Memory strategies relate the words to be memorized to previously learned knowledge using some form of imagery or grouping. New words can be integrated into existing knowledge through imagery, use of key words, grouping, association, semantic grids, etc. If a word is systematically organized before memorizing it, the word will be better remembered. The use of cognitive strategies is important for vocabulary learning because it involves an element of practice. Compensation strategies use new language for comprehension or production and are intended to help learners with limited or no vocabulary or grammar knowledge. Compensation strategies can be divided into two categories: intellectual inference and overcoming speaking and writing limitations. Metacognitive strategies provide a conscious overview of the learning process and determine the best way to plan, monitor, and evaluate learning. They are appropriate for learners who are anxious about making mistakes and therefore seek to learn from them by evaluating themselves.

The social strategy involves interacting with others to improve vocabulary learning.. In addition, learners can collaborate with their peers to learn vocabulary. Collaborating with peers also allows learners to develop cultural understanding and show empathy by being aware of the thoughts and feelings of others.[6] Affective strategies have three major subcategories: anxiety reduction, encouragement, and taking the emotional temperature. The emotional aspect of the



learner determines the success or failure of vocabulary learning. Thus, strategies for self-encouragement and anxiety reduction can support learning.[7]

Overall, learners can choose appropriate method of learning to acquire vocabulary. The learner has to process the information in short-term memory through cognitive processes. Then, through repeated exposure to new vocabulary, they will be able to transfer that vocabulary to long-term memory and retain for the future. Researchers have clearly suggested that a combination of strategies for vocabulary acquisition is more effective than adopting one specific strategy.

The formation of lexical skills today remains an urgent problem that requires a special attention in teaching. Students will properly apply vocabulary only if a teacher showing their professional qualities and knowledge provide the required tools for the formation of lexical skills. Therefore, the desire of students to replenish their vocabulary, their interest in learning foreign languages depends on how competently the work at the lesson is planned. The main task of a teacher is the complete and successful assimilation by students of the lexical minimum, which is presented in the training program, as well as its solid consolidation in both active and passive vocabulary at the initial stage of training.[8]

In addition, some researchers suggested that vocabulary development is an important aspect of language development. Therefore, working with vocabulary is one of the key elements of teaching English in schools. It is important for teachers to pay constant attention to expanding the vocabulary of students. The main principle of the organization of vocabulary expansion strategies is formed on the basis of teaching students to actively assimilate lexical material, consolidate it in speech. In secondary schools in Kazakhstan, there are various ways of teaching vocabulary in the classroom. Understanding words, recognizing them from the text and using them in speech is the main purpose of teaching vocabulary. Teachers are also faced with the fact that each student has a different level of English proficiency. In the process of our research the students were recommended to form their own vocabulary “storeroom” during the term and as a result during the year. Obviously, teachers work in classes of mixed-ability students and each student has to have their own vocabulary depository. Keeping it not only in mind and having the possibility for brushing up promotes retaining new vocabulary. Students got a set of recommendations and structures to use. Besides, learners could use their creativity.

In our research the work with vocabulary expanding strategies began with drawing up a plan that described students’ activities in their personal movement to achieve the main aim. Various aspects were used in teaching practice, such as oral and written questioning, making up questions on the text, working in pairs, interviewing friends, the use of ICT and the use of games. Applying vocabulary expanding strategies does not require changing the entire lesson, it allows the teacher to choose only one or two aspects. Lessons based on these strategies are supposed to be both entertaining and educational. Ten vocabulary expanding strategies were used in the experimental work, six of which were partially modified. The Word of the Day strategy required independence and creativity on the part of students. Which in turn apparently gave them a lot of motivation to do their work. The students had to introduce the word in a range of suggested forms. And classmates had to guess the meaning of a given word or an idiom, and then discuss the information with the new word. This strategy was aimed at expanding the vocabulary, as students not only learnt a new word, but also immediately used it in practice. Then the technique Word of the Day was transformed into more difficult tasks. Each student presented a new vocabulary story or news that was relevant to the interests of the learners. For this reason, the students were interested and enthusiastic to listen to each other and also ask questions. Word box is another strategy for teaching vocabulary that was put into practice with modifications. It is a weekly strategy that was prolonged for two weeks and then for a month and for the term. It helped students retain and use words effectively. Primarily, students submitted words they found interesting or wanted to understand better to the word box. They also presented them in the initial context. The line of work included several stages. The teacher explained the meaning of the words offered by



the students for thorough study in context, asked learners to create a non-linguistic representation of the words, organized the discussion of the meaning of the words allowing think-pair-shares, offered the students independent work to use the set of new words creatively through their own sentences, short stories, poems, dialogues. For assessing the teacher used a checklist with the words running horizontally across the margin and the class list running vertically down the side. The students used green, yellow and red cards to evaluate the procedure. Students often have only partial knowledge of the words from the vocabulary lists given to each unit of the text-book. Moreover, words can have different meaning from stage to stage that students might not be familiar with. Thus, it is important to help them become autonomous word learners through teaching, modelling, and providing various strategies that serve different purposes. We offered students to create a chart where the first column showed the word itself and they added all possible kinds of word building to create “a word family”, the next column presented contextual examples and synonyms and antonyms. The other possible columns depended on the students’ needs. In practice they used collocations, visuals had pictures, other occurrences namely if they saw or heard this word before, they described where and how they personally used it. Then students made up exercises for others to practice. We also taught our students how to use semantic mapping which proved to be effective. The “Lexical games” method is one of the most effective ways for teaching vocabulary. Lessons with the use of game elements contribute to the creation of a favorable psychological climate in the classroom, help students to see a foreign language as a real means of communication. In our research the students were given the opportunity to choose the game from the list or offer their own one prepared beforehand in a team.

The next example of using the vocabulary expanding strategies through use of authentic materials was English songs. They were used not only to replenish the lexical stock, but also to form phonetic skills or practice grammar constructions. The songs help students learn the foreign language culture, unite the class, develop creativity and encouraged a favorable atmosphere in the classroom. The strategies chosen in the study promoted meaningful communication developed language fluency, enhanced learner engagement, encouraged learner autonomy. They were adaptable to different proficiency levels.

To sum up, the structured compound approach to the choice and application of vocabulary expanding strategies promotes effective formation of students’ language competences, increases their interest and motivation and contribute to their desire for self-learning which leads to the fulfillment of basic requirements that teachers have to manage while teaching English.

BIBLIOGRAPHY:

1. Вятютнев М. Н. Понятие языковой компетенции в лингвистике и методике преподавания иностранных языков. – М., 2014. – 105 с.
2. Пассов Е.И., Кузовлева Н.Е. Урок иностранного языка. М.: Феникс, Глосса-Пресс, 2010. – 640
3. Кустова А. Е. Формирование профессионально-педагогической компетенции студентов в процессе изучения иностранного языка. – Москва, 2012. – 240 с.
4. Shahov V. P. Measuring L2 Receptive and Productive Vocabulary Knowledge. – Tomsk, 2012. - 37 p
5. Gogoi G. Vocabulary: Active and Passive Vocabulary: Various Techniques of Teaching Vocabulary. – New York, 2015. – 104–116 p.
6. Thornbury S. How to Teach Vocabulary. Longman, 2002. – 185 p.
7. Schmitt, N. Vocabulary in language teaching. – Cambridge: Cambridge University Press, 2017. – 380 p.
8. Матухин Д. Л. Использование активных методов в обучении устному иноязычному обучению // Вестн. Томского гос. пед. ун-та (Tomsk State Pedagogical University Bulletin). – 2012. – № 4 (119). – С. 104–108.

**ЗНАНИЕ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА: КЛЮЧ К НОВЫМ ВОЗМОЖНОСТЯМ****Мәді Қарақат Нұрмаханқызы**

Студент филология факультеті Мұхтар Әуезов атындағы университеті,

Ғылыми жетекші: Халмирзаев Эрбол Эркинович

Шымкент, Қазақстан

В современном мире, где глобализация становится все более проникновенной, владение английским языком становится необходимостью. В связи с этим, методы преподавания английского языка продолжают эволюционировать, отражая требования современных обучающихся и педагогов. В этой статье рассмотрим несколько современных методов преподавания английского языка, которые активно используются в образовательных учреждениях по всему миру.

Один из самых популярных современных методов - метод коммуникативного обучения. Он акцентирует внимание на развитии ученических коммуникативных навыков, делая уроки более интерактивными и практичными. Вместо того чтобы уделять основное внимание грамматике и запоминанию слов, ученикам предоставляются возможности для общения на английском языке в реальных ситуациях.

Также следует отметить метод использования технологий в преподавании английского языка. С развитием интернета и мобильных устройств, существует множество приложений и онлайн-ресурсов, которые делают процесс изучения более доступным и увлекательным. Интерактивные игры, аудио и видеоматериалы помогают студентам погрузиться в английскую среду, даже не выходя из дома.

Не менее важным является метод дифференцированного обучения, который учитывает индивидуальные потребности и особенности каждого ученика. Преподаватели адаптируют уроки и материалы в зависимости от уровня знаний и стилей обучения своих студентов, что способствует более эффективному усвоению материала.

Одним из ключевых трендов сегодня является использование интерактивных технологий в учебном процессе. Виртуальные доски, мобильные приложения и онлайн-платформы предоставляют широкие возможности для обучения и позволяют студентам развивать навыки общения на английском языке в реальном времени. Это не только современно, но и эффективно, так как молодежь все больше привыкает к цифровой среде.

Еще одним важным аспектом является персонализация обучения. Современные методы позволяют учителям адаптировать уроки под индивидуальные потребности каждого студента. Это может включать в себя использование различных стилей обучения, индивидуальные задания и даже поддержку технологий искусственного интеллекта для автоматического анализа успеваемости студентов.

Сбалансированный подход к коммуникативному методу также востребован. Он фокусируется на развитии устной и письменной коммуникации, позволяя студентам применять полученные знания в реальных ситуациях. Работа в парах и группах способствует обмену опытом и общению на английском языке, что содействует лучшему усвоению материала.

С развитием технологий и изменением образовательных подходов в мире, методы преподавания английского языка также претерпевают эволюцию. Современные подходы ориентированы на более эффективное и увлекательное обучение, адаптируясь к потребностям современного обучающегося. Давайте рассмотрим несколько ключевых методов, которые активно внедряются в современные учебные программы.

1. **Технологии в обучении:** С использованием интерактивных онлайн-платформ и приложений, преподаватели стимулируют активное участие студентов. Видеоуроки, аудиоматериалы и мобильные приложения помогают сделать процесс обучения более динамичным и доступным.

2. **Гибкие методы обучения:** Методы, такие как обучение через проекты и игры, акцентируют внимание на практических навыках. Проекты по созданию презентаций, мультимедийных материалов или сценариев содействуют более глубокому усвоению материала.



3. **Коммуникативный подход:** Сосредоточение на развитии навыков общения в реальных ситуациях стало приоритетом. Уроки с фокусом на обсуждении, ролевые игры и дискуссии помогают студентам применять свои знания в практических сценариях.
4. **Индивидуализированное обучение:** Адаптивные методы обучения, основанные на потребностях каждого студента, позволяют учителям создавать персонализированные уроки. Это поддерживает более эффективное усвоение материала и учет индивидуальных особенностей учеников.
5. **Использование лингвистических приемов:** Методы, такие как CLIL (Content and Language Integrated Learning), внедряют изучение языка через предметы, что делает обучение более контекстуальным и интересным.
6. **Интерактивные уроки в реальном времени:** Онлайн-уроки с применением видеосвязи и интерактивных досок позволяют преподавателям и студентам взаимодействовать в режиме реального времени, создавая атмосферу традиционного класса.

Одним из ключевых элементов является активное использование технологий. Виртуальные классы, онлайн-ресурсы и приложения становятся неотъемлемой частью учебного процесса. Платформы, такие как Duolingo, Babbel и Quizlet, предоставляют интерактивные уроки, игры и задания, делая обучение более увлекательным и доступным.

Метод коммуникативного обучения также набирает обороты. Учебные программы ставят целью развитие ученической способности эффективно общаться на английском языке. Уроки ориентированы на реальные ситуации, где студенты активно применяют полученные знания в диалогах, обсуждениях и проектах.

Индивидуализация обучения является еще одним важным аспектом. Адаптивные программы учитывают уровень знаний каждого студента, предоставляя персонализированные уроки и задания. Этот подход позволяет эффективно работать с различными темпами обучения и стилями восприятия информации.

Применение игровых технологий, таких как геймификация, также активно внедряется в обучение английскому языку. Это позволяет студентам учиться в игровой форме, используя элементы соревнования, наград и увлекательных сценариев, что способствует повышению мотивации и интереса.

Развитие навыков восприятия на слух и разговорной практики поддерживается использованием аудио- и видеоматериалов. Подкасты, видеоуроки и аудиокниги становятся неотъемлемой частью учебных программ, обеспечивая студентам возможность погружения в англоязычную среду.

Один из современных методов - это использование интерактивных технологий. Виртуальные классы, онлайн-платформы и приложения предоставляют возможность обучающимся получать доступ к учебным материалам в любое время и в любом месте. Это способствует гибкости в обучении, позволяя студентам индивидуализировать свой опыт в соответствии с потребностями и темпом обучения.

Неотъемлемой частью современного образования является использование искусственного интеллекта и адаптивных технологий. Программы с искусственным интеллектом могут персонализировать учебный опыт, учитывая уровень знаний каждого студента, предлагая индивидуализированные задания и обратную связь.

Таким образом, современные методы преподавания английского языка направлены на создание более эффективного, интерактивного и мотивирующего образовательного опыта. Интеграция технологий, коммуникативный подход, использование игр и адаптивных технологий содействуют формированию навыков владения английским языком в современном обществе.



В заключение, современные методы преподавания английского языка продолжают развиваться и совершенствоваться, отражая потребности и ожидания современных обучающихся. Коммуникативный подход, использование технологий, а также индивидуализация обучения играют ключевую роль в создании стимулирующей и эффективной образовательной среды для изучения английского языка. Современные методы преподавания английского языка стремятся сделать обучение более увлекательным, эффективным и доступным. Технологии, коммуникативный подход и интерактивные методы создают пространство для более глубокого погружения в языковую среду и успешного овладения английским.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Назарова Н. Б., Мохова О. Л. Новые информационные технологии в обучении иностранным языкам // Современные проблемы науки и образования. 2016. № 3.
2. Применение SMART-технологий в образовательном процессе «Образование без границ». МБОУ «СОШ №1». 2015. 20 с. [Электронный ресурс]. Режим доступа : <https://infourok.ru/primenenie-smarttehnologii-v-obrazovatelnom-processe-mobu-soshobrazovanie-bez-granic-540134.html>
3. Саркисян А. В. Использование Интернет-ресурсов на уроке иностранного языка [Электронный ресурс]. Режим доступа : <https://nsportal.ru/shkola/inostrannye-yazyki/library/2016/02/23/ispolzovanie-internet-resurov-na-uroke-inostrannogo>
4. Кизлякова Е. С. Внедрение новейших информационных технологий в обучении иностранным языкам. С.-П., 2010. 11с

ӘОЖ 82-31 (071)

С.ТОРАЙҒЫРОВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КАТОНҚАРАҒАЙ КЕЗЕҢІ

Ахмерова Ергуль Токановна

«Өрел орта мектебі» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-шебер,
ШҚО-ның еңбек сіңірген ұстазы. Катонқарағай ауданы, ШҚО

Сабырбаева Раушан Койшановна

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,
Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы
Семей, Қазақстан

АННОТАЦИЯ: Бұл мақалада қазақтың ақыны С.Торайғыровтың өміріндегі Катонқарағай кезеңіне тоқталады. Мақала авторлары сұлтанмахмұттанушы ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп қана қоймай, Катонқарағайдан шыққан шежіреші Б.Кітапбаевтың, өлкетанушы О.Қажаяевтың, сол сияқты ел аузындағы сақталған әңгімелерді де пайдаланады. Сұлтанмахмұттың Катонқарағайға келуіне себепкер болған Қаратай елінің болысы Әбдікерім Ережесұлы мен оның қызы Багила жайлы да айтылады. Даңқты жазушы О.Бөкейдің «Сарыарқаның жаңбыры» әңгімесіне шолу арқылы Сұлтанмахмұттың жеке қасиеттері ашылады.

Тірек сөздер: Алаш ардақтылары, би ұрпағы, жас шәкірт, ақын, рухани тұлға, соңғы болыс, сұлтанмахмұттанушылар, Катонқарағайда туған жырлар.



20 ғасыр қазақ даласы үшін үлкен саяси оқиғалармен басталғаны мәлім. Саяси жүйе өзгерген тұста сол жүйенің берік іргетасы білім беру ісіне тәуелді болғаны ақиқат. Осы тұста оқыған бір топ білімді, зиялы жандар шоғыры қалыптасты. Олар Абай мен Ыбырайдан, Шоқаннан басталатын ағартушылық идеяны жаңа мазмұн, жаңа формада жалғастырып әкетті. Олардың қатарында Алаш ардақтылары А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтар бар еді. Және де осы қатардан С.Сейфуллин, Б.Майлиндерді де таба аламыз. Олардың барлығы мектептерде бала оқытумен айналысқан. Оған қоса аталған тұлғалардың көбі дерлік мектептер үшін оқулықтар жазды. Ж. Аймауытов

«Психология» атты еңбегін жазса, М. Жұмабаев ұлттық тәрбиеге негізделген «Педагогика» еңбегін жазып, жаңа дәуірдің білім беру ісіне үлестерін қосты. А.Байтұрсынұлының еңбегі де өлшеусіз. Аталған тұлғалардың қатарынан Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ойып тұрып алатын орны бар. Өйткені ол жасындай жарқ етіп сөнген аз ғана ғұмырын халқының рухани оянуына, ілім мен білімге арнады. Болашақ ақын 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Ш.Уәлиханов ауданының дүниеге келген. Өз әкесі Әубәкір ел ішінде Шоқпыт атанған орта шаруалы, арабша хат таныған, адалдық жолынан айнымаған, зерделі жан болса керек. Ал Сұлтанмахмұттың тегі саналатын төртінші атасы Торайғыр Едіге бидің Шоң деген баласынан туған, өзі де - халықтың ықыласына бөленіп әділ билігі мен шешендігі арқасында құрметке ие болған билердің бірі. Кеңестік дәуірдің саясаты бойынша Сұлтанмахмұттың әкесі Әубәкірді сіңірі шыққан кедей, Шоқпыт атануына сол кедейлігі себеп болған деп көрсетіп келді. Бірақ тарихи шындық бұл көзқарасты жоққа шығарып, болашақ ақынның текті әулеттен екенін дәлелдеп берді.

Расымен де, Әубәкір отбасын асырауға қауқары жетпей жүрген жан болса, Махмұттай баласының білім алуына жағдай жасап бермеген болар еді. Шоқпыт әуелі балалары Сұлтанмахмұт пен Бәшеннің сауатын өзі ашады. Кейіннен ақынның өзі жырлағандай бірнеше молданың алдын көреді. Ол 1902-1903 жылдары Әлі молданың, 1904-1905 жылдары Тортай молданың, 1906-1907 жылдары Мұқан молданың алдын көреді. Аталған молдалардың ішінде жас шәкірттің талабын танып, болашағына бағыт сілтеген адам – Мұқан молда. Өзінің де ақындығы бар Мұқан молда талапты шәкіртін қызықтырып, талантының ашылуына түрткі болады. Сөзіміз дәлелді болу үшін ақынның тырнақалды туындысы «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» өлеңінен үзінді келтірейік. Бұл өлеңде: Аз өмірімді ақындық жолға бердім, лепес қып түкірген соң молда Мұқан, - дей келе:

Сондықтан бар мақсатым өлең жазу,
Оқуменен ірге іздеп қоса қазу
Осы ойымда өткен түн серт берілді,
Менде болмас өмірде бұл ойдан озу - деп қорытады.

Өлең мазмұнына сүйене отырып шәкірт Сұлтанмахмұттың алдына қойған екі түрлі мақсатын байқаймыз: бірі – ілім-білім жинау болса, екіншісі – ақын болу. Жасындай жарқ еткен қысқа ғұмырында Сұлтанмахмұт екі мақсатына да жеткенін оның өмірі мен өлеңдері дәлелдеп берді.

Белгілі ғалым, сұлтанмахмұттанушы А.С.Еспенбетов ақынның тырнақалды өлеңі «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» өлеңін атайды. Ғалым ақынның алғашқы өлеңін талдай келіп: «Ақынның өмірбаянының беташары «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» туындысымен С.Торайғыров болашағынан үміт күттіретін ақын екенін танытты. Сөйтіп қазақ поэзиясының қасиетті табалдырығын аттады десек артық емес» - деп тұжырымдайды [1,27].



Болашақ ақын өміріне бағыт сілтеген жандардың бірі –Нұрғали молда. Ол Троицкіден «Медресе Расулияны» тәмамдаған, өз заманының білімпаз адамы. Шәкірттеріне ғылым негіздері:математика, тарих, географиядан да дәріс берген. Болашақ ақын бойындағы талантты тани білген ұстазы шәкіртіне Троицк қаласынан білім алуға кеңес береді.Ақын Троицкіге келіп, ахун Рахманулиннің медресесінде білімін жалғастыру мүмкіндігіне ие болады.Ақын өміріндегі Троицк кезеңінің де маңызы ерекше. Мұнда білім алумен қатар өтететін әдеби–мәдени шараларға қатысады, ақындығын шыңдап өлеңдер жазады. Сұлтанмахмұттанушы ғалымдар ақынның «Оқудағы мақсат не», «Оқып жүрген жасарға»,«Анау-мынау»,«Шәкірттерге» сияқты өлеңдері осы кезеңде жазылғандығын тілге тиек етеді.Қыста өзі білім алса,жазда қала маңындағы ауылдарда бала оқытумен айналысады.Ақынның прогресстік бағыттағы журнал Айқапта қызмет етуі де осы жылдардың еншісінде. Бірақ бұл редакциядан кетіп, өз бетінше шығармашылықпен айналыспақ болады. Ақынның бұл әрекетін ғалым Б.Кенжебаев былайша бағалайды: «Сұлтанмахмұт 1914 жылдың көктемінде «Айқап» редакциясынан шығады.Өз алдына «Заман» деген газет шығармақшы болады.Бұл әрекетінен нәтиже шығара алмайды» - дейді [2 ,102].

1914 жылы туған еліне оралып,бала оқытады және жастар үшін оқу – ағарту мақсатындағы «Шоң» серіктігі ұйымын құрады.Қаражат жинаған Сұлтанмахмұт осы жылдың күзінде Семейге келеді.Бұл жайында тағы да ғалым Б.Кенжебаевтың пікіріне сүйенсек:«Сол 1914 жылдың күзінде Сұлтанмахмұт Семейге барады.Орысша оқуға түспек болады.Бірақ алдынан тағы да Қорқыттың көрі» шығады.Төменгі мектепке түсуге жасы дәл келмейді,жоғары мектепке түсуге білімі келмейді, кісі жалдап оқытуға қаражаты жетпейді.Қатты қысылады.Сонан Қотанқарағай жағына оқытушы болып келеді»-деп жазады.[2,109]

Ғалымның Қотанқарағай деп отырғаны қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Катонқарағай ауданы. Ақынның білім жолындағы талпынысы сәтсіздікке ұшыраған соң, тағы да қаражат жинау қажеттілігі туындайды. Ол туралы ақынның төмедегі мазмұндағы жазбасы сақталған.Ақын:«Қотанқарағайға кеткенім ызаға шыдамадым, ең шыны күн көру үшін кеттім. Қолымдағы қаражатым Семейде бір–ақ айға жететін болды.

Семей қанша айтқанмен қалалы, сынды жер ғой.Онда кем болып жүргенше парықсыз қазақ еліне кетейін деп ойладым» -деп жазады.Осы орайда, Сұлтанмахмұт не себепті қалаға жақын ауылдардың біріне барып бала оқытпады деген сұрақ туындайды. Мақсаты бала оқытып қаражат жинау болса,Катонқарағайда оған мүмкіндік бар еді.Сұлтанмахмұтты Шыңғыстайдағы мектепке бала оқыту үшін алдырған Қаратай елінің болысы Әбдікерім Ережепұлы болатын. Әбдікерім Ережепұлы Қаратай елінде 25 жыл болыс болған прогрессті көзқарастағы адам еді. Болыстық оған әкесі Ережептен ауысқан. Ережеп үш ұлының ішіндегі ақылды,зереқ Әбдікерімнің болашағынан көп үміт күтеді.Сол себепті баласын Санкт-Петербургтегі Орман шаруашылығы институтына оқуға жібереді.Алғыр ойлы Әлихан Бөкейханов пен Ресейдің өркениетті қаласында танысса керек.

Бірақ оқуын алаңсыз аяқтап, Әлихандар көтерілген биікке көтерілу Әбдікерімнің маңдайына жазбаған екен. Оған себеп-Ережеп болыстың жалған жаламен Омбы түрмесіне қамалуы.Орысшаға жетік, заңды жақсы білетін Әбдікерім әкесін түрмеден шығарып алады. Ары қарай болыстық мансап Әбдікерімге ауысады. Осы лауазымды Кеңес үкіметі орнағанша атқарып,соңында жаңа жүйенің құрбаны болады. Жалпы Әбдікерім туралы алғашқы деректер тек Тәуелсіздік алған жылдардан бастап айтылып,оған шынайы баға беріле бастады.



Ең бірінші дерек беруші Социалистік Еңбек Ері, ғалым, Найманның шежіресін жазған Бошай Кітапбаев. Ол «Соңғы болыс» деген мақала жазып «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған. Осы мақалада Б.Кітапбаев: «Катонқарағай ауданының Шыңғыстай болысына қараған он ауылын 25 жыл басқарған Әбдікерім орысшаға жүйрік, шешен, әнші, домбырашы, ақын адам екен. Патша үкіметі тұсында Дума мүшесі болып сайланған. Қамбар, Шабдан деген балалары Петербор мен Мәскеуде оқыған. Қақан деген өте зерек ұлы Уфадағы медреседе Б.Майлинмен бірге оқыған» [3].

Елімізде ашылған алғашқы мектептердің бірі де Әбдікерімнің ағартушылық тұлғасын асқақтатып тұр. Мектеп ашу ісіне болыс 20 ғасырдың басында кірісіп, 1904 жылы алғашқы шағын ғимаратын іске қосады. Ал негізгі ғимаратын 1907 жылы іске қосады. Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, мектеп құрылысына Қаратай елінің әр шаңырағы қатысқан көрінеді. Әр шаңырақ Алтайдың қызыл қарағайын әкеліп, арнайы шығыршықтан өткізен кезде біркелкі құрылыс материалдары пайда болған. Осы мектеп өткен ғасырдың 90 жылдарына дейін білім ордасы ретінде жас ұрпақтың неше буынын түлетіп ұшырды.

Осы мектепте ұзақ жыл еңбек еткен ұстаздардың бірі-Михайл Григорьевич Комаров. Көлік қатынасы ат қана заманда Сұлтанмахмұт қазіргі Алтай өлкесі құрамындағы Жазатыр арқылы келген деседі көнекөз қариялар. Қасындағы серігі болыстың сенімді адамы Шағиман есімді адам болғаны жайлы жергілікті ақсақал Абдолла Шегіров аудандық газет бетіне мақала жариялаған.

Сұлтанмахмұттың Катонқарағайдағы кезеңіне арналған қаншама зерттеу еңбектері барын білеміз, сол сияқты көркем әдебиет туындылары да бар. Сондай туындының бірі - Алтайдың асыл жыршысы атанған Оралхан Бөкейдің «Сарыарқаның жаңбыры» атты әңгімесі. Көркем шығарма болғанымен, Шыңғыстай аулында туып өскен жазушының әңгімесінде тарихилық сипат басым. Әңгіме «Жазатырдан елең – алаңнан аттанған қос атты Аршатыға келіп түсті» - деп басталады. Мұнда аталып отырған Жазатыр-жер атауы. Ертеде қазақ жері болғанымен, қазір Ресейдің Алтай өлкесіне қарайды. Аршаты болса, Қытаймен шекарадағы ауыл. Күні бүгінге дейін осы атауға ие. Жазушы ақынның ішкі ойы арқылы Шағиман шалды да сипаттап өтеді: «Болыс екінің біріне тапсырмайды ғой шаруасын. Бірақ Шағиман Махмұттың сирек жолықтырған шалы. Қарадүрсін орысшасы мен там-тұмдаған моңғолшасы, шүлдірлеген қытайшасы бар. Арқаның еліндей емес, діндарлығы босаң. Тамақтың алды–артынан «Құдай жарылқасын» деп бет сипағаны болмаса, күніне бес уақыт шоңқаңдап намаз оқып, құман сүйрегенін көрген емес. Махмұт бұған да қайран қалды»-дейді [4,334].

Осы шағын суреттеу арқылы үш бірдей мемлекет: Ресей, Моңғолия, Қытайдың шекарасында тұратын Қаратай қазақтарының мінез–құлқы мен дінге көзқарасын айнытпай беріп отыр. Жоғарыда ақынның Торайғырдай бидің ұрпағы екенін аттап өттік. Әбдікерімнің ел ішіндегі дауды шешуді Махмұтқа тапсыруы бір жағы сынау болса, екінші жағы сенімнен туындауы әбден мүмкін.

Ел ішінің екі азаматының біреуі екіншісінің тазы итін өлтірсе керек. Міне, осының төрелігін айтуды болыс ақын қонағына жүктейді. Сонда Махмұт: Мықтаса бір иттің құны екі күшік. Айыпкер жігіт, құныкер шалға екі күшік берсін, - деген төрелікпен даудың нүктесін қойса керек. Жазушы осы деталь арқылы ақын бойындағы биге тән қасиеттен де хабар беріп отыр деп ой түюге болады. Катонқарағайда болған жылдарында Сұлтанмахмұт М.Г.Комаровтан дәріс алып орысшасын жетілдірсе, Комаров қазақ тілінің құнарына қанады. Табиғаты тамаша жерде қымыз ішіп, сыр бере бастаған денсаулығын жөндеудің де осы кезеңде сәті түседі. Ақын, ағартушының Катонқарағайдағы кезеңімен бірге аталатын есім – Бағила сұлудың есімі.



Ол–Әбдікерім болыстың алақанына салып, әлпештеп отырған қызы. Ақылына көркі сай сұлу қызға жалындап тұрған ақынның сезімі оянады. Екі жастың осындай ынтызар сезімін О.Бөкей жоғарыдағы әңгімесінде: «Екі жас ләм деп ауыз ашқан жоқ.Іштей ұғынысты.Тілсіз табысты:« жас жүрек», «сүйем –күйем», «армандамын»,«енді кайттік,құдая,-демеді»- деп суреттейді[4].

Ақыл–парасаты мен сыр–сымбаттары үйлесім тапқан екі жастың қосылуына мүмкіндік жоқ еді. Басты кедергі Бағила сұлудың Шүйдегі Бұқабай саудагердің баласы Ақсолтан мырзаға атастырылып қоюында.Құдалыққа ықыласын берген Ережеп болыс екен.Ата сертін бұзып Махмұттың етегінен ұстауға Бағила сұлу да дәрменсіз еді. Осындай аяулы да асыл сезім екі жастың өмірінде ізсіз кеткен жоқ. Сұлтанмахмұт қаламынан ғашықтық сезім жыр болып құйылса, Бағила сұлу да тағдырын елінен ұзатылардағы айтылатын қоштасу жыры арқылы ағайын–туыс, ел –жұртына жеткізе білді.

Сұлтанмахмұттанушылар бір ауыздан «Жаңғырып Алтай тауы саласынан» өлеңінің Катонқарағайда туғанына шүбә келтірмейді.Зерделі, еркін де бұла өскен Бағила өзінің өкпе–назын, қол жетпеген арманын ұзақ толғау арқылы жеткізген.Бұл толғаудың бірнеше варианты сақталған. Толғаудың жазылу тарихына байланысты екі түрлі пікір бар.Біріншісі –бұл Бағиланың ұзатыларда айтқаны десе,екіншісі–Шүй еліне барған соң ел жұртына сағынышын жеткізген хат дейді.

Жаз жайлауым Қарасаз , Мүзбел ,Татан,

Кешір халқым , ісімде болса қатам.

Әпекем алыс жаққа бермес еді - ау ,

Атастырып кетіпті қажы атам,- деген жолдардағы сұңқары Алаштың аяулы ақыны Сұлтанмахмұт екеніне дау жоқ. Толғауда кездесетін Мүзбел, Татан, Қарасаз, Күркіреме, Қызылқайың, Көктерек сияқты жер–су аттары Катонқарағайда қазіргі күні де өзгеріссіз қолданылып келеді.Барлығы дерлік О.Бөкейдің шығармаларында кездеседі.

Қорыта келгенде, Катонқарағай кезеңі ақын өміріне не берді:

Біріншіден,ақын ел көріп,жер таныды;

Екіншіден,азамат ретінде толысып шындалды;

Үшіншіден,бала оқытып қаржы жинады;

Төртіншіден, М.Г.Комаровтай ұстаздан дәріс алып, орысшасын жетілдірді;

Бесіншіден,махаббат атты атты ұлы сезімді бастан кешіріп, жаңа жырларды дүниеге әкелді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Еспенбетов А Сұлтанмахмұт Торайғыров – Алматы,1992
- 2.Кенжебаев Б.ХХ ғасырдың басындағы әдебиет -Алматы «Білім» 1993
- 3.Кітапбаев Б. «Қазақ әдебиеті»газеті
- 4.Бөкей О. «Сарыарқаның жаңбыры»- Алматы, «Жазушы»1990



«ТЕЗАУРУС» МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Ниятова Ш.С.

Фил.ғыл.канд., қауымдастырылған профессор.

Каспий қоғамдық университеті,

Тунгушбаева Ғ.Ж.

педагогика ғылымдарының магистрі

Каспий қоғамдық университеті

Алматы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада «тезаурус» ұғымы жан ақты қарастырыла отырып, жек тұлғаға тән тезаурус анықталады.

Табиғаты күрделі «тезаурус» ұғымы ғылымда бір жағынан, ғаламның бір беймәлім, идеалды бейнесі ретінде, екінші жағынан адамзат білімдерінің сақталу жүйесі, үшінші жағынан, лексикалық құрамды ұйымдастыру тәсілі, яғни сөздіктің ерекше бір түрі ретінде түсініледі.

Тезаурусқа берілген анықтамалар қаншалықты әр алуан болса, оның теориясы да соншалықты аяқталмаған, қалыптаспаған күйде деуге болады. Әзірге ол, негізінен, идеографиялық сөздіктер мен жалпытехникалық және ақпараттық-іздістіру бағытындағы арнаулы тезаурустарды құрастыру (сөздік түзу) дегенге саяды. Дегенмен, тезаурус сияқты күрделі ұғымның әлеуеттік мүмкіндіктері аса кең болғандықтан, оны лингвистика ғылымында әр түрлі аспектіде қолдануға болады деп ойлаймыз. Соның бірі – тезаурусты тілдік тұлғаның тіл арқылы және тілде көрінуін зерттеу тәсілі ретінде қолдану.

Жеке тұлғаға тән тезаурусты зерттеу оның интеллектуалдық қабілеттерін, қасиеттерін ашып, ол туындатқан мәтіндер арқылы автордың тілмен байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

Тілдік тұлғаны оның тезаурусы арқылы зерттеудегі негізгі тәсілдерге шолу жасап көрелік. Тезаурустың қолданылу аясына тоқталмас бұрын, әр түрлі іргелі еңбектер мен сөздіктерде оған термин ретінде берілген анықтамаларға көз жүгіртейік.

«Совет энциклопедиялық сөздігінде»: «Тезаурус: 1) Лексикалық бірліктердің арасындағы семантикалық (тек пен түр, синонимдік, т.б.) қатынастар көрсетілген идеографиялық сөздік. Онда сондай-ақ, лексикалық бірліктердің сөздіктің қай бөліміне қатысты екендігі көрсетілген алфавиттік тізім қоса беріледі. Ақпараттық іздістіру тезаурустарында мәтіндегі лексикалық бірліктер стандартталған сөздермен және айтылымдармен (дескрипторлармен) алмастырылады; 2) Тілдегі барлық сөздерді барынша толық қамтып, олардың мәтінде қолданылуына мысалдар келтірілген сөздік (Тек өлі тілдердің метариалдары ғана толық қамтыла алады)»².

«Орыс тілі сөздігінде»: «Тезаурус – берілген сөздік лексикасын толықтай сипаттауға арналған сөздік»³.

«Кірме сөздер сөздігінде»: «Тезаурус – 1) тіл туралы толық ақпарат беретін лингвистикалық сөздік; 2) информатикада – білімнің қандай да бір саладағы деректердің толық жүйеленген жинағы, адамға немесе есептеуіш машинаға сол сала бойынша көмек беруге (бағдар ұстауға) арналады»⁴.

«Социолінгвистикалық терминдер сөздігінде»: «1) Ақпаратты сақтау және іздістірудің автоматтандырылған жүйелерінде қолданылатын сөздік түрі. Тезауруста

² Советский энциклопедический словарь // Под ред. А.М. Прохорова. – М.: Сов. энци., 1981, 1600 с.

³ Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – М., 2002. – 940 с.

⁴ Словарь иностранных слов. – Издание 12. – М.: Русский язык, 1885. – 607 с.



құжаттардың мазмұнын сипаттайтын және олардың арасындағы семантикалық байланысты көрсететін кілт сөздердің (индекстердің) тізімі болады; 2) Белгілі бір тілдің лексикасын заттық- тақырыптық топтар бойынша (алфавит бойынша емес) барынша толық қамтитын сөздік»⁵.

«Логикалық анықтамалық сөздікте»: «Тезаурус – бір сөзді оның өзге сөздермен мағыналық байланысы бойынша іздестіруге арналған сөздік. Тезаурустың негізгі екі түрі бар: 1) Мәтіндерге мазмұндық талдау жүргізу нәтижесінде бейнеленген және қабылданған классификациялық жүйеге сәйкес реттелген табиғи тілдегі сөздердің тізімінен тұратын лингвистикалық тезаурус сөздік; 2) Статистикалық тезаурус – белгілі бір тақырыптама бойынша алынған мәтіндерге статистикалық талдау жүргізу нәтижесінде іріктелген және бір мәтіндер мен құжаттарда қолданылу жиілігі негізінде сөздік мақалаларына топтастырылған сөздер тізімін қамтитын ақпараттық-іздестіру сөздігі»⁶.

«Тезаурус» терминіне берілген анықтамалар оның жалқы мағыналы ұғым еместігін және түрлі дереккөздерде түрліше түсіндірілетінін көрсетеді. Шет елдерде жарық көрген лексикографиялық басылымдар ол сөзге тән ең бірінші мағына, оның «қойма, білімдер мен ақпараттар қазынасы» екендігін, одан кейінгі мағынасы, «лексикалық бірліктер мағыналық белгісі бойынша топтастырылған сөздіктің ерекше түрі» дегенді білдіретінін меңзейді⁷.

Тезаурус - сөздіктердің түзілу тәсілдері мен құрылымдарын толық сипаттаған теориялық еңбектер (В.Г.Воробьев, Ю.Н.Караулов, О.Л.Каменская, т.б.) мен білімнің әр алуан салалары бойынша көптеген сөздіктер жарық көрді. Мұндай типтегі сөздіктердің бірнеше артықшылығын көрсетуге болады: біріншіден, олар берілген білім саласына қатысты лексикаға еруге, оны сансыз көп рет пайдалануға мүмкіндік береді; екіншіден, әрбір сөздік мақаланың және тұтас тезаурустың ашықтығы және оны жалпы сызба-кескіндемесін өзгертпей-ақ үнемі жаңа сөздермен толықтырып отыру мүмкіндігінің арқасында тезаурус тілде немесе белгілі бір саладағы білім жүйесінде болып жататын құбылыстарға оңай бейімделеді. Сөйтіп тезаурус сол сала дамуының кез-келген кезеңінде орын алатын өзгерістерді, тұтас алғанда бүкіл саланың күй-қалпын бейнелей алатындығымен ерекшеленеді.

Лексиканы ұйымдастыру тәсілі ретінде тезаурус жүйедегі семантикалық толықуды, лексиканың деңгейлік ұйымдастырылуын, сөздердің арасындағы қатынастар түрлерін анықтауға, яғни кілт өздер мен олардың семантикалық өріс құрудағы рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Осы жағынан алғанда Ю.С.Степановтың лексика мен семантиканы жүйелі түрде зерттеу мағынасында «тезаурустық әдіс» ұғымын қолдануын құптауға болады⁸.

Тезаурус білімді жүйелі түрде түсіну тәсілі болып табылады. «Білімнің тілдік сипаты оның тіл арқылы жүзеге асырылатындығынан ғана емес, тілдің білімге тигізетін өзіндік әсерінен де, ерекше із қалдыратындығынан да көрінеді»⁹. Тезаурус білімдердің көп қырлы (көпөлшемді) кеңістігі мен адам мүдделерінің ауқымды шеңберін қамтиды. Осылайша, тезаурус құрылымы білім құрылымдарымен байланысады. Білімдерді сақтау және ұйымдастыру тәсілдері мен деңгейлерін анықтауда қолданылатын әдістер өте көп. Соңғы жылдары тіл ғалам туралы білімдермен аса тығыз байланысатыны, сондықтан да тілдік құбылыстарды зерттеуде бұл фактіні ескермеуге болмайтындығы туралы жиі айтылып жүр.

⁵ Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. словарь социолнгвистических терминов. –Алматы: Қазақ университеті, 2002. –169 с.

⁶ Кондаков Н.И. Логический словарь-справочник. М., 1987. –624 с.

⁷ Юрина Л.В. Тезаурус политического деятеля (на материале выступлений Тэтчер в парламенте): автореф:дисс.канд.филол.наук. –М., 1992. –30 с.

⁸ Степанов Ю.С. Семантика // Русский язык. Энциклопедия. –М., 1979. –С. 291.

⁹ Брутян Н.Г. Языковая картина мира и ее роль в познании // Методологические проблемы анализа языка. –Ереван, 1976. –С. 57-76.



Білімді тілдік және энциклопедиялық деп топтастыруға сәйкес И.И.Халеева «бірінші тезаурус» және «екінші тезаурус» деп ажыратуды ұсынады. Мұндағы 1Т бастауын ғаламның тілдік бейнесінен алатын тілдік білімді қалыптастыру тәсілін білдірсе, 2Т ғалам туралы нақты білімдерге сәйкес келеді (бұл соңғы білім түрі сөздік қорға үнемі сәйкес келе бермейді). Екінші тезаурустың (2Т) қайнаркөзі ретінде мәтіндерде бейнеленетін сезімдік тәжірибе де, қызмет-әрекет те танылады¹⁰. «Бірінші тезаурус» және «екінші тезаурус» ұғымдары ғаламның тілдік және ауқымды бейнесі туралы білімдерді ұйымдастыру тәсілдері ретінде алынғанда объективтелген де, субъективтелген де (яғни тілдік тұлғаның қатысуымен жасалған) сипатта болады. «Бірінші тезаурус» пен «екінші тезаурус» өзара байланысты болады және бірінші тезаурус екінші тезаурустың ықпалымен ғана қалыптасады, бірақ екінші тезаурус та міндетті түрде, сөздікте объективтелетін бірінші тезаурусқа сүйенеді, соған негізделеді¹¹. Аталмыш тезаурустардың арасындағы байланыс тұлғаның әлеуметтік детерминацияланған тәжірибесімен, олардың уәждері және құндылықты бағдарларымен анықталады, олар өз кезегінде сол әлеуметтік-мәдени саланың базалық (бастапқы) инварианты болады.

Тезаурусты «ғалам» ретінде қарастырғанда, «адамдар арасындағы қарым-қатынас олардың тезаурусымен анықталатынын» атап өту керек. Әлбетте, ол адамдар әр алуан әлеуметтік-демографиялық топтарға жатады және жинақтай алғанда аса ауқымды ақпараттық жүйе ретінде танылатын адамзат тезаурусын құрайды. тұлғаның әлеуметтік детерминацияланған тәжірибесімен, олардың уәждері және құндылықты бағдарларымен анықталады, олар өз кезегінде сол әлеуметтік-мәдени саланың базалық (бастапқы) инварианты болады.

Тезаурусты «ғалам» ретінде қарастырғанда, «адамдар арасындағы қарым-қатынас олардың тезаурусымен анықталатынын» атап өту керек. Әлбетте, ол адамдар әр алуан әлеуметтік-демографиялық топтарға жатады және жинақтай алғанда аса ауқымды ақпараттық жүйе ретінде танылатын адамзат тезаурусын құрайды.

Адамның тіл арқылы ойлау әрекеті мәтіндерді жасау (туындату) және қабылдау арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Мәтіндердің қасиеттері, ерекшеліктері, тіл жүйесінде алатын орны сияқты мәселелерге тоқталмай-ақ, оларды зерттеуде тезаурустық тәсілді қолданудың тұлғаны тіл арқылы және тілде зерттеу ісінде берері мол екенін айтқымыз келеді.

Тезаурусты ғаламның бір сәттік үзгіні бейнелейтін сурет ретінде қарастырсақ, автордың өз дүниетанымын көрсету үшін алуан түрлі бояулар орнына жұмсаған сөздерінің жиынтығын қолданылу жиілігі бойынша реттеуге болады. Қылқалам шебері табиғатта бар негізгі алты түрлі түсті пайдалана отырып, ондаған, тіпті жүздеген түс реңктерін жасайтынын ескерсек, сөз шебері де өзіне тән ғаламның тілдік бейнесін жасау үшін осындай әдісті қолдана алады, яғни ол белгілі бір образды немесе бір сөзді алып, оған алуан түрлі мағыналық реңк үстейді де, оның мағыналық шеңберін байытады, оны түрлендіре отырып, неше түрлі метафоралық жаңа сөзқолданыстар түзеді, әр түрлі боямалар жасайды, сөйтіп өзінің индивидуалды шығармашылық контекстін бірнеше есе байытып, жаңғыртады.

Тезаурус дегеніміз – біріншіден, жиілігі бойынша реттелген сөздік, екіншіден, осындай сөздіктің негізінде айқындалған тілдік тұлғаның өзіндік бір ғалам бейнесінің суреті. Ол сурет тілдік тұлғаға тән ғалам бейнесі үзіктерімен тікелей байланыста болатын концептуалдық құрылымға негізделеді. Мұндағы концептуалдық құрылым белгілі бір жүйеге түсірілуі қиын құбылыстардан, байланыстар мен қатынастардан құралады. Ол әр

¹⁰ Каменская О.Л. Лексикологические модели. Уч. пособие к курсу «Методы структурного анализа» для студентов отделения прикладной лингвистики. –М., 1971. –С. 238.

¹¹ Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иностранной речи. –М.: Высшая школа, 1989.–238 с.



түрлі тақырыптық бірлестіктерден, полярлы және ассоциативті суреттерден, полисемия, антонимия, синонимия сияқты тілдік құбылыстардан «ситуативтік мәндердің өзгерістерінен, әр алуан ой үзіктері мен көріністерінен т.б. құралған бір тін (кілем, матрица) сияқты. Аталмыш құбылыстар мен түрленімдер шығармашылық контексте пайда болып, менталдық түсініктер, яғни ұлттық ғалам бейнесі мен тілдік тұлғаның индивидуалды-авторлық ғалам бейнесі деп саналатын жеке адамның жинақтаған білімдерінің негізінде қалыптасады.

Екіншіден, бізге жеткен туындыларда бір сөздің аз немесе өте сирек қолданылуы (бір-ақ рет бір өлеңде ғана кездесуі) ол сөздің автор үшін маңызсыз болғандығын көрсетпейді. Қолымыздағы шығармаларда аз қолданылғанымен, дәл сол сөз ақынның өмірлік ұстанымын айшықтайтын, оны ержүрек батыр ретінде танытатын, тыңдаушының жүрегін тебіренетердей ғаламат күшке ие, аса құдіретті сөз болуы мүмкін. Бұл орайда, ақынның қолымызда бар өлеңдерінде бір-ақ рет кездесетін ереуіл ат немесе қу толағай бастану сияқты сөзқолданыстарды еске түсіру жеткілікті. Өмірінде бір рет қазақ әдебиетімен, оның ішінде Махамбет шығармашылығымен танысқан оқырман, дәл осы Ереуіл атқа ер салмай деген өлең жолын қай кезде, қай жерде оқымасын (немесе естімесін) салған жерден күрескер ақын бейнесін еске алары сөзсіз, немесе Мен, мен едім, мен едім деген бір жолды естіген исі қазақтың көз алдына ауыздығымен алысқан «ереуіл ат» үстінде «егеулі найза» ұстап отырған, «Жайық үшін жандасып, Еділ үшін егесуге», «Қара қазан, сары бала қамы үшін» басын өлімге тігуге нар тәуекел еткен ер ақынның, жаужүрек батырдың бейнесі келеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Советский энциклопедический словарь // Под ред. А.М. Прохорова. – М.: Сов.энц., 1981, 1600 с
2. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – М., 2002. – 940 с.
3. Словарь иностранных слов. – Издание 12. – М.: Русский язык, 1885. – 607
4. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. словарь социолингвистических терминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 169 с.
5. Кондаков Н.И. Логический словарь-справочник. М., 1987. – 624 с.
6. Юрина Л.В. Тезаурус политического деятеля (на материале выступлений Тэтчер в парламенте): автореф: дисс. канд. филол. наук. – М., 1992. – 30 с.
7. Степанов Ю.С. Семантика // Русский язык. Энциклопедия. – М., 1979. – С. 291.
8. Брутян Н.Г. Языковая картина мира и ее роль в познании // Методологические проблемы анализа языка. – Ереван, 1976. – С. 57-76.
9. Каменская О.Л. Лексикологические модели. Уч. пособие к курсу «Методы структурного анализа» для студентов отделения прикладной лингвистики. – М., 1971. – С. 238.
10. Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иностранной речи. – М.: Высшая школа, 1989. – 238 с.

СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ЖОЛЖАКСЫНОВА А. (ӨСКЕМЕН, ҚАЗАҚСТАН) МАҒЖАН ЖҰМАБАЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЛАШ ҮНІ	3
BAIMAGAMBETOVA MANAT SASHIEVNA, NURZHANOVA ZHADYRA ZHANABERGENOVNA (KYZYLORDA, KAZAKHSTAN) THE USE OF THEATRICAL TECHNOLOGY IN THE PROCESS OF LEARNING A FOREIGN LANGUAGE	6
RSALIEVA ANAR MAKHSUTOVNA (KYZYLORDA, KAZAKHSTAN) ABBREVIATION AS PHENOMENON OF INTERNET INTERCULTURAL COMMUNICATION	8
САРБАСОВ БОЛАТХАН СЕРҒАЗЫҰЛЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР	12
АЙГЕЛОВА ЖАНАТ АЛДАШЕВНА, ЖУМАБАЕВА МЕРУЕРТ БЕРИКБОЛОВНА (ҚОСТАНАЙ, ҚАЗАҚСТАН) ГЕЙМИФИКАЦИЯНЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	16
СЕЙПУТАНОВА А.К., БЕЙСЕКЕНОВА А.К. (ӨСКЕМЕН, ҚАЗАҚСТАН) ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ НЕГІЗДЕРІ	19
СЕЙПУТАНОВА А.К., ДЖЕТЫБАЕВА А.Т. (ӨСКЕМЕН, ҚАЗАҚСТАН) МЕКТЕПТЕ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ	23
СЕРІКБАЙ ОСПАНҰЛЫ, КҮЛЗАДА МЫРЗАҒАЛИЕВА (ҚОСТАНАЙ, ҚАЗАҚСТАН) БЫБРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ «МҰСЫЛМАНШЫЛЫҚТЫҢ ТҮТҚАСЫ» КІТАБЫНЫҢ ТҮПІ- НЕГІЗДЕРІ	26
КАЗЫБАЕВА ГУЛЬЗИРА САМЫЖАНОВНА (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ҚАЗАҚ ТІЛІН КӘСІБИ БАҒЫТТА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	34
АМАНТАЕВА САНДУГАШ АСЫЛХАНОВНА, ШАУКАРОВА АҚМАРАЛ АСҚАРБЕКҚЫЗЫ (АҚТӨБЕ, ҚАЗАҚСТАН) КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ	38
АМАНЖОЛҚЫЗЫ ЖАННА, ТАЙМАГАМБЕТОВА АЛМАГУЛЬ АМИДОЛЛАЕВНА (АҚТӨБЕ, ҚАЗАХСТАН) СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И НАУКА	40
NURMUKHAMMED KOSHERBAY (ALMATY, KAZAKHSTAN) IMPACT OF FRIEDRICH NIETZSCHE'S PHILOSOPHY ON THE RUSSIAN LITERATURE OF THE "SILVER AGES"	43
ТЭСНЕБАЕВА ДИНАРА ТУРГУНБАЕВНА, БАИГАЗИЕВА НУРГУЛ КУВАТБЕКОВНА (BISHKEK, KYRGYZSTAN) METHODS AND TECHNIQUES OF TEACHING DIALOGIC UTTERANCE IN ENGLISH	47
ӘЛІБЕК Н.Ә., БУКЕНОВА Ж.С. (ТАРАЗ, ҚАЗАҚСТАН) ТІЛ МӘДЕНИ ӨРЛЕУДІҢ ҚУАТТЫ ҚҰРАЛЫ	51
САЛТАНАТ МАМБАЕВА (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН) ПЕРЕВОД И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ КОММУНИКАЦИЯ ПЕРЕВОДЧИКА	53
TASANBAYEVA ZAMIRA RUSTAMOVNA, FAYZIEVA LALA TURGUNOVNA, ABDULLINA DARIKHA SADRIEVNA (SHYMKENT, KAZAKHSTAN) MULTI-LEVEL FOREIGN LANGUAGE TEACHING AT SCHOOL	57
КРУТИКОВА ВИОЛЕТТА АЛЕКСАНДРОВНА (ПЕТРОПАВЛОВСК, ҚАЗАХСТАН) FREQUENCY OF USING PERSONAL AND NON-PERSONAL FORMS OF PERIPHRAIS	61
ОСПАНЖАН СӘУЛЕБЕК (ТАЛДЫҚОРҒАН, ҚАЗАҚСТАН) АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ	63



TAYAR ASSEM KARZHONKYZY (KYZYLORDA, KAZAKHSTAN) COMPUTER SLANG.....	69
МОЛДОБАЕВА НУРКАН БЕКТЕМИРОВА (БИШКЕК, КЫРГЫЗСТАН) КЫРГЫЗ ЭЛИНИН ЭТНОМАДАНИЙ СӨЗДҮГҮНҮН МААНИСИ ЖАНА МАЗМУНУ	71
МОЛДОБАЕВА НУРКАН БЕКТЕМИРОВА (БИШКЕК, КЫРГЫЗСТАН) СУУ-ӨМҮРДҮН БУЛАГЫ	76
ЖАКСЫМАНОВА ЭЛЬВИРА АЙТБЕКОВНА (АБАЙ ОБЛЫСЫ, ҚАЗАҚСТАН) ТОЛЫМБЕК ӘБДІРАЙЫМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ	81
АЛЫМБЕКОВА АСЕМ СЕРИКОВНА (АБАЙ ОБЛЫСЫ, ҚАЗАҚСТАН) НЕСІПБЕК АЙТҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ	85
ИЛЮБАЕВА АНАР АЙТКАЗЫНОВНА ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ АБАЙ МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ КӨРКЕМ СӨЗ ӨНЕРІНЕ БАУЛУ	88
КАЛКАБАЕВА ГУЛЬЖАН КАНАТБЕКОВНА (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) «ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІ» БАҒДАРЛАМАСЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ	92
КОЖАГУЛОВА ГАЗИЗА КАИРЖАНОВНА (АСТАНА, КАЗАХСТАН) КОММУНИКАТИВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНТЕКСТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ	93
PAVLOVA YULIYA VLADIMIROVNA (ALMATY, KAZAKHSTAN) ETHNIC SYMBOLS AS A REPRESENTATION OF KAZAKH CULTURE AND TRADITIONS	98
РЫСБҮ ШАРШЕНОВА (БИШКЕК, КЫРГЫЗСТАН) ЖОЖДОРДО КЫРГЫЗ ТИЛИН ОКУТУУДА КӨРКӨМ ТЕКСТТЕРДИ КОЛДОНУУ ЖАНА АНЫН СТУДЕНТТЕРДИН КЕБИН ӨСТҮРҮҮДӨГҮ МААНИ-МАҢЫЗЫ	101
ДОМАЛАТОВА ГУЛЬНАРА ТОЛЕУБЕКОВНА (УСТЬ-КАМЕНОГОРСК, КАЗАХСТАН) МОЛОДЕЖНАЯ ПРОЗА НАЧАЛА ХХІ СТОЛЕТИЯ: ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ	105
МОМБАЕВА КУЛШАТ ЖАРХАНОВНА (УСТЬ-КАМЕНОГОРСК, КАЗАХСТАН) ОБРАЗ АВТОРА И ОБРАЗ НАРРАТОРА В «ПОВЕСТЯХ ПОКОЙНОГО ИВАНА ПЕТРОВИЧА БЕЛКИНА» А.С. ПУШКИНА	109
МУРАТОВА АЛИЯ САИНОВНА, САМАТОВА ЖАНАР МЕНДИГЕРЕЕВНА (УРАЛЬСК, КАЗАХСТАН) СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ	113
АБДЫКАЛЫКОВА АЙСУЛУУ АЙТЫКУЛОВНА (БИШКЕК, КЫРГЫЗСТАН) ПРОФЕССОР К.ТЫНЫСТАНОВДҮН ГРАММАТИКАЛАРЫНЫН ТЕОРИЯЛЫК МАСЕЛЕЛЕРИ	117
КОЧКОРБАЕВА АНАРА ШАБДАНБЕКОВНА (БИШКЕК, КЫРГЫЗСТАН) ИЗУЧЕНИЕ ФРАЗЕОЛОГИИ В НАЦИОНАЛЬНОЙ АУДИТОРИИ	121
УТЕБАЕВА РАБИГА МАНАПОВНА, ЕСПЕНБЕТОВА ГУЛЬЖАН ШЕКЕРБЕКОВНА (ШЫМКЕНТ, КАЗАХСТАН) ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ЗАНЯТИЯХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ	125
ЛАПУНОВА ОЛЬГА ВЛАДИМИРОВНА (МИНСК, БЕЛАРУСЬ) ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ ТЕОРИИ ПОЛИФОНИИ И ДИАЛОГИЧНОСТИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ	129
BOGEMBAEVA GULYA DAULETBAEVNA SHORT TERM PLAN: TERM 2	132
КНАИРУЛЛАЕВА САХИДА НАСУРИЛЛАКЫЗЫ (АРКАЛЫК, КАЗАХСТАН) METHODS AND TECHNIQUES FOR DEVELOPING STUDENT'S MOTIVATION TO ACHIEVE IN THE PROCESS OF LEARNING A FOREIGN LANGUAGES	134



АЙТЖАНОВА МЕРУЕРТ ДӘУЛЕТКЕЛДЫҚЫЗЫ (АСТАНА, ҚАЗАХСТАН) ИНТЕНСИВНЫЕ МЕТОДЫ ПО УСТРАНЕНИЮ ПРОБЕЛОВ В ИНФОРМАЦИИ ПРИ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ	136
ОСИНСКОВА ЕКАТЕРИНА СЕРГЕЕВНА (УРАЛЬСК, ҚАЗАХСТАН) РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ КОНЦЕПТА «ЛИСА» В РУССКОЙ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЕ МИРА.....	140
МЕИРХАН ШЫРЫН ЕРБОЛҚЫЗЫ (ТАЛДЫҚОРҒАН, ҚАЗАҚСТАН) СӨЗ МАҒЫНАСЫН МЕНҒЕРТУДЕГІ СЕМАНТИКАНЫҢ РӨЛІ	144
БУРУМБАЕВА БАКЫТ САВЕТКАНОВНА (АЛМАТЫ, ҚАЗАХСТАН) ПРОЕКТ КАК ОДНА ИЗ ФОРМ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ	148
КОВАЛЕНЯ АЛЕСЯ ВАЛЕРЬЕВНА (МИНСК, БЕЛАРУСЬ) ОБ ОБРАЗАХ НЕКОТОРЫХ ЖИВОТНЫХ В ОПИСАНИИ КАЧЕСТВ ЧЕЛОВЕКА	151
СОПБЕК АРАЙЛЫМ АБДУЛЛАҚЫЗЫ (ШЫМКЕНТ, ҚАЗАҚСТАН) СТИЛИСТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ	154
АНЕФИЯЕВА АНЖЕЛА ЕРБОЛҚЫЗЫ THE ROLE OF ENGLISH INTONATION IN SOUNDING SPEECH	157
АГИБАЕВА МАДИНА АМАНТАЕВНА (КАРАГАНДА, ҚАЗАХСТАН) «JIGSAW» -ДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЕТ ТІЛДІ КОММУНИКАЦИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ	162
ҚАМЗА ДӘМЕЖАН ҚОЯНБАЙҚЫЗЫ (ПАВЛОДАР, ҚАЗАҚСТАН) СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІК	166
SMAGUL KUNDYZ MURATKYZY (TARAZ, KAZAKHSTAN) METHODS OF FORMATION OF PROFESSIONAL LEXICAL COMPETENCE OF FUTURE FOREIGN LANGUAGE TEACHERS	169
МАМИРБАЕВА АИДА АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ШӘДІ ЖӘҢГІРҰЛЫНЫҢ «НАЗЫМ СИЯР ШАРИФ» ҚИССАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	171
САЛЕНКО ЛЮДМИЛА ЛЕОНИДОВНА (ПЕТРОПАВЛОВСК, ҚАЗАХСТАН) VOCABULARY EXPANDING STRATEGIES IN TEACHING ENGLISH	174
МӘДІ ҚАРАҚАТ НҰРМАХАНҚЫЗЫ (ШЫМКЕНТ, ҚАЗАҚСТАН) ЗНАНИЕ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА: КЛЮЧ К НОВЫМ ВОЗМОЖНОСТЯМ	177
RAZIYEVA MALIKA RUSTAMOVNA (ALMATY, KAZAKHSTAN) LANGUAGE MANIPULATION TECHNIQUES IN POLITICAL COMMUNICATION	178
LESBEKOVA NAZGUL ELEKBAJEVNA (SHYMKENT, KAZAKHSTAN) PRAGMATICS OF ENGLISH AND RUSSIAN ADVERTISING SLOGANS WITHIN A COMPARATIVE ASPECT	183
NARBEKOVA ASEM ASKHATOVNA (SHYMKENT, KAZAKHSTAN) COMPUTER TRANSLATION AS AN OBJECT OF COMPARATIVE ANALYSIS (BASED ON TRANSLATIONS OF ENGLISH WORKS)	186
ОРЫНБАСАР АСЫЛАЙ АСКАРҚЫЗЫ (SHYMKENT, KAZAKHSTAN) SPECIFIC FEATURES OF “KURT VONNEGUT'S LITERARY WORKS TRANSLATION	190
SEMBEKOVA AISHA ANUARBEKKYZY (SHYMKENT, KAZAKHSTAN) CONVERGENCE OF STYLISTIC DEVICES IN THE ASPECT OF TRANSLATION (BASED ON THE MATERIAL OF MODERN BRITISH LITERATURE)	193
УТЕМБАЕВА МАЙРА МЫЛТЫКБАЕВНА (ШЫМКЕНТ, ҚАЗАХСТАН) СПЕЦИФИКА НАУЧНО-ПОПУЛЯРНОГО ТЕКСТА	196
АЗИМКУЛОВ ЕЛНУРТУҒАН МИЯТБЕКОВИЧ (АСТАНА, ҚАЗАХСТАН) АНГЛИЦИЗМЫ В КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ	200



ХАЛМИРЗАЕВ ЭРБОЛ ЭРКИНОВИЧ, ХАЛМИРЗАЕВА КУЛАНДА СЕРИКОВНА (ШЫМКЕНТ, ҚАЗАХСТАН) ЧТЕНИЕ ВСЛУХ КАК СРЕДСТВО ПОНИМАНИЯ ЗНАЧЕНИЯ ИНОЯЗЫЧНОГО ТЕКСТА	204
СЕРІКОВА ГҮЛНАЗ СЕРІКҚЫЗЫ (АСТАНА, ҚАЗАҚСТАН) ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА СЮЖЕТТІК-РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	207
СООРБЕКОВА АЙНУР ТОБОКЕЛОВНА (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН) ФИЛОЛОГДҮН ТИЛДИ ОҚУТУУДАҒЫ ПРОФЕССИОНАЛДЫҚ КОМПЕТЕНТТҮҮЛҮГҮ	212
НАУРЫЗБЕКОВА АЙНУР ЖАСКАЙРАТОВНА, ЖУМАНОВА ГУЛЬНУР ЖАНАТОВНА (КОКШЕТАУ, ҚАЗАХСТАН) ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА В ОБРАЗОВАНИИ	216
АХМЕРОВА ЕРГУЛЬ ТОКАНОВНА, САБЫРБАЕВА РАУШАН КОЙШАНОВНА (СЕМЕЙ, ҚАЗАҚСТАН) С.ТОРАЙҒЫРОВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КАТОНҚАРАҒАЙ КЕЗЕҢІ	219
«НИЯТОВА Ш.С., ТУНГУШБАЕВА Ғ.Ж. (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) «ТЕЗАУРУС» МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ	224



Научное издание

МАТЕРИАЛЫ
Международного научно-методического
журнала
«ВЕСТНИК БОБЕК»

Сборник научных статей
Ответственный редактор – Е. Абиев
Технический редактор – Е. Ешим

Подписано в печать 28.02.2024
Формат 190x270. Бумага офсетная. Печать СР
Усл. печ. л. 25 п.л. Тираж 10 экз.

